

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

МАҚАН ЕСБОЛАТОВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

Т.С. ҚҰЛТАЕВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР
ОРГАНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ**
(Оқу құралы)

2 БӨЛІМ

Алматы, 2025

УДК 340(075.8)
ББК 67.0я73
Қ74

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланған және мақұлданған хаттама №6 «19» маусым 2025ж.

Рецензенттер:

Халидуллин Ғ. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.д., профессор

Бимолданов Е.М.– Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі

Қ74 Құлаев Т.С. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы ҒЗжРБЖҰБ, 2025. – 154 б.

ISBN 978-601-360-184-7

Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттерде құқық қорғау қызметін атқарған құрылымдар тарихын зерделеумен басталған бұл оқу құралында өлкеміздің Ресейге толық қосылғаннан кейін және бүкіл жаңа тарих кезеңінде мемлекет қойнауында қалыптасып, дамыған ішкі істер органдарының тарихы қарастырылған. Автор өз еңбегінде ішкі істер органдарының құрамдас бөлігі болып келетін полиция (милиция) қызметінің негізгі бағыттарын зерделеуге ерекше көңіл бөлген.

Қазақстан Республикасы ІІМ ЖОО курсанттарына арналған аталмыш оқу құралы тарихшыларға, саясаттанушыларға, заңгерлерге, мемлекеттік қызметкерлерге және қалың оқырмандар қауымына да қызықты болады.

УДК 340(075.8)
ББК 67.0я73

ISBN 978-601-360-184-7

©Қазақстан Республикасы
М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы, 2025

6 ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ

АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРДА

6.1 Милиция органдары құрамындағы сапалы өзгерістер және олардың негізгі өз міндеттерін орындауы

Кеңес мемлекеті үшін Ұлы Отан соғысы аса ауыр сынақ болды. Керемет ерлік танытқан Кеңестер Одағының халқы мен Қарулы күштері герман фашизміне ойсырата соққы берді. Осы бір ұлы жеңісімен Кеңестер Одағы Еуропа халықтарын ұлттарды жояр құлдықтан құтқарып қалды.

Фашистік Германиямен милитаристік Жапонияның талқандалуы кеңес халқының жасампаздық тірлігін қайта түлетуіне жол ашты. Қысқа ғана мерзімде қатал соғыс зардабын жою, ел экономикасын бейбіт өмірге бейімдеу, фашистер басып алып, қиратқан аудандардағы халық шаруашылығын қалпына келтіру, кеңес халқының тұрмыс жағдайын жақсарту – еңбекшілердің ерекше міндеті еді.

Елдің соғыстан кейінгі даму бағдарламасы «КСРО халық шаруашылығын 1946-1950 жылдары қалпына келтірудің бесжылдық жоспары туралы» Заңмен белгіленді де, соған байланысты, Қазақстан халық шаруашылығын қалпына келтірудің бесжылдық жоспары да жасалды. Төртінші бесжылдықта – Қазақ металлургиялық өңдеу зауытының құрылысын аяқтау, Қарағанды көмір бассейнінде бірқатар жаңа шахталар салып, іске қосу, Екібастұзда көмір кенішін салу, Ақмоладағы ауылшаруашылық машиналарын жасайтын зауытты қосу, Қарағандыдағы металлургиялық зауыттың, Қаратаудағы тау-кен комбинатының, Жамбылдағы суперфосфат зауытының құрылысын бастау және т.б. көзделген болатын.

Осы міндеттердің сәтті жүзеге асуына қажет жағдайды қоғамның темірдей тәртібін күзететін ішкі істер органдары қамтамасыз етуі тиіс еді. 1946 жылы ІХК қайта құрылып,

соның негізінде екі дербес ведомство – ИМ және МҚМ құрылды. Бұл уақытта Қазақ КСР ИМ-де 16 облыстық, 3 қалалық, 2 аудандық басқарма, 3 қалалық, 200 аудандық және 21 поселкелік милиция бөлімшелері болды. Бұдан бөлек, ҚазКСР ИМ құрамына Еңбекпен түзету және колониялар басқармасы, 14 балаларды қабылдау-тарату орындары, 4 балалар колониясы, әскери тұтқындарға арналған 11 лагерь, Қарағандыдағы еңбекпен түзету лагері (Қарлаг), Өрттен қорғау басқармасы және Архив басқармасы болатын.

1948 жылы облыстық милиция басқармалары және қалалық, аудандық ішкі істер органдары жүйесінде тергеу аппараттары құрылды, бұл қылмысқа қарсы-күресті күшейту қажеттілігінен туындады. Милиция қызметіне көптеген майдангерлер келді. Сөйтіп, соғыс жауынгерлері құқықтық тәртіптің сарбаздарына айналды. Олардың арасында: Владимир Михайлович Журавлев, Сәлібай Құсайынұлы Құсайынов, Евгений Семенович Баранов, Закуан Абдуллоевич Исмагилов, Рустем Саудович Дугашев және тағы басқалары болды. Қылмысты іздестіру, Тергеу, СМҰК және басқа да милиция қызметтерінде ұзақ жылдар бойы тер төккен олар қазіргі құқықтық тәртіп күзетінде жүрген үлгілі ұрпақты тәрбиелеп шығарды.

Егер ұлттық құрамы жайлы айтар болсақ, соғыстың бірінші жылдары ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында жергілікті халық өкілдерінің пайыздық қатынасы аздау болатын. Мысалы, Ақтөбе облысындағы ішкі істер басқармаларында қазақтар бүкіл штаттық құрамның небәрі 37%-ын иеленді, облыста тұратын қазақтар – 49%; Гурьев ІІБ – 54%, қазақ тұрғындары – 74%, Қарағандыда сәйкесінше – 25 % және 42%, Оңтүстік Қазақстанда – 30% және 54%. 1946 жылы Қазақстанның ИМ-дегі басшылық қызметте 259 қазақ болды, оның ішінде 124 – ИМ аппараттарында, 135 – милиция бөлімшелерінде. Республикамыздың ішкі істер органдарында сол кезеңде жалпы 30 ұлттың өкілдері еңбек

етті. Соғыстан кейінгі жылдары Республика үкіметі ішкі істер органдарын тұрғылықты ұлт өкілдерімен толықтыру, қызметкерлердің жалпы және кәсіби дайындықтарының деңгейін көтеру бойынша бірқатар шаралар қабылдады. 1947 жылы басшылық лауазымдарға 74 қазақ ұсынылды, ал, 1948 жылы 259 қазақ ұсынылып, оның ішінде 82 адам – қалалық Ішкі істер бөлімінің бастығы, 12 адам – ІМ басқармасы бастығының орынбасары болып тағайындалды. 1948 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан ішкі істер органдарындағы жалпы жеке құрамның 28%-ын қазақтар құрады, милицияда – 42% болды.

КСРО ІМ-нің 1946 жылдың 14 тамызындағы Нұсқауына сәйкес, ішкі істер органдарының басшылық құрамы егер жеті жылдық білімі болмаса, жалпы білім беретін мектепте міндетті түрде оқуға міндетті болды. Қызметкерлер үшін жалпы білім беретін кешкі мектептер арнайы ұйымдастырылып, аптасына үш рет сабақтар өткізіліп тұрды. 1946 жылы осындай мектептерде 806 адам, ал 1948 жылы – 1652 адам оқыды. ҚазКСР ІМ-нің басқармасында басшылық құрамның жиналысында сөз сөйлеген 3-ші дәрежелі милиция комиссары П.П. Белюнов: «Жуық арадағы екі-үш жылда сержант, старшина шеніндегі милиция қызметкерлерінің жетіжылдық білім алуы, ал, жедел-басшылық құрамның орта білімі болуы – Республика милициясы басшылығының маңызды міндеті» деп айтты.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының деңгейін көтеру бойынша ашылған арнайы мектептер мен курстардың аясы кеңі түсті. 1945-ші жылдың 6-шы шілдесінде Алматыдағы офицерлер мектебінің қасынан ІМ аудандық бөлімдерінің бастықтарын және олардың орынбасарларын қайта даярлайтын, сондай-ақ, жедел қызмет құрамын жұмыстан қол үзбей оқытатын үш айлық курстар жұмыс істей бастады. 1946 жылы осы мектепте 194 адам оқыды, 181 адам басқа арнайы мектептерге, әскери училищелерге жіберілді, олардың ішінде 46 адам – КСРО

ІМ-нің Жоғары офицерлер мектебіне, 68 адам – Омскідегі милиция мектебіне ауысты. Республикамыздағы ішкі істер органдары қызметкерлері Ташкенттегі, Ленинградтағы ІМ мектептерінде де білім алды. 1947 жылдың қазан айынан бастап ҚазКСР Милиция басқармасында самбо күресі тәсілдерін үйрететін жаттығулар өткізіле бастады. 1948 жылы КСРО ІМ-нің Нұсқауына сәйкес, Республика Ішкі істер министрлігінде және облыстық басқармаларда қызметкерлердің заңгерлік дайындығына әр апта сайын екі сағат бөлінетін болды. 1948 жылы 11 мыңға жуық адам сабақтардың барлық түрімен қамтылды.

Милиция қызметтеріне айтарлықтай өзгерістер енгізіліп, соғыс кезінде пайда болған: әскерден және әскери өндіріс кәсіпорындарынан қашқандармен, тонаушылармен, байбалам салушылармен күрес, адамдарды әскер қатарына және көліктерді майданға жинау, бақылап өткізу жүйесін ұйымдастыру, теміржолдағы және судағы бөгеу жұмыстары, жолаушылар арасынан қылмыскерлер мен жау тыңшыларын тауып ұстау істері сияқты бірқатар міндеттер алынып тасталды.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары қылмыс деңгейінің өсуіне және қоғамдық тәртіптің жалпы жағдайына ықпал ететін соғыс уақытының жағымсыз салдарларын жою – милицияның ең басты міндеті болды. Сол кездері кісі тонау, қарақшылық, ірі ұрлықтар, алыпсатарлық секілді қылмыстар туралы жедел хабарлар жиі түсетін. Біраз мысал келтірейік. 1946-шы жылы Ақмола және Батыс Қазақстан облыстарында милиция қызметкерлері қылмыскерлерден жалпы құны 1,5 миллион сомнан асатын ақша және азық-түлік пен түрлі заттарды, 16 тонна бидай мен ұнды, 600-ге жуық ірі қара малды тәркіледі. 1947 жылы тек Ақтөбе облысында ғана қылмыскерлерден 2 млн. сомнан астам ақша, құны 121 мың сомға жуық өндіріс заттары, құны 137 мың сомға жуық азық-түлік тәркіленген еді. 1947 жылдың наурыз айында милиция органдары Қызылорда облысының Шиелі ауданында

Ауылшаруашылық артелі жарғысының өрескел бұзылғанын әшкереледі. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Жүгірәлиннің және Аудандық атқару комитетінің төрағасы К. Дүйсембековтің тікелей келісімімен 411 бас қоғам малы, 212 тонна бидай, 165 мың сом ақша ұрланған. 1948 жылдың маусым айында ҚазКСР ІІМ милиция басқармасының жедел қызметкерлері Дистлер дейтін «ұшатын алыпсатарды» әшкерелеп, сотқа тартты. Жалған анықтамалар жасап алған ол «Красноярск жұмысшылары үшін» деген желеумен Ташкенттен өрікті, «Иркутск ұйымдары үшін» деп Фрунзеден кептірілген жемісті арзанға алып, жұртқа қымбат бағамен сатқан. Ал, 1949 жылы 6 адамнан құралған қылмыстық топ Теміртаудағы мемлекеттік банк инкассаторларына шабуыл жасап, біреуін өлтіріп, екіншісін жаралап, қаруларын иеленіп, 29 мың сом ақшаны алып кеткен.

Әсіресе, соғыстан кейінгі кезеңде астық пен нан өнімдерін сақтау аса өзекті мәселеге айналды. Елде әлі карточка жүйесі жұмыс істейтін кез еді. 1946-шы жылы болған қуаңшылық пен аз өнім нәтижесінде нан жетіспеушілігі қатты білінді. Осы жылдың 27-ші шілдесінде КСРО Министрлер кеңесі мен БК(б)П Орталық комитеті «Астық сақтауды қамтамасыз ету, оның ысырап болуына, ұрлануына және бүлінуіне жол бермеу туралы» Қаулы қабылдады. Ал, 25 қазан күні «Мемлекет астығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар туралы» Қаулы қабылданып, оның жүзеге асырылуына милиция ерекше белсенділік танытты. Қызметкерлер астықтың түгел жиналуын, тасымалдануын және сақталуын қадағалап, қыrmандардың, элеваторлар мен өзге де нысандардың жай-күйін, автокөліктер мен теміржол вагондарының астық тасуға дайындықтарын тексерді, оның күзетілуін қамтамасыз етті. Мысалы, 1946-шы жылдың наурыз айында Семей облысы ПХК Новопокровский аудандық бөлімі «Октябрьге 20 жыл» колхозындағы астық ұрлаушылар тобырын

әшкереледі. Тұқым себу басталған кезде қылмыскерлер тұқымдық бидайды ысырап қылып, дән мөлшерін 90-95 кг етудің орнына 70 килоға дейін азайтып жіберген. Тек Алматы облысында ғана 1947-ші жылдың бірінші тоқсанында қылмыскерлерден 4 мың тонна астық тәркіленіп, 10 тонна астыққа берілген нан карточкалары мен талондарды ұрлағаны үшін 59 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

1947-ші жылдың қараша айында Қазақстанның Министрлер кеңесі «Шалғай елді мекендерден астық тасу жоспары туралы» Қаулы қабылдады. Мемлекеттік нысандарда астықтың сақталуын және қалай күзетілетінін бақылау үшін, Министрлер кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновтың жетекшілігімен республикалық комиссия құрылды да, оның құрамына ИМ-нің өкілдері де енгізілді.

Соғыстан кейінгі кезеңде ішкі істер органдарына бандитизммен күресуге тура келді. Соғыс жылдарында көптеген қарақшы топтардың талқандалып, жойылғанына қарамастан, республиканың кейбір өңірлерінде әскерден қашқандар мен қылмыскерлерден құралған содырлар тобы бүлік жасауларын жалғастыра берді. Қазақстан милициясы қызметкерлерінің шебер жасаған шараларының нәтижесінде, 1946-шы жылы 42 қарақшылық топ (126 адам), 219 жеке қарақшы, шетелдік барлаудың 7-тыңшысы, немістер жағына шыққан 110 опасыз жойылды, 1415 әртүрлі қару-жарақ тәркіленді, ал 1947-ші жылы – 51 қарақшылық топ (176 адам), 109 қашқын қарақшы ұсталды. 1946-шы жылдың сәуір айында Семей облысының ИМ басқармасы соғыстың бас кезінде Кеңес Әскері қатарынан қашқан үш шешенді ұстады. Олар соғыс басталғанда қашып кетіп, бой жасыра жүріп, контрреволюциялық бандаға қосылған, колхоздарды тонаған, Бородулиха ауданына арнайы көшіп келгендер арасында халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруді көздеген іс-шараларды болдырмау үшін Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген. Ал, 1946-шы жылдың сәуір айында

Жамбыл облысының Ішкі істер басқармасы осы облыс пен Қарағанды облысының аумақтарында өз сыбайластарының жасырын ұяларын (60-тан аса) құрып, 1943-ші жылдан бері қолға түспей еркінсіп, республикамыздың бірнеше облыстарында бүлік салған Ахметжанов пен Ескермесовтің бандасын жойды. Шығыс Қазақстан облысының Лениногор ауданында 18 адамнан құралған қарақшылық топ 10 ай бойы білгендерін істеген. 1947 жылдың шілде айында облыстық милиция қызметкерлері олардың көзін жойды. Дегенмен де, бандитизммен күрес бұдан кейінгі жылдары да жалғаса берді.

Қазақстанның ішкі істер органдары өз тапсырмаларын орындау барысында еңбекшілердің, қоғамдық ұйымдардың көмегіне арқа сүйеді. Жер-жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау топтары, милицияға қолдау көрсету бригадалары құрылды. Мысалы, 1947-ші жылдың сәуір айында республикада қоғамдық тәртіпті күзететін 1012 топ болды, ауыл милициясына көмектесетін олардың қатарында 9 мыңнан астам адам болды. Олар көше аралап, шолу жасауға қатысты, мекемелерде, ұйымдарда, милициядағы балалар бөлмесінде кезекшілікте болып, қылмыскерлерді ұстауға көмектесті, төлқұжат тәртібінің жай-күйін тексерді, мектептерге, мекемелерге барып, құқық тақырыбына баяндамалар жасады. Олар 1946-шы жылдың үшінші тоқсанында республикамыздың 11 облысында 1500-ге жуық баяндама жасап, осы жылдың шілде – қыркүйек айларында 410 қылмыскерді ұстаған. Мысалы, Жамбыл облысындағы милицияға қолдау көрсету бригадасының мүшесі С. Васильков 7 айда 67 қылмыскерді, 31 қаңғыбасты ұстаған. Өз міндетін атқаруда саналы әрекет көрсеткені үшін оған Жамбыл облысы ІІМ милиция басқармасының бастығы алғыс жариялап, ақшалай сыйлық тапсырды.

1948-ші жылдың тамыз айында учаскелік уәкілдердің республикалық жиналысында сөз сөйлеген Алматы қаласындағы үшінші милиция бөлімшесінің учаскелік уәкілі

В. Курчатов: «Тұрғындардың әр күн сайын бізге көрсетер зор көмегіңіз, милицияға жүктелген тапсырмаларды орындауымыз анағұрлым қиын болар еді. Мен қарайтын аумақта 6 мыңнан астам адам тұрады. Осындай үлкен ауданда бір күнде не болғанын біліп отыру еш мүмкін емес. Ал, бізді қолдайтын бригада мүшелері арқылы өзіме қажет мағлұматтарды алып отырамын. Олардың көмегімен мен социалистік мүлікті оңай сақтап, қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол бермеймін, қылмыстың алдын кесу немесе оны ашу еш қиын емес», – деді.

6.2 ПО қызметкерлерінің саяси кампанияларға, балалардың қаңғыбастығымен күресуге және қоғамдық бірлестіктер жұмысына қатысуы

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның милиция қызметкерлері саяси және шаруашылық іс-шараларына қатысуын жалғастыра берді. Мысалы, КСРО Жоғарғы Кеңесі сайлауы (1946 ж.), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлауы (1947 ж.) қарсаңында және Еңбекші депутаттардың жергілікті Кеңесінің сайлауы (1948 ж.) боларында милиция қызметкерлері көп жұмыстар атқарды. Сайлау учаскелерінің барлығында арнайы бекеттер ұйымдастырылып, милиция бөлімшелерінде үгіт-насихат ұжымдары құрылды. 1947-ші жылдың 5-ші қаңтарында «Сақшы» газеті Матай станциясындағы Теміржол милициясының жедел бекетінде 10 үгітші-милиционер жұмыс істегенін баяндады. «Олар сайлаушылардың үйлеріне барып әңгімелесті, сайлау туралы Ережені, Қазақ КСР Конституциясын зерделеді, социалистік меншікті сақтауға көпшіліктің тигізер игі ықпалын түсіндірді. Үгітші милиционерлер халықты қылмыскерлермен және социалистік меншікті талан-таражға салушылармен күресте нақты көмек көрсетуге шақырды» деп жазды.

Кеңестер Одағының бүкіл халқымен бірге ПО қызметкерлері де «Атом қаруына тыйым салу туралы Стокгольм үндеуінің» астына бірауыздан қол қойды (1950 жылдың маусымы). Бейбітшілікті қорғау жөніндегі кеңестік Комитеттің резолюциясын талқылауға арналған жиналыста сөз сөйлеген Алматы қаласындағы бірінші милиция бөлімінің учаскелік уәкілі Шаниев: «Осы бір Үндеудің астына қойған біздің қолдарымыз – жаңа дүниежүзілік соғыстың отын тұтатпақ болған империалистерге қатал ескерту ретінде танылсын... Қазіргі жағдайда бізге аса қырағылық танытып, жылдам әрі қатесіз әрекет көрсету қажет. Бүгінгі күрделі халықаралық жағдайда социалистік меншікті, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың жеке басы мен мүлкін қорғау – өте ауқымды және бас тартпайтын міндет болып тұр» деді. Шымкент қаласындағы ведомстволық милиция бөлімшесінің милиционері Қ. Қалтаев «Сақшы» газетіне: «Отан үшін шайқастарда мен Мәскеуден Берлинге дейін жүріп өтіп, «Даңқ» орденінің үшеуін кеудеме тақтым... Бейбітшілік үшін дауыс беріп: «Бізге тиіспендер! Соғыстың басынан соңына дейін алып жүрген тапаншам дәл көздеп атуға даяр тұр, егер қажет болса, кез-келген уақытта қорабынан шығарамын. Бұл – қорқытқаным емес, жауларды ескерткенім», – деп жазыпты.

Республикамыздағы милиция қызметкерлерінің еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуына шығарылған Мемлекеттік несиеге жазылуы қарқынды өтті. Фашистік Германияны жеңгеннен соң өз жұмысына қайтып келген Республика ІІМ Милиция басқармасының қызметкері П. Овечкин Мемлекеттік несиенің шығарылуына арналған жиналыста «Біз қазір соғыс салған жарақатымызды емдеуіміз керек. Жаңа несие Кеңестік мемлекетімізді қалпына келтіріп, одан әрі дамытуға бағытталған. Еліміздің әрбір азаматы бұған белсене қатысуға міндетті. Мен айлығымның 150% ақшасына жазылдым» деді. Милиция капитаны Рубашев айлығының 213% пайызына

жазылды, милиция лейтенанты Танова – 180%-ға жазылыпты. Республика ІІМ милиция басқармасы бойынша жазылудың жалпы сомасы еңбекақы қорының 139,5%, Көкшетау қаласындағы Милиция басқармасы бойынша – 135%, Алматы облысының Милиция басқармасы бойынша – 125,2% пайызын құрады.

Милиция қызметкерлері колхоздардың астық қабылдау орындарын, элеваторларды, көлік жолдарын салуына көмектесті. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1948-ші жылдың 23-ші қаңтарындағы Қаулысына сәйкес, бірқатар ІІМ мекемелеріне аймақтардағы электростанциялар құрылысына (Қарағанды облысында – 2, Семей – 3, Ақмола – 1) көмектесу міндеті жүктелді.

1945-ші жылдың қыркүйек айында КСРО ІІХК-на бір кездері соғыстан бұрын басталған Байкал-Амур магистралінің (БАМа) жобалау жұмыстары мен құрылысы жүктелді. ІІХК кәсіпорындарының соғыстан кейінгі бірінші жылдары шығарған жалпы өнімінің көлемін мына мәліметтерден байқаймыз: 1946ж. – 1,4 млрд. сом; 1947ж. – 1,7 млрд. сом; 1949ж. – 2,1 млрд. сом.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары балалардың қаңғыбастығымен және кәмелетке толмағандардың қылмысымен күресу – милицияның өзекті мәселесі болып қала берді. Соғыстың кесірінен қараусыз қалған және кезбе балалардың саны күрт өсті. Майданда ата-анасынан айрылған, көшкен кезде отбасынан адасып қалған, таршылықтан тамақ тауып бере алмаған үйлерінен безген көптеген балалар Қазақстанға, әсіресе оның оңтүстік аймақтарына ағылып келіп, қылмыскерлердің теріс ықпалына тап болып жатты. Партия және кеңес органдары жалпы білім беретін мектептер мен балалар үйлері желісін кеңейту шараларын қабылдады. 1945 жылы оқи алмай қалған 21 мың бала 1946 жылы мектепке барды. Горький және Днепропетровск қалаларының үлгісімен, үй басқармалары мен өндіріс орындарының жанынан ата-аналар және

камқоршылар кеңестері құрылды. Толық емес мәліметтер бойынша, осы кеңестер арқылы 1946-шы жылдың үшінші тоқсанында Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарында жетімдерге 45 мың сомға жуық ақша, 4 мың метр мата, 2 мың жылы киім және 700 жұп аяқкиім беріліпті. Тек Шығыс Қазақстан облысының өзінде ғана көпбалалы жанұяларға жәрдем ретінде 51 мың сомнан астам ақша, 3 мың жұп пима, 60 тонна жанармай, төсек жабдықтары мен көрпелер және т.б. берілген.

1946-шы жылы ерлердің көпшілігі майданнан аман-есен келіп, әйелдерінің жұмысты қойып, бала тәрбиесімен айналысуы, оларды көзден таса қылмауы – балалардың қараусыз қалмай, қаңғып кетпеуіне оң ықпал етті. 1945-ші жылдың екінші жартысында кеңестік органдар мен қоғамдық ұйымдардың балалар қылмысымен және қаңғыбастығымен күресте белсенділігі арта түсті. Қараусыз қалған балаларды ұстау рейдтері жиі өткізілді. 1945-ші жылдың үшінші тоқсанында 11 мыңнан астам бала ұсталды, төртінші тоқсанда – 9 мың, ал 1946-шы жылдың бірінші тоқсанында – 6 мыңға жуық бала ұсталыпты. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауы бірте-бірте азая бастады. Егер 1944-ші жылы республикада қылмыстық жауапкершілікке 2391 жасөспірім тартылса, 1945-ші жылы – 1083, ал 1946-шы жылы – 846 бала тартылған екен. ҚазКСР ІХК-да балалардың қараусыз қалуы мен қаңғыбастығына қарсы күресетін арнайы бөлім болды да, 1943-ші жылдың қазан айынан бастап балалар колониялары соның қарамағына өтті. 1946-шы жылы республикада 1 еңбек колониясы (Алматы), 3 еңбекпен тәрбиелеу колониясы (Алматы, Жамбыл, Қазалы) болып, оларда 1075 жасөспірім жатты. Сонымен қатар, 14 балаларды қабылдау-тарату орны, 33 милициядағы балалар бөлмесі бар еді. Гурьевтегіден басқа, қабылдау-тарату орындарының бәрінде де қосалқы шаруашылықтары болып, дәнді дақылдар егетін, көкөніс пен жемістер өсіретін.

Республика ПХК колониялардың материалдық-техникалық базасын нығайту, сондағы балалардың тұрмыс жағдайы мен тәрбиесін жақсарту шараларын жасады. Колонияларда жалпы білім беретін мектептер болды, онда балаларды өндіріске баулу ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілер – темір ұстасы, слесарь, токарь, дәнекерлеуші, ағаш ұстасы, етікші, қаңылтыршы кәсіптерін игерді. Алматыдағы еңбекпен тәрбиелеу колониясында ағаш өңдейтін, металл өңдейтін тәуір жабдықтар, пластмасса бұйымдар жасайтын цех болды. 1946- жылы мұнда заттарды қыздырып, суытатын және темірмен қаптайтын шеберханалар істей бастады. 1946-шы жылы Жамбылдағы еңбекпен тәрбиелеу колониясына ағаштарды кесетін жабдық, өңдейтін 4 станок, темір жонатын токарлық станок, қуаты 48 квт электростанция берілді. Барлық колонияларда денешынықтыру қалашығы салынып, көркемөнерпаздар үйірмесі құрылды. Мысалы, Қазалыдағы еңбекпен тәрбиелеу колониясында эн-би ансамблі, музыка, драма үйірмелері болды, ал Алматыдағы колонияның көркемөнерпаздар мектебінде баян, фортепиано, үрмелі және халық аспаптарының кластары істейтін. Мұның бәрі жасөспірімдердің колониядан шыққан кезінде қалыпты өмір тіршілігіне оңай араласып кетуіне оң ықпал ететін. 1950-ші жылдың 26-шы шілдесінде ҚазКСР Министрлер кеңесі «Балаларды еңбекпен тәрбиелеу колониясында жетіжылдық мектепті үздік бітірген жетім тәрбиеленушілерге әрі қарай білім беру туралы» Қаулы қабылдады. Республика ІІМ ондай тәрбиеленушілерді өз білімін жалғастыру үшін орта мектептің 8-10 сыныптарына және колония орналасқан жердегі техникумға жолдауға рұқсат етті, әрі оқуын бітіргенше оларды колония есебінен қажетті заттармен және ақшалай қамтамасыз етуді тапсырды.

Балалардың баспанасыздығын болдырмау және жасөспірімдер қылмысына жол бермеу күресінде жақсы табыстарға қол жетсе де, соғыстан кейінгі алғашқы жылдары

әлі де көптеген кемшіліктер бар еді. Колониялардың материалдық базасы әлсіз болды. 1946-шы жылы Қазалыдағыдан басқа барлық колониялар қабырғасы қамыс пен жұқа ағаштан өрілген уақытша баспанада орналасқандықтан, ол үйлерге жөндеу қажет болды. Мектептерде парта, орындықтар мен өзге де жиһаздар, оқулықтар, көрнекілік құралдар жетіспеді. Мысалы, Лепсідегі балалар үйінде 1946-шы жылы 120 бала болды. Тексеруге барған ИМ комиссиясы «Балалардың бәрі жалаңаяқ жүрді, 4 адамға бір көрпе берілген, ...тар бөлмеге эзер сыйып отырған 32 тәрбиеленушіде бір-ақ жұп пима, екі жұп кебіс, әртүрлі үш жұп бәтеңке бар екен. Үйде мүлде от жағылмағандай. Екі апта бойы нан әкелмеген соң, балалар тек картоп жеп, күнелткен екен» деп жазды.

Мекеме басшылары оларға лайықты жағдай (жатақхана, арнайы киім жоқтығы және т.б.) жасай алмайтынын желеу етіп, жетім жасөспірімдерді жұмысқа алудан жиі бас тартатын. Мысалы, Алматы киім фабрикасы кешкі мектепті бітіріп, ішкі істер органдарының жолдамасымен келген жас қыздарға жатақхана ретінде қи сасыған атқораны берген. Баспаналардың іші өте суық, тапшанда 2-3 адамнан жататын болған. Жуынатын шүмектер, орындық, стол, жұмыс киімі, аяқкиім мүлдем болмаған. Соның салдарынан, жетімдер балалар үйлерінен және жұмыс орындарынан жиі қашатын да, қайтадан қылмыс жолына түсетін. Дегенмен, көптеген қиындықтарға қарамастан, Үкімет пен республика ИМ атқарған жұмыстар өз нәтижесін беріп, кәмелетке толмағандар қылмысының деңгейі төмендей бастады.

Өз кезегінде, әртүрлі қоғамдық бірлестіктер қылмыспен күресіп жүрген милицияға нақты зор көмектерін көрсетуін жалғастыра берді. Кейде олар милиция қызметкерлерін қатыстырып форумдарын өткізетін. Мысалы, республикада милицияға қолдау көрсетер бригадалар облыстық, қалалық

конференциялар өткізіп, атқарылған жұмыстарды талқылайтын, тәжірибе алмасатын. 1949-шы жылдың наурыз айында Қарағанды қаласындағы Пархоменко атындағы зауыттың клубында милицияны қолдаушы бригадалардың қалалық конференциясы өткізіліп, 187 адам қатысты. Милиция басқармасы бастығының орынбасары Шулешов «Қалада құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қадағалау бойынша милицияны қолдаушы бригадалардың міндеттері туралы» деген баяндамасын оқыды. Мына бригадмилшілер: Садықов (№2 шахта), Радченко (Пархоменко зауыты), Кончаков (4-Д зауыты), Рысбеков (№90 ФЗО мектебі), Бекенов (№7 ФЗО мекетөбі) өз тәжірибелерімен бөлісті. Милицияны қолдаушы бригаданың мүшесі, Қарағанды қаласының Шахтинск ауданындағы «Молотовуголь» трестінің жұмысшысы Холмогоров конференцияда сөйлеп: «Мен милиция органдарына көмектесу үшін, жұмыстан бос уақытымның бір күнін де бос жібермеймін. Бұл көмегімді – Отан алдындағы парызым деп санаймын», – деді. Конференцияда қабылданған Үндеуде былай делінген: «Біз, Қарағанды қаласының бригадмилшілері... өзге де бригадмилші қымбатты жолдастар, сіздерге келесідей жолдау жасамақпыз: қоғамдық тәртіпті ұйымдастыруда, социалистік қауымдастық ережелерін бұзушылармен күресті күшейтуде милиция органдарына нақты көмек көрсетуге, Кеңес азаматтарының жеке басын және мүлкін қорғауда қырағылық танытуға шақырамыз».

Қазақстан үкіметі мен Республика ІІМ басшылығы соғыстан кейінгі жылдары қызметкерлердің еңбегі мен тұрмысы жағдайын жақсартатын шаралар қабылдады. ІІМ басқармаларының және аудандық бөлімдердің жанынан қосалқы шаруашылықтар ұйымдастырылды, ұжымдық және жеке бақшалар салу көпшілікке кең тарап кетті. Бақшасы бар қызметкерлердің ұрық сатып алуына, жерін өңдеуіне, дайын

өнімді тасуына көмек көрсетілді. 1946 жылы Қазақстан ИМ ауылшаруашылық бөлімі арқылы қызметкерлер егетін дақыл ретінде 25 тоннаға жуық картоп берілді. 1947 жылы милиция қызметкері – 170 кг., ал оның әлі еңбек етпейтін баласы 30 кг мөлшерде көкөніспен қамтамасыз етілді. Осының бәріне 350 тонна картоп, 450 тонна басқа да көкөніс бөлінді. Қазақстан ИМ ауылшаруашылық бөлімі қызметкерлерге жанармай, сабын және тағы да басқа өндіріс заттарын беріп тұрды. 1947-ші жылдың 10-шы қаңтарында КСРО Ішкі істер министрінің «Милиция органдарының жұмысында мамандарды тұрақтандыру бойынша шаралар туралы» Нұсқауы барлық республикаларға жолданды. Милиция органдарының басшыларына өз қызметкерлерінің тұрмыс жағдайын жақсарту: қатардағы құрам үшін бағасы тиімді асханалар ашу, ал, сондай асханасы болса, қолда барын түгел пайдаланып, ас мәзірін түрлендіру; пәтерін жөндеуге көмектесу; азық-түлік карточкаларының дер мезгілінде жаратылуын және өндіріс тауарларын жұрттан бұрын алуын қамтамасыз ету; заттарын үйіне жеткізу үшін көлік пен жанармай бөлу тапсырылды.

Республика үкіметі ішкі істер органдары қызметкерлерінің ерен еңбектерін лайықты бағалай білді. Жедел-қызметтік міндеттерін үздік орындап, өжеттік пен тапқырлық танытқандары үшін 1946-шы жылы 1170 милиция қызметкеріне құрмет көрсетілді. 1947-ші жылы жеке құрамның – 30%, 1948 жылы – 35% мадақталды. «ИМ-не еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісімен 11 адам, аты жазылған сағатпен – 28 адам, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Грамотасымен – 164 адам марапатталды.

6.3 Интеллигенцияға қарсы репрессиялар. КСРО МҚМ қарауындағы милиция жұмысы

Соғыстан кейінгі кезеңде Кеңес халқы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатынан жағымды өзгерістер күткен болатын. Алайда «белді қатты тарту» дейтін процесс басталып кетті. Сталин «Кеңес халқының жеңістерінің ұйымдастырушысы және шабыттандырушысы» болып жарияланды. Елде саяси қуғын-сүргіннің жаңа кезеңі басталды.

КСРО жетекшілері қабылдаған мәдени құрылыстың міндеттері ғылыми еркін ойлаудың кез-келген нышанын жоққа шығаратын. Ғылыми-техникалық прогрестің ең бір маңызды бағыттарында Кеңестік ғылымның биік беделін қамтамасыз ету үшін елеулі үлес қосуға үндеген әрекет «диалектикалық материализмнің» әсірелі ақиқатының адалдығымен қатар қойылды. Партиялық комитеттердің қалт жібермес бақылауында қалған қоғамдық ғылымдар өте қиын жағдайда дамып жатты.

1946-шы жылдың 14-ші тамызында БК(б)П ОК-нің «Звезда және «Ленинград» журналдары туралы» Қаулысының шығуы – зиялы қауымды, өзгеше ойлауды және жаңа ізденістерді қудалаудың жаңа кезеңінің басталғанын айқындап берді. Қазақстан КП ОК Пленумының Қаулысында (наурыз 1947ж.) төмен тұрған партия комитеттеріне «Тарихты, әдебиет пен өнерді жарыққа шығару кезіндегі саяси қателіктер мен ұлтшыл тұрпайылықты большевиктік сынға алу аясын кеңейтіп, БК(б)П ОК-нің идеологиялық мәселелер бойынша шыққан Қаулысының сөзсіз орындалуы қамтамасыз етілсін...» деген тікелей тапсырма жазылды. Осы Қаулының нәтижесі «жау» іздеу болып шықты. Қазақстан КП ОК-нің «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» арнайы Қаулысында Е. Исмаилов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, С. Мұқановтарға жеткілікті емес негізсіз «ұлтшыл» және оны «таратушы» деген айыптар

тағылды. Республикамыздың аса ірі тарихшысы Ә. Марғұланның көзқарастары «жалған ғылым» деп жарияланды.

Интеллигенцияға қатысты қуғын-сүргін саясатының жаңа кезеңі басталды. Ленинград пен Мәскеуде «ленинград ісі», «дәрігерлер ісі» дегендер ойдан құрастырылса, Қазақстанда «Бекмаханов ісі» шықты. Ермұхан Бекмаханов дарынды тарихшы ретінде танылып, құрамына әйгілі тарихшылар А.П. Кучкин, А.М. Панкратова, Б.Д. Греков, Н.М. Дружинин және басқалар кірген ұжым құрамында ол «Қазақ КСР тарихы» атты еңбегін жазып, 1943-ші жариялады. Ал, 1947-ші жылы Е. Бекмаханов «ХІХ-ғасырдың 20-40-шы жылдарындағы Қазақстан» дейтін монографиясын дайындады. Бұл кітапта авторлар Кенесары Қасымов бастаған көтерілісті қазақ халқының Ресей империясының жаулап алмақ ниетіне қарсы ұлт-азаттық күресі ретінде қарастырған еді. Басқыншылыққа қарсы көтерілісті бұлай бағалау ғылыми ортада аса қызу пікірталастар тудырды. Ғалымның көзқарастары «ұлтшылдық және саяси зиянды» деп жарияланды. 1952-ші жылдың 4-ші желтоқсанында Е. Бекмаханов 25 жылға сотталды. Тек Сталин өлген соң ғана, ғалымды айыптаған іс қайта қаралып, құрамында қылмыс болмауына байланысты, тоқтатылып, 1954-ші жылдың көктемінде ол Қазақстанға оралды.

1940-1950-ші жылдары бірқатар ғалымдар – қоғамтанушылар, биологтар, медиктер мен геологтар «атаусыз космополитизмі» үшін айыпталып, республиканың ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарының кафедраларынан қуылды. Аса танымал ғалымдар А. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, жазушы Ю.О. Домбровский және басқалар саяси айыптауға ілінді. Әйгілі ғалымдар Қ.И. Сәтпаев пен М.О. Әуезов қудалаудың кесірінен Қазақстаннан Мәскеуге кетуге мәжбүр болды.

1949-шы жылы милиция органдары ІІМ-нен Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігіне ауыстырылып, 1953 жылға дейін сонда болды. Сол жылдары ІІО өмірінде елеулі өзгерістер орын алды. Осылайша, БК(б)П ОК мен КСРО

Министрлер Кеңесінің 1950 жылдың 22 тамызындағы Қаулысына сәйкес, запаста тұрған әскерилер мен әскерге шақырылғандарды тіркеу мәселесі, сондай-ақ, жалғызбасты және көпбалалы аналарға жәрдемақы мен марапат аларда анықтама беру міндеті де милицияның қарауынан алынып тасталды.

Ішкі істер органдары қабылдаған қатаң шаралардың арқасында, 1950 жылдың басында республика аумағында бүлік салып жүрген қарақшылық топтар толығымен жойылды. Сөйтіп, осы 1950-ші жылы Қазақстандағы «Қарақшылыққа қарсы-күрес бөлімдері» таратылды.

Әдеттегідей, милиция қызметкерлерінің күнделікті жұмыстарының нәтижелері кешкі жаңалықтарда айтылып жатты. 1950-ші жылдың қараша айында ҚазКСР МҚМ милиция басқармасының Социалистік меншікті ұрлаушылармен күрес бөлімінің бастығы Григорьев пен осы бөлімнің аға жедел уәкілі Стативкин алыпсатарлардың үлкен тобын әшкерелеп, олардан құны миллион сомнан асатын қымбат заттар тәркіленді. Ал, 1952-ші жылы ҚазКСР ІМ қызметкерлері алтынды қымбатқа сатып жүрген қылмыстық топты ұстады. Құнды металды өздері істейтін мемлекеттік мекемеден ұрлап алып шыққандармен астыртын байланысқан олардан 4 кг алтын, 100 мың сом ақша және басқа да заттар тәркіленді.

Алайда, Ішкі істер Министрлігі бұл жылдары ең алдымен лагерьлерді орналастырудан қолдары босамай жүрген еді. Соғыстан кейін ГУЛАГ жүйесі бұрынғыдан да қатал сипатқа ие болды. 1948 жылы Сталин сол кездегі КСРО Ішкі істер министрі С.Н. Кругловтың алдына жаңа арнайы лагерьлер жасау міндетін қойған болатын. 1948-ші жылдың қаңтар айында С.Н. Круглов пен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрі В. Абакумов И.В. Сталинге, өзінің нұсқауына сәйкес, аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді, олардың арасында ең бастысы «саяси» тұтқындарды қатаң тәртіппен ұстайтын лагерьлер мен түрмелерді ұйымдастырудың жобасын ұсынатындарын, әлгілерді кейін елден жырақ жерлерге жіберетіндерін айтып қалды. ІМ осы жоба бойынша алты ай мерзімде – шетелдік барлау

тыңшылары, диверсанттар, терроршылар, троцкийшілер, меньшевиктер, эсерлер, анархистер, ұлтшылдар, ақ гвардия эмигранттары және басқа да кеңес өкіметіне қарсы топтар мен ұйымдардың өкілдерін жинап, 100 мың адам сиятын айрықша лагерьлерге, оның ішінде Қарағанды жақтағы 6000 адам отыратын түрмеге де қамайтындарын баяндады.

КСРО ІІМ айрықша лагерьлер мен түрмелерден шыққандарды Сібірдің, Қиыр Шығыстың, Коми АКСР-інің шалғай аудандарына, Қазақ КСР-нің Павлодар, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Гурьев, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстарына жіберетін. КСРО Ішкі істер министрлігі айрықша лагерьлерді ұйымдастырып, салу үшін КСРО Министрлер Кеңесінің резервінен қосымша 25 миллион сом бөлуін сұрады. 1948-ші жылдың 21-ақпанында КСРО Министрлер Кеңесі осы мәселе бойынша Қаулы қабылдап, айрықша лагерьлерде қамалатындардың саны енді 100 мың емес, 180 мың болуы тиіс екенін хабарлайды.

Сөйтіп, 1948-ші жылдың ақпан айында КСРО ІІМ «Аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді қамайтын қатаң тәртіптегі ІІМ лагерьлерін ұйымдастыру туралы» бұйрығын шығарады. Осы бұйрық негізінде 1948-1952 жылдар аралығында 12 айрықша лагерь салынып, әрқайсысына (N 1-ден N 12-ге дейін) жеке номер беріледі. Алайда құпия ұстау мақсатында, олардың бәрі де – «ІІМ таудағы лагері», «Еменді орман лагері», «Жағалаудағы лагерь», «Өзендегі лагерь» және тағы басқа шартты атаулармен аталатын.

1949-шы жылдың 1-ші қаңтарында бұл лагерьлерде 101 мың адам қамауда отырды. Сталиннің ойын жүзеге асырған бұл ерекше империя лагерьлерден, колониялардан, түрмелерден, жер аударылғандар мекендерінен, мыңдаған әртүлі құрылыстардан құралған болатын. Сотталғандар көлік жолдарын, кеніштер мен шахталарды, Волгадағы, Волго-Дон каналындағы ірі гидроэлектростанцияларды салуға жегілетін.

Соғыстан кейінгі екінші бесжылдық жоспарында Қазақстанның шикізат қорын дамытуға ерекше мән берілген болатын. Көмір мен түрлі-түсті металл өндіруді күрт көтеру

міндеті алға қойылды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан аумағында 4 айрықша лагерь ұйымдастырылды. Қарағанды қаласына таяу ПМ-нің әскери тұтқындарына арналып салынған Спасозаводский лагерінің 10 мың тұтқынға арналған ғимаратына N4 айрықша лагерь жайғасты (шартты атауы – «ПМ-нің дала лагері»). 1949 жылы дәл осы Қарағанды облысында тағы да екі айрықша лагерь – 15 мың тұтқынға арналған N8 «Құмды лагерь» және N9 «Шалғынды лагерь» орналасты. Ал, 1952-ші жылы Павлодар облысында 5 мың адам сыйып кетер N11 айрықша «ПМ-нің Шалғайдағы лагері» құрылды.

Қысқаша айтсақ, соғыстан кейінгі жылдары түрме-лагерь жүйесінің кеңеюі жалғаса берді. 1953-ші жылдың бас кезіне қарай ГУЛАГ-тың құрамында 146 еңбекпен түзеу лагері, 687 еңбекпен түзеу колониясы, 52 уақытша тұрақтау түрмесі болды. Мұндағы тұтқындардың саны 2 млн. 468 мың адамға жетті. Арнайы қоныстандырылғандардың саны да артып, 2 млн. 753 мың болды. Соңғы аталған сотталғандардың арасында көпшілігі саяси көзқарас салдарынан қамалғандықтан, жаңа «категориялар» пайда болды. Осылайша, 1944-1952 жылдар аралығында Батыс Украинадан отбасыларымен бірге «Украин ұлтшылдарының ұйымы» мүшелері жер ауып келді. 1946-1947 жылдары арнайы қонысқа «власовшылар» келіп түсті, ал 1944 жылы – «Нағыз православ христиандары» сектасының мүшелері, 1951-1952 жылдары – Грузиядан «Мингрель ісі» бойынша көшіп келгендер, 1949 жылы – «Қара теңіз жағалауынан» (Грузиядан, Одесса мен Қырымнан), 1948-1952 жылдары «указниктер» (1948 жылдың 2 маусымындағы Жарлықпен «қоғамға пайдалы еңбектен жалтарғаны үшін» және 1951 жылдың 23-маусымындағы дәл осындай Жарлық бойынша) және т.б. әкелінген болатын

1953 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда 974 900 арнайы қоныстандырылғандар болса, оның ішінде 13143 адам лагерьлерге, колонияларға және түрмелерге қамалды. Олардың арасында – 448 626 неміс, 244674 шешен, 80444 ингүш, 37114 грек, 35960 поляк, 32619 адам Грузиядан, 6560 Қырымнан болды, 8011 «украин ұлтшылдары», 1327

«власовшылар» және басқалар да бар еді. Ал, тұтқындар санын айтар болсақ, 1954 жылдың ақпан айында Н. Хрущев үшін жасалған анықтама бойынша, тек Қарағанды облысының өзінде ғана 56423 адам тұтқында болған екен.

Республикадағы Еңбекпен түзету басқармалары соғыстан кейінгі жылдары тығырыққа тірелді. Олардың алдына қысқа мерзімде Еңбекпен түзету колонияларының жұмысын бейбіт қалыпқа ауыстыру міндеті қойылды. Яғни, өндіріс кәсіпорындарын жиһаз және халық тұтынатын тауарларды шығаруға көшіру, ауылшаруашылығы өнімдерін жасауды арттыру, сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету керек болды. 1945 жылғы амнистиядан соң, еңбек және ауылшаруашылығы колонияларының ұжымдары тарап кеткені бұл тапсырмалардың орындалуын тым қиындатып жіберді. ҚазКСР ІІМ Еңбекпен түзету орындарында тіркелген тұтқындарды жұмысқа пайдалану мәселесі де шешілмеген күйінде қалды. Осылайша, 1950 жылы Еңбекпен түзету лагерлері басқармасының құрамында өз өндіріс орындарында тұрақтаған 18 колония болса, оның ішінде 8-і өндіріс саласында, 10-ы ауылшаруашылық саласында еді. Соғыстан кейінгі жылдары ЕТБ (Еңбекпен түзету басқармалары) республикамыздағы халық шаруашылығын дамытуға өз үлесін қосып жүр еді. Аса маңызды өндірістік құрылыстарға жұмыс күшін бөліп жүрген контрагенттік колониялар саны артып, 1950-ші жылға қарай ЕТБ құрамында олардың саны жиырмадан асты.

ЕТБ аппараттарына сотталғандар жұмысының өнімділігін арттыру туралы қатаң талаптар қойылды. Сотталғандардың өндірістік тәртіп пен жұмыс режимін бұзбауын үнемі қадағалап жүру қызметкерлерге міндеттелді. Еңбек тәртібін бұзғандарға және өндіріс орынында іріткі салушыларға байланысты қатаң шаралар қабылданып жүрді. Алайда тіпті, осындай шаралардың өзі айтарлықтай нәтиже бермейтін. Мысалы, КСРО ІІМ ГУЛАГ табысы 1954 жылы 7,1 млрд. сомды құраса, шығындары – 7,3 млрд. Сомға жеткен. Бір жиналыста сөйлеген Н.С. Хрущевтің «ІІМ шаруашылық-құрылыс министрлігіне айналып кетті, бірақ та ол қоғамдық тәртіпті сақтайтын және тұтқындарды қайта

тәбиелейтін өзінің негізгі міндеттерін атқара алмай жүр» деп айтқаны бекер болмаса керек.

50-ші жылдары абақтыдағы сенімді күзетті және отырғандарды ұстау режимін қамтамасыз ету бұрынғыдан да қиындай түсті. Оларды бір-біріне сай болатындай етіп орналастыру соғысқа дейінгі кезеңде-ақ бұзылған еді де, сотталу себебі мен жасаған қылмысының ауыр, жеңіліне қарамастан, бәрі бірге араласып отыра беретін. 1946 жылы – жалпы және күшейтілген екі режим бекітілді. Соңғы режимде қарақшылық жасағандар және кісі тонағандар отыратын. Кейінірек үшінші – қатаң режим енгізілді, бұл – тәртіпті жиі бұзатындарға арналған еді.

Дегенмен де, лагерьлерде өте күрделі жағдайдың қалыптасуына – соғыс біткен соң, мұнда майданда шайқасқан тұтқындардың бәрінің қайтып оралуы себепші болды. Бұдан бөлек, соғыс жылдарында жау тұтқынына түскен адамдардың барлығы да, сондай-ақ, немістерге көмек көрсеткен деген күдікке ілінген көп жандар да лагерьлерге жөнелтілген болатын. Соғыс жылдарында лагерьлерде отырып, бұрынғы қалпынан айнымаған қылмыс серкелері мен қару ұстап, Отанын қорғаған, яғни, «поляк ұрысы» атанғандардың арасында қамаудағы көпшілікке ықпал ету мақсатында ұрыс-керіс басталды. 50-ші жылдардың басында лагерьлердегі тәртіпсіздіктердің жолын кесу мақсатында, жаза өтеу орындарында қарақшылық жасағандары үшін жауапкершілік енгізіліп, ату жазасы тағайындалды. Азаматтарды саяси қуғындау, сондай-ақ, адамдарды әлеуметтік деңгейіне қарай, тіпті бүкіл бір ұлттарды тықсыру 40-шы жылдардың соңы миен 50-ші жылдардың басында да тыыла қоймады.

1953-ші жылдың көктемінде И.В. Сталин өлгеннен соң, КОКП ОК Президиумына шыққан Л. Берия саяси тұтқындардың көпшілігіне амнистия жасау туралы жобасын ұсынды, бірақ оның мұнысын ешкім қабылдамады. Амнистия туралы Жарлық 5 жылға дейінгі мерзімге сотталғандардың бәрін қамтыса да, арасында саяси тұтқындар аз болатын. Ойланбай қабылданған бұл шешімнің кесірінен миллионнан астам кәдімгі ұрылар, тонаушылар мен

зорлықшылар бір демде бостандыққа шыға келді. Осылайша, елде өте күрделі криминогендік жағдай қалыптасты. ІІМ Аппараты мен қызметтері күшейтілген режимде жұмыс істеуге мәжбүр болды. ІІМ-нің әскері Мәскеу мен басқа да қалаларды патрульдеуге жұмылдырылды. Тәртіп тез қалпына келтірілді. Шексіз билікті уысында ұстаған Берия еш қиналмастан-ақ, мемлекеттің бірінші адамы бола алар еді, алайда ел басшылары арасындағы тартыстар оған мұндай мүмкіндікті бермеді.

Бақылау сұрақтары:

1. 1946 жылы КСРО ІІХК (НКВД) таратылғаннан кейін оның орнына қандай мекеме құрылды?

2. Ұлы Отан соғысынан кейінгі қай жылы милиция КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігіне берілді?

3. Қазақстанда қылмыспен күрес арнайы бөлімдері қашан пайда болды?

4. Л. Берия қашан және не үшін тұтқындалды?

5. Милиция қай жылдары КСРО МҚМ (МГБ) қарамағында болды?

6. 1946 жылдың маусымында КСРО Милициясының бас басқармасының әкімшілік бөлімдері біріктіріліп, оның міндеттері қай бөлімге берілді?

7. 1947 жылы сәуір айында республикамызда 1012 топ қоғамдық тәртіп күзетшілері болды. Олардағы адамдардың жалпы саны қанша еді?

8. Милицияның тәртіптік Жарғысы мен патрульдік қызмет милициясының Жарғысы соғыстан кейінгі қай жылы қабылданды?

9. Социалистік мүлікті қорғау үшін 1952 жылы ІІМ құрамында милицияның қандай жаңа бөлімшесі құрылды?

10. Қазақстан милициясы бүкіл Кеңес халқымен бірге бір ауыздан атом қаруынан бас тарту жөніндегі құжаттарға қай жылы қол қойды?

7 ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ «ХРУЩЕВ ЖЫЛЫМЫҒЫ» ЖЫЛДАРЫНДА

7.1 1953-1959 жж. ПО жүйесінің оңтайландырылуы. «Тың эпопеясы»

Сталин қайтыс болған соң, КСРО Жоғарғы Кеңесі амнистия (27 наурыз) туралы Жарлық шығарып, соған сәйкес, түрмеде отырған 1 млн. 120 мың адам бостандыққа шығуы тиіс болды. Көп ұзамай Берия тұтқындалып, ату жазасын алды. Лагерьлер тез арада болар өзгерістерді күтті. Алайда олар айрықша лагерьлерге аса тие қоймады (дегенмен, тұтқындарды ұстау режимі аздап жұмсарғандай болды). Соның нәтижесінде олардың біразында бүліктер болып өтті (1955ж. жазда – Норильск қ. N2 лагерінде, Воркута қ. N6 лагерінде).

1954 жылдың мамыр айында Қарағанды облысындағы N4 айрықша лагерьде (Степнойда) көтеріліс бұрқ етті (1951 жылдың шілде айында мұндағы тұтқындардың шектеу саны 25 мың адам деп көрсетілген). КСРО Ішкі істер министрі С. Круглов пен Бас прокурор Р. Руденконың КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесіне жазған баянат парағында: «Қазақ КСР-ның Жезқазған жағында орналасқан «Степной» еңбекпен түзету лагерінің (Кеңгір – Т.Қ.) 3-ші бөлімшесіндегі жалпы саны 4 мың болатын тұтқындардың 25-ші мамырда жұмысқа шығудан бас тартқанын баяндаймыз» деп айтылған. Лагерьдегі «бүлік» күннен күнге күрделеніп, бір ай бойы басылмай қойды. КОКП ОК-нен санкция алмай-ақ, 24 маусым күні Кеңгірдегі жағдаймен таныстыру үшін ІІМ басшыларына мәтіні құпиялы телеграмма жолданды. Мұнда: «Степной» лагеріндегі жағдайды талқылай келе, Руденко, Серов (КСРО Министрлер Кеңесіне қарайтын МҚК төрағасы – Т.Қ.) және Круглов жолдастардан құралған комиссия, лагерьдің 3-ші

бөлімшесіндегі тұтқындардың бағынбауын және осы бүлікті ұйымдастырушылардың қылмыстық әрекетін тоқтату керек! Осыған байланысты, танк экипаждарын, қызметтік ізшіл иттерді, өрт сөндіріс көліктерді және қолда бар қарулы күштерді пайдалану туралы ұсыныстарыңызбен келісеміз...» деп бұйырылған еді. Кеңірге жіберілген КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары С. Егоровтың шұғыл түрде С. Кругловқа жолдаған «өте құпия» деген мөрі бар телеграммасында: «Осы жылдың 16-шы мамырынан бастап, 26-шы маусымға дейін жалғасып келген ІМ қарауындағы «Степной» лагерінің 3-ші бөлімшесіндегі жалпы саны 5251 болатын тұтқындардың бағынбауы лагерь аумағына әскер мен танктер енгізу арқылы осы жылдың 26-шы маусымы күні тоқтатылды» делінген.

Бір ескеретініміз – «Степной» лагеріндегі бүлік тек күштік құрылымдарды (бүгінгі тілмен айтсақ) ғана емес, халықшаруашылығы ведомстволарын да қатты дүрліктірді. Бұл да бекер емес. Өйткені, №4 ерекше лагерьдің тұтқындары «Үлкен Жезқазған» құрылысының ауыр жұмысынан қатты қажыған еді. Қатал жүйе қамаудағыларды қара жұмысқа аяусыз жеккен «коммунизмнің басқа да қарқынды құрылыстары» жайлы осылай деуге болады. Бұл да – Кеңес дәуірінің қисынсыз экономикасының тарихындағы айтылмай келген ақиқаттың бірі.

1953-ші жылдың шілде айында болған КОКП ОК Пленумы Ішкі істер министрлігін партия мен өкіметтен де жоғары қоймақ болған Берияның халық пен мемлекетке қарсы қылмыстық әрекеттері туралы мәселені қарастырды. Пленум адал жандарға қарсы жасалған қиянат пен қудалаудың фактілерін, билікті асыра пайдаланып, заңды өрескел бұзғандығын әшкереледі. Берия мен оның сыбайластары МҚМ мен ІМ-де заңсыздық орнатып, тергеу кезінде дөрекі тәсілдерді қолданған, айыптау материалдарын өтірік құрастырған және тек өзіне шын берілген кадрларды ғана жұмысқа алған. Пленум шешімдеріне сәйкес, милиция

органдарында тәрбие жұмысы күшейтіле түсіп, қызметтік тәртіпті нығайтатын жағдайлар жасалды.

Жұмыстың түрі мен әдісін жақсарту барысында Қазақстан ИМ КОКП ОК-нің «Партиялық және мемлекеттік аппараттардың жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы» 1954-ші жылдың 25-ші қаңтарындағы Қаулысын, КОКП ОК мен Министрлер Кеңесінің «КСРО министрліктері мен ведомстволары құрылымындағы айтарлықтай кемшіліктер туралы және мемлекеттік аппарат жұмысын жақсарту мақсатында қабылданған шаралар туралы» 1954-ші жылдың 14-ші қазанындағы Қаулысын басшылыққа алып, мемлекеттік аппарат жұмысының әдістеріндегі кемшіліктер ашылды, оның тым ауқымдылығы, бірқатар салаларында кездесіп қалар бюрократиялық тұрпайылықтар айтылды.

Күрделі әлеуметтік-саяси жағдайда 1954-ші жылдың тамыз айында Қазақстан Компартиясы ОК-нің шешімімен Шырақбек Қабылбаев Ішкі істер министрі болып тағайындалды. Сол кездері ішкі істер органдарының бүкіл жүйесі, әсіресе, оның негізгі құрамдас бөлігі – милицияның жағдайы өте қиын болатын. Білікті мамандардың, қызмет кеңселерінің, тұрғын үйлердің жетіспеушілігі айқын сезілетін. Материалдық-техникалық базасы әлсіздеу еді. Көлік пен байланыс құралдары, тапанша, жедел қызметтік және криминалистік техника жетіспейтін. Жаңа министр өзіне тән күш-жігерімен білек сыбана кірісті. Ш. Қабылбаев қызметтік нысандар мен ИМ пәтерлерінің құрылысына қомақты қаржы бөлінуіне қол жеткізді. Соның кезінде министрлікте тұңғыш рет Капиталдық құрылыс басқармасы құрылды, мердігерлік құрылыс ұйымдары мен өздерінің өндірістік базасы қалыптасты.

Елуінші жылдардың ортасында Қазақстанда тың жерлерді игеру басталды. Осыған байланысты, милиция органдарына мынадай міндеттер жүктелді:

– социалистік меншіктің сенімді күзетілуін қамтамасыз ету, халықшаруашылығындағы шығындардың орнын толтыру;

– қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және дер мезгілінде ашу, тың өңірі елді мекендерінде қоғамдық тәртіпті нығайту;

– автокөліктердің тұрақты жұмысын және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– төлқұжаттық жүйе талаптарының орындалуын қадағалау және т.б.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде жаңа совхоздар салынар өңірлерге материалдық құнды заттар ағылып келіп жатты (құрал-жабдықтар, құрылыс материалдары, техника, азық-түлік және т.б.). Архив материалдарын саралаудан байқағанымыз, дәл сол кездері осы өңірлерде мемлекет және кооператив мүлкіне қол сұғу тым жиілеп кеткен. Мұның басты себебі – сақтайтын қоймалардың, дүкендер мен қамбалардың болмауы, материалдық жауапкершілікті білетін кәсіби мамандардың жетіспеушілігі.

Сол кезеңдегі милиция қызметіндегі аса маңызды міндет – қоғам меншігінің қорғалуын қамтамасыз ету болатын. Осыған байланысты, СМУҚК (Социалистік меншікті ұрлаушыларға қарсы-күрес бөлімі) жұмысын жетілдіру мәселесі ерекше маңызға ие болды. Сол бір жылдары кейбір колхоздар мен совхоздарда, машина-трактор бекеттерінде, «Астық дайындау (Заготзерно)» жүйесінде аса ірі көлемде ақша мен құнды заттарды ұрлау әрекеттері әшкереленді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданында 14 адамнан құралған қылмыстық топтың аз ғана уақыттың ішінде 123 центнер бидайды ұрлағаны ашылды. Ал, Батыс Қазақстан облысында алыпсатарлардың 4 ірі тобы қолға түсті.

СМУҚБ қылмысты іздестіру, тергеу, төлқұжат және ғылыми-техникалық бөлімдермен, сыртқы қызметпен және

МАИ бөлімдерімен бірге әрекет етті. 1956-шы жылы ұрылар мен алыпсатарлардан жалпы құны 3 миллион рубльге жуық азық-түлік пен өндірістік тауарлар және 1450 центнер астық тәркіленіп алынды. Жолы кесілген әрбір қылмыс пен қолды болған құнды заттардың мемлекетке қайтарылуы – Қазақстан милициясының республикамыздағы халықшаруашылығының дамуына қосқан қомақты үлесі еді.

Бұл кезеңде республикамыздың бірқатар солтүстік облыстары милициясының алдында қараусыз қалған балалармен күрес аса күрделі мәселе болып тұрған болатын. Жаңа жерлерді игеру өңірлеріне сол жылдары ешкімі жоқ балалар көп келген болатын. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында 1956-шы жылдың алғашқы алты айында (1955-ші жылдың соңғы алты айымен салыстырғанда) қараусыз балалардың саны 47%-ға өсті, Павлодар облысында – 33%-ға, Қарағанды облысында – 20%-ға өскен, яғни, бұл кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың күрт көбеюінің бір себебі болғаны анық. Тиісінше, Солтүстік Қазақстан облысында балалар қылмысы 216%-ға, Шығыс Қазақстан облысында – на 121%-ға көбейген.

Мұндай жағдайда Қазақстан ІІМ кәмелетке толмағандар қылмысымен күресте милиция жұмысын жақсартуға бағытталған қосымша шаралар қабылдады. Милицияның «Балалар бөлмесінде» істейтіндерді басқа жұмыстарға пайдалануға тыйым салынды; қараусыз көше кезген балаларды тауып ұстаған учаскелік уәкілдердің, бекетте тұратын және қала аралайтын милиционерлердің жұмыстары жандана түсті. Қабылданған шаралардың арқасында, милиция қызметкерлері 1954-ші жылы – 5 мың, ал 1955-ші жылы – 4 мың қаңғыбас балаларды ұстады. Оларды жұмысқа орналастыру бойынша да ауқымды істер атқарылды. Тек 1955-ші жылдың өзінде ғана милициядағы «Балалар бөлмесінің» және қабылдау-тарату орындарының қызметкерлері 612 баланы жұмысқа орналастырып, 246 баланы тәрбие колонияларына жіберді, 110 баланы кәсіби

училищелерге жолдады, 2 мың бала ата-анасына және туыстарына қайтарылды.

Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Көкшетау, Талдықорған, Семей, Гурьев облыстарындағы қалалық, аудандық милициялардың колхоздар мен совхоздарды өз қамқорлығына алуы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға игі ықпал етті. Милиция қызметкерлері жексенбіліктер ұйымдастырып, ауылдағылардың дала жұмыстарына көмектестіп, малына жем, шөбін дайындасып, қыrmаны мен қоймаларын салысып, көркемөнерпаздар концертінде өнер көрсетіп, дәрістері мен баяндамаларын оқитын.

Қазақстанның ішкі істер органдары өздерінің тікелей міндеттерін орындаумен қатар, тың жерлерге сохоздар салуға да қатысты. Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында арнайы ұйымдастырылған құрылыс басқармалары 28 ауыл орталығын, (дүкендер, асханалар, наубайханалар, үйлер), ірі-ірі 257 астық қоймасын, бидай кептіретін 15 қамба, бірнеше элеватор салып берді. Көлік жолдары да тез салына бастады. ПМ-нің «Кең (шоссе) жолдар салу жөніндегі арнайы басқармасының» аясында Қазақстан көлік жолдары министрлігі құрылды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Кеңес мемлекетінің милиция органдарына тапсырған міндеттемелердің оңды шешім табуына Қазақстан Ішкі істер министрі Ш. Қабылбаев, оның орынбасарлары П.В. Николаев, С. Юсупов, А.И. Мусин, З.П. Волков, Республика ПМ милиция басқармасының саяси бөлімінің бастығы Н.Н. Лунев, милиция басқармасы бастығының орынбасары Е. Қазбеков, Ақмола облысының ІІБ бастығы Д. Ахметов, Батыс Қазақстан облысының ІІБ бастығы – Д. Құсманғалиев, Қарағанды облысының ІІБ бастығы – Н.Н. Любых көп еңбек сіңірді.

Н. Хрущев өз баяндамасында Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптаған партияның XX-шы съезі

(1956ж.) ел өміріндегі елеулі оқиға болды. Баяндамада Сталин билік құрған 1921-ші жылдан 1953-ші жылға дейінгі аралықта КСРО-дағы МБСБ (Мемлекеттік біріккен саяси басқарма) коллегиясы, ИМ ХК үштігі, Айрықша кеңес, Әскери коллегия, соттар мен трибуналдар саяси себептермен 3 миллион 800 мың адамды соттағаны, оның ішінде 650 мың адамды (ресми анықтамалар) атқаны атап көрсетілді. Сталин осы қудалау шараларының атқарылуын жеке өзі қадағалап, жазаны қатайта түсуді ылғи талап етіп отыратыны айтылды.

XX съезд сталиндік зұлымдықтардың тамырына балта шабуға жол ашып берді. Ол «Жеке басқа табынушылықты және оның зардаптарын жою туралы» шешім қабылдады, шілде айында (1953ж.) өткізілген ОК Пленумынан кейін заңдылық пен сот әділдігін қалыптастыру үшін жасалған іс-шаралардың дұрыстығын, сонымен қатар, қылмыстық істерді соттан тысқары қарау тәртібін жоюды, Айрықша кеңесті және соттан тысқары басқа да репрессия органдарын таратуды, Прокурорлық бақылаудың өз құқығын сақтап қайта құрылуын, төтенше заңнамалардың жойылуын мақұлдады. XX съезд шешімдерінде заңдылықты нығайту шараларының, КСРО Конституциясымен бекітілген азаматтардың құқығының қатаң сақталуының толық мақұлданатындығы; барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға заңдылықты қырағы сақтау міндеттелетіні, заңсыздықтың барлық түрлерін, зорлық-зомбылықты, құқықтық тәртіптің бұзылуын батыл әрі қатаң түрде тоқтату қажеттігі нақты айтылды.

Партияның XX-съезінен кейін КСРО үкіметі құқыққорғау органдарының жұмысында елеулі кемшіліктер барына көңіл аударды. Ішкі істер органдарының басқару жүйесін жетілдіру үшін КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің «КСРО ИМ жұмысын жақсарту бойынша шаралар туралы» 1956-шы жылдың 25-ші қазанындағы Қаулысының негізінде атқарылған іс-шаралар аса маңызды мәнге ие болды. Соған сәйкес, Ішкі істер министрлігінің милиция

басқармалары және облыстардағы, қалалар мен аудандардағы милиция басқармалары біртұтас ішкі істер басқармалары болып қайта құрылып, Еңбекші халық депутаттары Кеңесінің басқаруына берілді. Облыстық ішкі істер басқармасының бастығы сонымен қатар облыстық милицияның да бастығы болып, атқарған жұмысы туралы тиісті Кеңеске де, өзінен жоғары тұрған ішкі істер мекемесіне де есеп беріп тұратын болды. Осылайша, енді Еңбекші халық депутаттары Кеңесіне және жоғары тұрған ішкі істер органдарына бағынатын принцип қайта орнады.

Қазақстан Компартиясы ОК мен республика Министрлер Кеңесінің 1956-шы жылдың 30-шы қарашасындағы Қаулысы милиция кадрларының сапалық құрамын жақсартуды қарастыратын маңызды нормативтік акт болып танылды. Қаулы қоғамдық ұйымдарға Қазақстан милициясын нығайту үшін саяси дайындығы мықты 370 жұмыскерді іріктеп, оның ішінде 120 адамды басшылық және жедел іздестіру қызметтеріне таңдап, жолдама беруді міндеттеді. 1958-ші жылы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жолдамасымен республика ІІМ қызметіне 913 адам, оның ішінде 655 – Кеңес Әскері қатарынан парызын өтеп келгендер, 117 – оқу орындарын тәмамдап келгендер қабылданды.

Сондай-ақ, елуінші жылдары көпшілікті қылмыспен күресуге тарту жүзеге асты. 1958-ші жылдың қараша айында ленинградтық жұмысшылардың ұсынысы бойынша, алғашқы ерікті халық жасақтары (ары қарай ЕХЖ, орысшасы – ДНД) пайда болды. 1959-шы жылға қарай мұндай ЕХЖ саны 84 мыңнан асып, өз қатарына 2 миллионнан астам адамды шоғырландырды. Елуінші жылдары бұл көше қылмысымен күресте милицияға нақты көмек болып еді. Әрине, ЕХЖ ұйымдастырылуы жағынан, кезінде таратылған милицияны қолдау бригадаларынан басқаша болды. Бұл бригадалар милиция органдары жанынан құрылды, ал ЕХЖ – кәсіпорындар мен мекемелерде жасақталды. Соның

нәтижесінде милиция бөлімшелері өз жұмыстарында жәрдемге жарайтын жақсы мамандарды асықпай таңдап алатын мүмкіндіктен айрылып қалды да, ерікті халық жасақтарын басқарудағы ұтқырлық жоғалды. ЕХЖ қатары көбейген сайын елдегі партия және мемлекет басшылары ІІМ қызметкерлерінің санын мақсатты түрде қысқарта бастады. Құқыққорғау күштерінің жаппай қысқартылуын жоғары жақ, «көп ұзамай Коммунизм жеңіске жетеді» деп партияның ХХІ-ші съезінде халыққа уәде берген Н.С. Хрущевтың өзі бұйырып тұрды. «Милиция қылмыстарды көпшіліктің көмегімен-ақ жоя алады» деп ойлады ол. Осылайша, Хрущев билік құрған кезеңде ІО-нан 400 мың қызметкер босатылды, ал кадр мәселесі партия мен косомол ұйымдарының және әскерден келгендердің есебінен шешіліп отырды. Бұл әрине, милиция қызметкерлерінің кәсіби деңгейінің күрт төмендеуіне әкеліп соқты да, есесіне қылмыс саны көбейе түсті.

ІІМ жұмысына жаңалықтар енгізу оның жалғасар тарихына жақсы атақ әпере қоймады. ІО жұмыстарын ұйымдастыру бойынша бұл өзгерістердің көпшілігін, ІІМ мен басқа да құқыққорғау құрылымдарының ықпалы күшеюінен сақтанған Н. Хрущевтың жеке өзі ұсынған еді. Бұл аралықта Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті болып өзгертілді, жаза өтеу мекемелері Әділет министрлігінің қарамағына өтті, ГУЛАГ жойылды. «Бөліп ал да, билік құр» принципін жүзеге асырған Н. Хрущев бүгінде сыртқы барлаумен айналысып, саяси полиция міндетін атқарып жүрген МҚК мен ІІМ арасына әдейі от жағып, өшіктірді. Егер МҚК Партия ОК мен үкімет тарапынан барынша қолдау көріп, қаржыға кенелсе, ІІМ-нің жағдайы керісінше, өте ауыр болатын.

Маңызды мәселелерді оп-оңай шеше салмақ болу Хрущев пен оның айналасындағыларға әдет болып кеткен еді. Ойланбай жасалған мемлекет ішіндегі саясат Новочеркасскідегі немесе Теміртауда болған оқиғалар

секілді зардабы ауыр қақтығыстарға алып келді. Сол кезде жаңадан салына бастаған Теміртау қаласында 1959-шы жылдың жазында әлеуметтік мәселелердің шешілмегеніне наразы болған көпшілік қатты толқыды.

7.2 1959 ж. Теміртау оқиғалары

Қарағанды облысы Теміртау қаласында 1959 жылы орын алған тәртіпсіздіктер туралы алғашқы естеліктер 1990 жылдың соңында мерзімді баспасөз беттерінде пайда болды. Кейінірек «Горизонт» газетінде осы оқиғалардың куәсі болғандардың естеліктері мен М. Ермановтың еңбегінде негізінен Қарағанды облысының партиялық және мемлекеттік мұрағаттарының материалдарын пайдаланған мақаласы жарияланды. Егер авторлардың кейбірінің естеліктерінде, мысалы Васютин М.П. – осы оқиғалар кезінде «тәртіп орнатқан» және мундирдің намысын қорғаған адамдардың қатарында болса, онда сол жылдары аспирант болған М. Ерманов, біздің ойымызша, өз кезегінде «ақтау» құжатының бір түрі, яғни ПБ-нің баяндау хатының жетегіне ерген.

Енді болған оқиғаның жалпы көрінісін қайта бейнелеуге тырысып көрелік. Оқиға келесідей жағдайда басталған. 1959 жылы 1 тамызда сенбі күні кешке бір топ жұмысшылар асханаға бет алған, бірақ барлық асханалар жабылып қалғандықтан аш қалған. Бұл олардың ашу-ызасын тудырған. Жұмысшылардың наразылығы толығымен әділ болатын. Келесі күні, яғни 2 тамыз жексенбіде жұмысшылардың наразылығын бір топ бұзақылар пайдаланып кеткен, олардың кейбір бөлігі өндірісте жұмыс істемейтіндер еді. Олар жұмыс істейтін жастарды өздеріне қарай тартып, келесідей тәртіпсіздіктерді ұйымдастырды: квас бөшкесін сындырып, тонай бастаған, кейінірек асхананы талқандаған. Бұл сенбіден жексенбіге қараған түннің алғашқы жартысына жуық уақытта орын алған.

Талқандау кезінде екі адам ұсталып, милиция оларды оқшауландырады. Сол уақытта жиналған топ бірден ұсталғандарды босату үшін милиция бөлімшесіне барған. Алайда, көздеген мақсаттарын жүзеге асыру мүмкін болмады. Содан кейін жиналған топ көзге ілінген ларекті талқандайды. Бұл күні келтірілген шығын көп болмаған, зардап шеккендер жоқ. 2 тамыз күні таңертең шатырлы қалашықта жиналыс өткізіледі. Үш сағат ішінде тілек білдірушілердің барлығына сөз сөйлеуге және өз талаптары мен тілектерін білдіруге мүмкіндік берілген. Тәртіпсіздікке қатысқандар да сөз сөйлеген. Сонымен сұрақ шешілгендей болады.

Дегенмен, МҚК-нің (КГБ) жедел тобына профилактикалық жұмыс тәртібінде шатырлы қалашықта болу тапсырылады. Кезекшілікке партиялық және комсомол активінен 230 адам тартылады.

Қарағанды облыстық партия комитетінің бюро мүшелері (соның ішінде обкомның бірінші хатшысы П.Н. Исаев) күту позициясын ұстанды. Олардың барлығы мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының бастығымен бірге Қарағандыда қалды. Ал Теміртауға тек облыстық комитеттің хатшысы Әлиханов қана жіберіледі. Әлиханов алаңға келгеннен соң тресттің бөлмесіне кіреді, сол жерде оған поселкіде әдеттегідей бұзақылықтың орын алғандығы туралы хабарлаған. Облыстық комитеттің өкілі ешқандай шара қолданбастан және болған оқиғаның мәнін зерделемей Теміртау көлінде шомылып, Қарағандыға қайтып кеткен.

Алайда, сол күні бұзақылық жалғасып кеткен. Жиналған үлкен топ кешке, сағат сегізден асқан шақта, милиция бөлімшесін талқандай бастаған. Милиция ғимараты мен дүкен қоршауға алынады. Қарағанды металлургия зауыты партия ұйымының хатшысы А.Г. Коркин бұл туралы партия обкомына хабарлайды. Осы жағдайды талқылау үшін облыстық комитеттің хатшылары Исаев, Әлиханов, Энодин, Қарағанды облысы бойынша МҚК басқармасының бастығы

Шмойлов, облыстық комитеттің бөлім меңгерушісі Букенов және тағы басқалар жиналып милиция күштері мен Қарағанды лагерінің (Карлаг) қарулы күзет сарбаздарын көтеруге және оларды «тәртіпті қалпына келтіру үшін» құрылысқа жіберу туралы шешім қабылдайды.

Шамамен сағат 23-ке дейін Қарағанды облысы бойынша ИБ бастығы Любых Теміртаудан жиі қоңырау шалып, тәртіпсіздікке қатысушыларға қарсы қару қолдануды сұрайды. Түбінде ол бұған П.Н. Исаевтың рұқсатын алған. Расын айтқанда, соңғысы мұны бірден жасамады деп айтуға болады, яғни ол екі сағат ішінде тартыншақтап, екі рет республиканың ІІМ-нің министрі генерал Ш.К. Қабылбаевқа қоңырау шалып, не істеу қажеттігі туралы ақылдасады. Соңғысы мемлекеттік мүлікті қорғау және қару қолдануға жүгіну керек деген. Осыдан кейін қайғылы оқиға орын алған. Атыс барысында бірнеше адам қаза табады. Бұл жайт жексенбіден дүйсенбіге қараған түні, яғни 2-ші тамыздан 3-ші тамызға қараған түні орын алған.

Теміртауда болған істі тергеу КСРО Бас прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі әскери тергеушісі әділет полковнигі Грековке тапсырылады. Тергеу барысында ол айыптау қорытындысын жасаған. Бұл құжат келесі мән-жай туралы айтады. 3 тамыз күні сағат 2-лер шамасында қару қолдануға келісім алған Любых қалалық полиция бөлімінен оқ-дәрілерді жеке өзі әмбебап дүкенінен жеткізген, оларды кейбір офицерлер мен сержанттарға таратып, дүкеннің ішіндегі адамдарға, сондай-ақ әскери қызметшілердің қоршауын бұзу арқылы әмбебап дүкенге жақындауға тырыскандарға оқ атуды бұйырған. Оқ атуға рұқсат алған қызметкерлер әмбебап дүкеніне қарай бірнеше мәрте оқ атқан. Нәтижесінде, В.Д. Бескоровайный деген азамат өлтірілген. Содан кейін Любыхтың нұсқауы бойынша офицерлер Дианов пен Зленко әмбебап дүкеннен жүгіріп шығып, көпшілікке қарай жүгірген азаматқа (жеке басы

тергеу барысында анықталған жоқ) карабин мен тапаншадан оқ жаудырады. Соңғысы жарақаттар алған.

Тамыздың 2-нен 3-не қараған түні әмбебап дүкенге карабинмен және патрондары бар автоматтармен қаруланған тұтқындау орындарының конвойлық күзет бөліністері мен әскери қызметшілер келумен болады. 3 тамыз күні таңғы уақытта Теміртау қаласында ІІМ айдауылдық күзеті, қалалық милиция бөлімі, облыстық ІІБ мен басқа да бөліністерден құралған 600 адам жиналған болатын. Алайда әмбебап дүкенге келген бөліністерге анық және нақты міндеттер қойылмаған. Әмбебап дүкенінің маңында жүрген Любух офицерлер арасында аға бастық бола тұра келген бөліністерге бірыңғай басшылық жасамаған, осының салдарынан сарбаздар, курсанттар мен милиция қызметкерлері ештеңе ойланбастан, өз қалаулары бойынша әмбебап дүкенінің жанына жиналған поселок тұрғындарына карабин және автоматтардан бей-берекет оқ жаудырған. Атыс әсіресе таң ата бастағанда және 3 тамыз күні таңертеңгі уақытта әмбебап дүкеніне айдауылдық күзет бөліністерінің көпшілігі келгеннен кейін күшейе түскен. Бей-берекет атыс нәтижесінде ешқандай да тонау мен тәртіпсіздіктерге қатыспаған жұмысшылар Ковтун, Макеев, Горбачев, Розов, Капустин, Дәрімбаевтар оққа ұшқан. Көптеген тұрғындар жарақат алған. Олардың арасында да жазықсыз зардап шеккендер бар болатын.

ІІМ әскерлерінің әскери қызметшілері мен милиция қызметкерлерінің әмбебап дүкені аумағындағы бей-берекет оқ жаудырғандығын ауыл тұрғындары мен олардың пәтерлерінде жүріп жарақат алу фактілері растайды. Тамыздың 2-нен 3-не қараған түні сарбаздар мен курсанттар АӘӨСБ-7 (СВПЧ-7) өрт сөндіру бекетінен дабыл бойынша шақырылған өрт сөндіру автокөлігіне оқ жаудырған, нәтижесінде оның жауынгерлік есебіндегі ефрейтор Шушуев жарақат алған.

Айта кететін жайт, жаппай тәртіпсіздіктің кейбір қатысушылары қару қолданғандарға қарсы жауап ретінде аңшы мылтықтарынан бірнеше рет оқ атқан, соның салдарынан кейбір сарбаздар, курсанттар мен офицерлер бытыра оқтардан жарақаттар алған. Қорғанушылар жағына тастар, таяқтар және басқа заттар лақтырылған.

3 тамыз күні таңертең және күндіз атыс қаруынан қарқынды оқ жаудырылып, соның нәтижесінде азаматтарды өлтіру және оларға жарақат келтіру өз жалғасын тапты. Кейбір азаматтар жұмысқа бара жатқан кезінде жарақат алып қаза тапқан. Мәселен, Комсомол қалашығында тұратын «Казстальконструкция» ағаш ұстасы П.И. Зулин 3 тамыз күні сағат 8.00-де жұмысқа бара жатқанда ауыр жарақат алған. Зулин жұмыс комбинезонында болған. 1959 жылғы 3 тамыз күні 11.00 сағат шамасында әмбебап дүкенінен 100 метр қашықтықтағы трест кеңсесінің жанында «Промметаллургстрой» құрылыс басқармасында жұмыс істейтін азаматша Н. Нестер қаза тапқан. Тергеп-тексеру барысында оның ешқандай тәртіпсіздіктерге қатыспағаны анықталды. Нестерды білетін адамдар оны қарапайым және жақсы қыз ретінде сипаттаған.

3 тамыз күні күндіз В.И. Нижник, П.Г. Сиваченко қаза тауып, Козлов және Ю.И. Тыринов өмірге аса қауіпті ауыр жарақаттар алды. Жараланғандардың ішіндегі 4 адам (Козлов, Зулин, Тыринов және Пароконный) ауруханада қайтыс болды. Шамамен сағат 18.00-дерде сарбаздар мен курсанттар трест пен әмбебап дүкенінің маңына келді, содан кейін олар оқ жаудыру арқылы сол жерде болған адамдарды поселоктың сыртына қарай ығыстырып, шатырлы қалашықтың бойымен тізбектеле қоршау құрды. Кейінірек, шамамен сағат 21.00-де айдауыл қызметінің әскери қызметшілері мен милиция қызметкерлері шатырлы қалашықтың тұрғындарын қандай да бір қажеттілік туындамаса да шатырларынан шоқыға ығыстырып шығарды, бұл кезде де қару қолданылып, бей-берекет атыстар жүргізілді. Атыс аздап бәсеңсіген кезде, подполковник

Любых: «Атыс тоқтатылсын, менің артымнан шабуылға еріндер!» – деген бұйрық берген.

1959 жылғы 3 тамызда шатырлы қалашықтың аумағында болған атыс салдарынан жаппай тәртіпсіздіктерге қатыспаған тағы 8 жұмысшы, яғни: Е.П. Иванов, С.Щ. Газетдинов, А.Д. Новиков, А.М. Макаров, В.П. Репетилот, А.Е. Игнатенко, В.П. Козуб және В.Ф. Войтехович жарақат алды. Оның екеуі – Иванов пен Газетдинов – келтірілген жарақаттар салдарынан ауруханада қайтыс болған. Бұл адамдарды жатақханада бірге тұрған және жұмысы бойынша білетін поселок тұрғындары тек жағымды жағынан сипаттап жатты.

Теміртау зауыт кентіндегі тәртіпсіздіктерді жою кезінде барлығы 16 адам қаза тауып, 50-ден астам адамға жарақаттар келтірілді. Шамамен 10000 жауынгерлік және 2000 залалы жоқ оқ-дәрі шығындалды.

Прокуратура жүргізген алдын ала тергеу материалдары бойынша Теміртауда орын алған атыстың негізгі кінәлі тұлғалары ретінде министр мен облыстық ішкі істер басқармасының бастығы болған деген пікір қалыптасады. Алайда, айыпталушылардың бұл мәселеге қатысты өз пікірлері болды, яғни олар өздерін тек берілген бұйрықтардың орындаушыларымыз деп санады және сонымен бірге, қайғылы оқиғаның негізінен партиялық функционерлердің қорқақтығынан туындағанын әшкерелейтін материалдар негізінде толығымен дәлелдеп берді. Осылайша, жауапкершілік жүгін милицияға арту әрекеті сәтсіз аяқталды және іс тоқтатылды.

Бұл оқиғалардың себептері неде? Олардың мәні келесіде еді. Құрылыс басшылығы, Қарағанды кеңестік халық шаруашылығы құрылыс жоспарының орындалуын қамтамасыз ету үшін алаңға құрылысшылардың жаңа қосымша кадрларын үздіксіз талап етіп отырды. Қарағанды металлургия зауыты «Бүкілодақтық жастар құрылысы» болғандықтан, комсомолдың ОК құрылыс жетекшілерінің сұраухаттарына жауап ретінде Одақтың барлық түкпірінен құрылысқа көптеген жастарды аттандырған. Мысалы, 1953

жылы ұжым 3500 адамнан құралса, 1959 жылы зауытта 25,5 мың жұмысшы, қызметшілер еңбек етті. Мамандарды іріктеу жүргізілмеген. Қысқа мерзім ішінде жұмысқа 3 мыңға жуық адам қабылданды, соның ішінде 1500-ге жуық кәметке толмаған ұлдар мен қыздар болды. Оқиға қарсаңында трестте мемлекеттік жоспардан тыс 3 мыңнан астам жұмысшы болды, ал жоғары тұрған органдардың барлығы әлі де болса контингентті кеңейтуді талап етуде еді. Нәтижесінде, құрылыс алаңында жұмыс күшінің ағыны оларды пайдалану мүмкіндігінен әлдеқайда алда болған жағдай қалыптасты. Бұл жағдай, сондай-ақ құрылыстың нашар ұйымдастырылуы мен дұрыс бөлмеу фактілерінің болуы алғашқы күннен бастап келген жұмысшылардың жеткілікті жұмыспен қамтамасыз етілмеуіне, осыған байланысты жалақының төмен болуына әкеліп соқтырды. Көтеріліс күндері жұмысшылар галантерея дүкенінен алған екі үрленетін шарға: «Біз жалақыны көтеруді және 6 сағаттық жұмыс күнін талап етеміз!» – деген жазу жазып, оларды аспанға ұшырған болатын.

Құрылысшылар үшін қажетті тұрғын үй жағдайлары жасалмады. 14600 жас жұмысшы жатақханаларда тұрды. Бірақ күн сайын құрылысқа жаңа адамдар келуде еді, ал оларды орналастыратын тұрғын үйлер болмады. Қарағанды кеңестік халық шаруашылығы қызметкерлері, атап айтқанда оның төрағасы Д.Г. Оника мектептерді жабуды, жаңадан келген жұмысшыларды клубтар мен пионер лагерлеріне орналастыруды ұсынды. Төсек-орынның жетіспеушілігі туралы сұрақты шешу үшін Оника жеке өзі матрацтар мен жастықтарды сабанмен толтыруды ұсынды.

1958 жылға дейін Теміртауда палаткалар (шатырлар) тігуге рұқсат берілмейтін. Бірақ содан кейін қалыптасқан жағдайға байланысты жастар «шатырлы қалашыққа» орналастырыла бастады. Шатырлар қолайсыз болды, өйткені одан көбіне су өтіп кететін, ол аймаққа төсек-орын, бет-қолжуғыштар және т.б. жетіспейтін. Мәдениет, тұрмыс мәселелері артта қалатын. Он жылдан астам уақыт бойы өнеркәсіптік және мәдени-тұрмыстық құрылыс жоспарлары

жылдан жылға орындалмайтын. Айталық, «Қазметаллургқұрылыс» трестінің мәдени-тұрмыстық құрылыс жоспары 1957 жылы ғана тек 67%-ға ғана орындалды, ал 1959 жылдың екінші тоқсанында іске қосылуға жататын мәдени-тұрмыстық мақсаттағы 10 объектінің 5-і ғана іске қосылды. Зауыт кентінің жекелеген кварталдарында су құбыры мен кәріз жүйесі болған жоқ. Судың өткір жетіспеушілігімен қатар онымен жабдықтау құрылысы 1955 жылдан бері жүргізілуде еді. 1957 және 1958 жылдары зауыт құрылысында, шамамен 100 миллион рубль капиталдық салымдар игерілмеген болатын.

Тамақтандыру толығымен қанағаттанарлықсыз түрде ұйымдастырылды. Теміртаудың шығыс бөлігінде тұратын 31 мың адамға 3750 орындық асхана қажет еді, алайда 1300 орындық 16 асхана ғана болып, соның ішінде құрылыс алаңында 600 адамға арналған 5 асхана ғана жұмыс істеді. Осының нәтижесінде асханалар тек 18 мың адамға ғана қызмет көрсете алатын. Сондықтан асханаларда ұдайы кезекке тұру орын алды. Сонымен қатар, асханалардың көп бөлігі суды жеткізіп отыру арқылы жұмыс істеді және оларда кәріз жүйесі болған жоқ.

Азық-түлік және күнделікті тұрмыста қажетті заттар саудасы нашар ұйымдастырылды. Дүкендерде 204 жұмыс орны қажет болса, олардың саны тек 142 еді. Көптеген учаскелерде буфет немесе олар үшін шатырлар болған жоқ. 1959 жылы құрылыстың сауда желісіне көптеген картоп, көкөніс, жеміс-жидек және бақша дақылдары әкелінді, бірақ алма, алмұрт, жүзім және қызанақтың көптеген мөлшері шіріп кетіп, тұтынушыға дейін жетпей қалды. Нанмен және басқа да өнімдермен, кейде тіпті ауыз сумен қамтамасыз етуде проблемалар болды.

Медициналық және балалар мекемелерімен, оларды қамтамасыз етумен байланысты мәселелер де ойдағыдай болмады. Егер Теміртаудың Шығыс кентін алар болсақ, онда норма бойынша 1 мың тұрғынға 11 аурухана төсегі тиіс болуы керек болса, онда тек 3,5 ғана болды; мектеп

орындары – 150-дің орнына 55, бөбекжайлар 30-дың орнына – тек 6-ау ғана болды.

1959 жылы құрылысқа 13 мыңға жуық адам келді. Бірақ жұмысшылардың кетуі қарқыны да аз болмады. Шатырлы қалашықта заңсыздықтың өрескел фактілері байқалды, ауыр тұрмыстық жағдайлар қалыптасты, осының нәтижесінде 9 мың адам кетіп қалды. Жұмысшылар осы мәселелердің барлығын құрылыс, партком, құрылыс комитетінің алдында бірнеше мәрте қойған болатын, алайда одан ешқандай нәтиже шықпады.

Қазақстан магниткасына Одақтың түкпір-түкпірінен құрылысшылар ағуда еді, бірақ та жас энтузиастарды құрылыста ешбір ынта-жігерсіз қарсы алатын. Құрылыс басшылары, партия комитеті, қалалық ұйымдар, кеңестік халық шаруашылығы, облыстық партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары жұмысшыларының қажеттіліктеріне немқұрайлы қарап, дәрекілік танытып, олардың көңіл-күйлеріне тиесілі назар аудармады. Оқиғалар саяси сипатта болған жоқ деп айтылғанмен, бұл осы ұйымдардың саяси жеңілісі, халықтың және жұмысшы табының алдындағы қылмыс еді.

Қайғылы оқиғадан кейін, 1959 жылдың қазан айында Қарағанды облыстық партия комитетінің және Теміртау құрылысшылар активінің IX Пленумында сөз сөйлегендер жатақханалардың суық, жиі жарық болмайтынын, мерзімді басылым жеткізіле бермейтіндігін, тіпті радио да жоқ екендігін, мыңдаған жұмысшылардың әлі күнге дейін вагондарда тұрып жатқандығы, ал қыстың басталуына аз ғана уақыт қалғандығы туралы сұрақтарды көтерді. 1959 жылғы 23-24 қазанда өткен Қазақстан Компартиясы ОК XVI Пленумы тұрмысқа қатысты осындай жағдай басқа да бірқатар қалаларда, кәсіпорындарда, республиканың совхоздарында бар екендігін атап көрсетті.

Ел басшылығы экономикалық «жетістіктерге» қол жеткізуге ұмтыла отырып, қатардағы еңбеккерлердің әлауқаты, олардың әлеуметтік қорғалуы мен материалдық жағдайын ұмыт қалдырған болатын. Теміртауда орын алған

тәртіпсіздіктер халықтың шыдамының шексіз емес екенін еске салды.

Әрине, Қарағанды металлургия зауытында әртүрлі адамдар еңбек етті немесе сонда жұмысқа орналасуға тырысты. Тіпті олардың кейбіреулері бұрын сотталғандар еді. Алайда, біріншіден, 50-жылдардың басында болған жүйеде бұрын сотталғандықтың болуы, қазір өзіміз білетіндей, үйреншікті жағдай болғанын ескеру қажет. Сондықтан жұмысшылардың арасында жазықсыз сотталғандар мен ақталғандар саны аз болған жоқ. Екіншіден, ІІМ қызметкерлерінің арасында Қазақстан Компартиясы ОК сол кездегі 1 хатшысы Н.И. Беляев мәжбүрлі түрде атап өткендей: «бүкіл Одақ бойынша қылмыскерлер ретінде іздеуде болған» адамдар да болатын.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Теміртауда орын алған жұмысшылар толқуы бірер уақыттан кейін 1962 жылы маусымда Новочеркасск қаласында болған оқиғадай арандатушылық болмаған, яғни олар адамдарды құқық тәртібін бұзуға итермелемеген деп айтуға болмайды. Өйткені, жергілікті билік үшін үлкен әлеуметтік тербелістерді қылмыстық элементтердің бұзақылық әрекеттері дей салу оңайырақ болатын. Әрине, біз жұмысшыларға қатысты барлық айыптаулар негізсіз деп айта алмаймыз, алайда «бүлікшілердің барлығы» қылмыстық элементтер болды деп айтуға да құқығымыз жоқ. Мыңдаған жұмысшылардың арасында бұзақылық элементтердің мөлшері аз болатын. Адамдар өздерінің мүдделерін ескермеуден шаршап, қалыптасқан тұрмыс жағдайларына наразы еді. Сол себепті де ерте ме, кеш пе әлеуметтік жарылыстың болары анық болатын. Ал, ол өзін ұзақ күттірген жоқ... Бүгінгі күнге келер болсақ, Теміртау оқиғаларына саяси баға беріліп, ал оның жекелеген қатысушыларын ақтайтын уақыт келді деп есептейміз.

7.3 Одақтық ІІМ-нің таратылуы. ҚТСМ құрамына ауысу

1960-шы жылы КСРО ІІМ-і таратылды. Одақтық ІІМ-нің осы жылдың қаңтар айында таратылуының нәтижесінде, мемлекет аумағында республикалық органдардың жұмысын үйлестіру айтарлықтай күрделеніп, тәртіп қорғау қызметінің көптеген мәселелерін бірқалыпты реттеуде еш ақтауға болмайтын олқылықтарға алып келді. Республикааралық тәжірибе алмасу босаңсып кетті. Дегенмен де, республикалардағы ішкі істер министрліктеріне, соның ішінде Қазақстандағы министрлікке де барлық мәселелерін өз бетінше шешуге тура келді.

Алпысыншы жылдардың басында Еңбекпен түзету мекемелері жүйесінде бірқатар өзгерістер болды. 1960-шы жылы Қазақ КСР ІІМ-нің Қамауда ұстау орындары басқармасында 32 колония, оның ішінде 22 – өндірістік, 4 – ауылшаруашылық, 6 – контрагенттік колониялар болды. Жиһаз жасайтын 5 фабрика, 7 тігін цехы, пима жасайтын фабрика, металл өңдейтін зауыт және әртүрлі көмек жасаушы 12 цех жұмыс істеп тұрды.

1960-шы жылы КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің «КСРО ІІМ еңбекпен түзету мекемелерінің жұмысын жақсарту бойынша шаралар туралы» Қаулысы қабылданды. Бостандыққа шыққан соң сотталғандардың әрқайсысын қоғамға пайда келтіретіндей етіп, қайта тәрбиелеу ЕТМ-нің басты міндеті болып жарияланды. Қоғамға пайдалы еңбек – қайта тәрбиелеудің басты құралы ретінде белгіленді. Ұстау режимінің төрт түрі енгізілді: жалпы, күшейтілген, қатал және ерекше, түрмелерде ұ жалпы және қатал. Осылайша, бұл шаралар – әлеуметтік қауіптілігі ескерілген сотталған жандарды ұстаудың сараланған тәсілін қамтамасыз етудің тағы бір кезеңі ретінде танылды.

50-60-шы жылдары Қазақстанның пенитенциарлық жүйесінде өзіндік «пилоттық» жобалар сынақтан өткізіліп, түзету мекемелерінің жаңа түрлері пайда бола бастады. Мысалы, қаупі аздау қылмысы үшін сотталғандарды іріктеу

есебінен тың өлкесіндегі совхоздарды жұмыс күшімен қамтамасыз ету мақсатында, колония-ауылдар құрыла бастады. Сондай-ақ, қатал режимдегі үш колония (Қостанай облысындағы Жетіғара қаласы, Ақмола облысындағы Вишневка ауылы, Солтүстік Қазақстан облысындағы Заградовка ауылы) құрылды. Түзету мекемелеріндегі штаттар да өзгеріске ұшырады. 1961-ші жылы орталық аппараттарда «бөлім бастығының сотталғандар арасында саяси-тәрбие жұмысын атқару бойынша орынбасары» деген лауазым пайда болды. Отряд – саяси-тәрбие жұмысының орталығы болып белгіленді. Жалпы білім және кәсіби білім беру кең тарала бастады.

1962-ші жылы республикаларда Қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігі (ҚТСМ) құрылды, ал облыстардағы Ішкі істер басқармалары Қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасы (ҚТСБ) болып өзгертілді. Дегенмен де, ведомствоның жаңа атауы, ашығын айтсақ, осы органдарға жүктелген жұмыстар мен міндеттерге сай келмейтін.

Сол кезеңде милиция атқарар жұмыс 1962-ші жылдың 17-ші тамызында КСРО Министрлер Кеңесі бекіткен Кеңес милициясы туралы жаңа Ережемен реттелді. Мұнда оның нақты жұмыстары тұжырымдалып, құқықтары мен міндеттері айқындалды. Ережеде милицияның қалаларда, елді мекендерде және көлік жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық меншікті, азаматтардың құқығын қылмыскерлерден қорғау, қылмыстардың алдын алып, дер мезгілінде ескерту, жылдам ашу міндеттелген Кеңес мемлекетінің әкімшілік-атқарушы органы екендігі айтылған. Сондай-ақ, Ережеде жергілікті милиция органдары өз жұмыстарында Еңбекші халық депутаттары Кеңесіне және жоғары тұрған қоғамдық тәртіпті сақтау органдарына есеп беретіні, яғни, екіжақты бағыну принципі бекітілгені атап көрсетілген болатын.

Ереже милицияда жұмыс істеуге моральдық тұрғыдан өте төзімді, Отанына адал КСРО азаматтары қабылданатынын ескертіп өткен. Милиция қызметкерлері тиісті дайындығымен шыншыл, өжет, тәртіпті және қырағы

болып, қызметтік міндетін бар ынтасымен аянбай атқарып, ал егер қажет болса, жанын да қиюға даяр болуы тиіс делінді онда. Милицияда салтанатты түрде Ант қабылдау, республикалық, облыстық және ірі қалалық гарнизондарда Қызыл Ту көтеру, әр жыл сайын 10-шы қарашада Кеңестік милиция күнін сән-салтанатымен атап өту орынды деп көрсетілді.

Партия мен Үкіметтің біріккен Қаулыларында (1962г. тамыз) милиция қызметінің жай-күйіне сараптама жасалып отырылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1962-ші жылдың 26-шы қыркүйегіндегі Жарлығымен әр жылдың 10-шы қарашасы – Кеңес милициясы күні кәсіби мереке болып белгіленді, милиция жеке құрамының Анты (1962ж. 15 қазан) нақтыланды, патрульдік-бекет қызметінің Жарғысы қолданысқа енгізілді (1963ж. 1 тамыз), Республика ҚТСМ МАИ туралы қалыпты Ережесі бекітілді (1963ж. 30 қыркүйек). КСРО және РКФСР Жоғарғы Кеңестері Президиумдарының Жарлықтарымен милиция гарнизондары мен Министрлік оқу орындарына Қызыл Тулар (1963ж. 23 қазан), «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалі туралы Ереже (1963ж. 12 қазан) белгіленді. «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен Ерікті халық жасақтарының (ЕХЖ) мүшелері де марапатталды.

Милиция органдарында елуден астам қызметкері бар штатпен бастықтың саяси-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымы енгізіліп (1965ж.), милиция жеке құрамы арасында заңдылық пен мораль нормалары сақталуы бойынша жұмыстар ұйымдастыру солардың міндетіне кірді.

Кеңес Үкіметі шешімдерін басшылыққа ала отырып, милиция туралы жаңа Ережені ескеріп, Қазақстанның мемлекетік және қоғамдық ұйымдары Республика милициясының кадрларын нығайту бойынша бірқатар қосымша шараларды жүзеге асырды. Мысалы, 1962-1964 жылдары Қазақстанның Қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігінің қызметіне 4 мыңнан астам адам жолданды. 1963-ші жылдың 19-шы қыркүйегінде Қазақстан Жоғарғы

Кеңесінің Президиумы республика милициясының Қызыл Туы туралы Ережесін бекітті. Мұнда: «Қызыл Ту – милиция гарнизоны абыройының, ерлік жолы мен даңқының символы» деп жазу болды. Ол әрбір милиция қызметкеріне – Отанға қызмет ету абыройлы парыз екенін, Кеңес мемлекеті мен халқының мүддесін қорғау жолында бар күшін, тіпті, жанын да аямауы тиіс екенін есіне салатын. Қызыл Тулар Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының Грамотасымен бірге салтанатты жағдайда милиция бөлімшелеріне тапсырылатын.

1963-ші жылдан бастап Қазақстан милициясын, ең алдымен оның қалалық және аудандық аппараттарын жасақтау қоғамдық ұйымдар жиналыстарында қалай ұсынылғаны талқыланып, еңбек ұжымдарының жолдамаларымен жүзеге асыру қолға алынды. Милиция аппараттары өздеріне жолдамамен келген жанның жұмысы туралы мекеме, кәсіпорын адамдарына үнемі баяндап тұратын. Өздерінің екі озат жұмысшысын милиция қызметіне жолдаған Алматыдағы «Ауыр машина жасау зауытының» еңбек ұжымындағы және үш бірдей өндіріс озаттарын милицияға жіберген «Үй құрылысы комбинатының» жиналыстары өте әсерлі өтті. Сол кездің астанасы еңбекшілерінің бұл бастамасы үлгі ретінде республикамызға кең тарап кетті. Тек 1964-ші жылы ғана еңбек ұжымдарының ұсынуымен милицияға 300-ге жуық адам қабылданды. Кадрларды жасақтаудың мұндай тәртібінің енгізілуі – еңбек ұжымдарының қоғамда алар орыны биіктей түскенінің айғағындай болды.

Құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету бағытында – елімізде қылмысты толығымен жою, оның шығу себептерін айқындау және қоғамға жат қылықтар көрсеткен кейбір жандарды қайта тәрбиелеу қолға алынды. Кеңестер Одағы жаңадан қалыптаса бастаған жылдардағыдай, құқық қорғау саясаты аясында саналы өмір нормаларын сақтай білу идеясы көтеріліп, милиция атқарар міндеттерді қоғамдық құрылымдарға беру арқылы

мемлекеттік органдарды қысқарту мәселесі күн тәртібіне қойылып, кеңінен талқыланды.

Қоғамымыздағы тәртіпті қорғауға көпшілікті ұйымдастыру ҚТСМ жұмысының негізгі әдісіне айналды. Ерікті халық жасақтарының (ЕХЖ) қатарына халықты жаппай тарту басталды. Алайда дәл бұлай жұмыс істеу, сондай-ақ, кәсіби мамандардың болмауы, милиция қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуының өте төмендігінен қылмыстың жолын кесу мүмкіндігін күшейте алмады. Жалпы, барлық шаралар болып қойған қылмыстарды ашуға бағытталды да, жедел іздестіру жұмыстары қатты тоқырап қалды. Соның нәтижесінде алпысыншы жылдардың екінші жартысында елімізде қылмыстың күрт өсуі байқалды.

1963-ші жылы ішкі істер органдарында тергеу аппараты құрылды. Әрекет еткен аз ғана жылдың ішінде ол өзін толығымен ақтап шықты да, КСРО ІІМ оның құрылымы мен жұмыс істеу әдісін үнемі жетілдіріп отырды. Ұйымдастырушылық және салалық өзгерістер дәл осы кездері Қазақстанның да ішкі істер органдарында болып жатты. Мысалы, 1965-ші жылы Қазақстанның ҚТСМ-де жаңадан – саяси-тәрбие жұмысы бөлімі, техникалық бөлім, техникалық ақпараттың орталық бюросы, шаруашылық есепке мамандандырылған жобалау-сәулет бюросы және тағы басқалар құрылды.

Кеңестік Қазақстан милициясының тарихынан мәңгілік орын алған сол күннің батырларын ерекше атап өткен жөн. 1962-ші жылы қауіпті қылмыскерлерді ұстау кезінде ерлік көрсеткен «Құсмұрын» станциясындағы желілік бөлімшенің милиционері Николай Свиридов Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. 1965-ші жылы Целиноград қалалық ішкі істер бөліміндегі милиция кіші сержанты Нұрмұхамет Қожахметов адамдарды ажалдан арашалап, өзі ерлікпен қаза тапты. Осы қаладағы көшенің бірі оның есімімен аталады. Ақтөбе облысындағы Ембі станциясы желілік милиция бөлімшесінің қызметкері Сермағамбет Сайымов қызметтік міндетін атқару кезінде көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Петропавл қалалық атқару комитетіндегі ішкі істер бөлімінің учаскелік уәкілі Юрий Медведевтің, Шымкент қалалық ішкі істер бөлімінің қатардағы милиционері Тұрдымат Анаровтың, Еңбекшіқазақ аудандық ішкі істер бөлімінің милиция сержанты Аркадий Колесниктің, Теміртау қаласындағы ведомстводан тыс күзет милициясының кіші сержанты Екатерина Бурованың және басқа да көптеген ерлердің есімдері Қазақ КСР ІІМ-нің «Даңқ кітабына» мәңгілік енгізілген.

Тың өңіріндегі милицияға көпшілік көмегін аямады. 1963-ші жылдың маусым айында Целиноград қаласында штаттан тыс учаскелік милицияның жиналысы болды. Оған – тың өлкесінде үлгілі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етер, халық байлығын қалтқысыз күзетер милицияға көмек беру ниеті біріктірген, тыңға алғашқылар болып келген әртүрлі кәсіп иелері қатысты. Штаттан тыс учаскелік уәкіл, Целиноград ауданындағы Елизаветинка ауылының темір ұстасы А. Таблер бұзақылармен және маскүнемдермен күрес жүргізген милицияға белсенді түрде көмектескені бағаланып «Қоғамдық тәртіпті қорғауда үздік қызмет көрсеткені үшін» медалімен марапатталды. Ал, Балкашин ауданы «Веселовский» совхозының механизаторы С. Сұлтанов талай ұрлық пен тонау қылмыстарының жолын кесті.

Алайда, қыруар жұмысы үшін аз ғана ақша алатын милиция да, қасында жүрген қоғамдық құрылымдар да жаңа жағдайда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, әіресе, астыртын әрекет етер қылмыс түрлерімен күресуге, әлдене ұйымдастыруға дайын болмай шықты. Кейбір сәтсіздіктер құқық қорғау жүйесін тезірек жетілдіру қажеттігін байқатты да, бірқатар ұйымдастыру шараларын қабылдауға итермеледі. Бұған негізгі даму бағыттары компартия съездерінің шешімдерімен қалыптасатын ішкі саясаттағы тың өзгерістер де өз ықпалын тигізді.

Қылмыстармен күрес барысында нақты жағдайларды ескермей, романтизмге жол беріп, шалағай әрекет ету теріс нәтижелерге апарып отырды. Ал, қылмыстың азаюын жоғары мінберлерден мақтана жеткізу нақтылауды қажет

еткенімен, расымен де жою мүмкін болмаған соң, жиналыста жасалар есептік баяндамаларда жалған мәліметпен кеміте бастады. Сол бір кезеңнен бері қылмыстарды жасырып айтпау кең тараған әдетке айналып, тамыры шірімес қасірет болып қалғандай күйге түсірді.

Бақылау сұрақтары:

1. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде тапсырған міндеттемелердің оңды шешім табуына көп еңбек сіңірген қазақстандық милиция органдарының басшыларын атаңыз.

2. 1954 жылы наурызда МҚМ (МГБ) саяси милициясы қандай тәуелсіз ұйымға айналды ?

3. Кенгір оқиғалары қашан болды және қалай аяқталды?

4. Партияның XX-шы съезі (1956г.) Сталиндік биліктің құрбандары жөнінде нақты деректер келтірілді. Соның статистикасын беріңіз.

5. 1959 ж. елді дүрліктірген қандай оқиғалар болды? Сол туралы айтып беріңіз.

6. Теміртау оқиғасынан кейін Ш. Қабылбаевқа қандай кінә тағылған еді? Ол өзін қалай ақтай алды?

7. Қазақ КСР ҚТСМ (МООП) қашан құрылды? Ол туралы не білесіз?

8. XX ғасырдың 60-жылдарының басында Еңбекпен түзету мекемелері жүйесінде қандай өзгерістер болды?

9. Қазақ КСР ҚТСМ (МООП) атқарған жұмыс қай Ережемен реттелді: аты, қай мемлекеттік мекеме және қай жылы бекіткен?

10. Милиция органдарында елуден астам қызметкері бар штатпен бастықтың саяси-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымы қай жылы енгізілді және олардың міндетіне не кірді?

8 ТАҚЫРЫП

«БРЕЖНЕВ ТОҚЫРАУЫ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ

8.1 XX ғ. 60-шы жж. II-ші жартысындағы ПО жүйесінің нығаюы

Алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап, КСРО басшылығы ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері мен әкімшілік-командалық басқару жүйесі ерекшеліктерінің өзара үйлесуі негізінде, елдегі тым тереңдеп кеткен дағдарыс зардабын тоталитаризмді жаңғырту арқылы жеңбекші болды. Алайда, алпысыншы жылдардағы экономикалық реформалар өткізудегі сәйкессіздік бұларды сәтсіздікке ұшыратты.

Жергілікті билік органдарының және халықтың мүддесімен еш санаспайтын, өкілеттіктері орасан зор министрліктер мен ведомстволар қайтадан құрылды. Елдегі бүкіл байлықты өз уысында ұстаған партиялық-мемлекеттік аппарат, расымен де, билеп-төстейтін тапқа айналды. Әрине, күштік ведомстволар, оның ішінде, милиция да өзін дамыту жағынан ерекше басымдыққа ие болды.

Осы орайда, КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1966-шы жылдың 23-ші шілдесіндегі «Қылмысқа қарсы-күрес шараларын күшейту туралы» Қаулысын айрықша атап өткен жөн. Қылмыспен күресер қоғамдық тәртіпті сақтау органдарының іс-әрекетін бір-ақ жерден жедел басқарып отыру үшін Жоғарғы Кеңес Президиумы 1966-шы жылдың 26-шы шілдесінде «КСРО одақтас-республикалық қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігін құру туралы» Жарлық шығарды. КСРО ҚТСМ құрамында ішкі істер органдары қызметінің басты бағыттарын қамтитын ірі бөлімшелер құрылды (Милиция бас басқармасы, Қамауда ұстайтын орындар бас басқармасы, Тергеу басқармасы, Ішкі әскер бас басқармасы, Өрт сөндіруші әскер бас басқармасы және т.б.). Одақтас-республикалық министрліктің қайта

құрылуы милицияның және басқа қызметтердің жұмысының тиімділігін арттыру үшін аса маңызды болды. КСРО Қоғамдық тәртіп сақтау министрі болып Л.И. Брежневтің байырғы досы – Н.А. Щелоков тағайындалды (1966-1982 жж.).

Қаулыларда ішкі істер органдарына қойылған ортақ талаптарды былай тұжырымдауға болады: қылмысты ашу бойынша жұмыс деңгейін жоғарылату, қоғамға жат элементтердің әрекетін дер мезгілде тоқтату, көпшілікпен байланысты нығайту және дамыту, кәнігі қылмыскерлерге аяушылық танытуға жол бермеу, қоғамдық көзқарас ықпал ететіндей шаралар қолданып, қауіпті қылмыскерлерге заңмен көрсетілген қатаң жаза түрлерін қолдануды қамтамасыз ету және елеусіз құқық бұзушылық жасаған адамдарды тәрбиелеу.

Бұл қаулыларда жоғары талап тек ішкі істер органдарының басшылары мен коллегияларына ғана емес, қоғамдық ұйымдарға да қойылатын. Мұндай талаптар ең алдымен кадрларды таңдап, орналастыру жұмысын жақсарту, қызметкерлер арасында саяси-тәрбие іс-шараларын күшейту мәселелерін қамтитын. Қоғамға қарсы әрекеттермен күресу – бір ғана милицияның міндеті емес, басқа да ұйымдарға қажет іс екені қаулыларда көрсетілген.

Дегенмен де, милицияның жұрт алдындағы беделі төмен қалпында қалды. Муром қаласындағы оқиғадан алты жыл өткен соң, 1967-ші жылы Шымкент пен Фрунзеде (қазіргі Бішкекте) милицияға қарсы болған көтерілістер – осының дәлелі (Келесі тарауды қараңыз). Осы толқулардан кейін жаңа Ішкі істер министрі Щелоков КОКП ОК-нің Бас хатшысы Л.И. Брежневке: «Сіздің нұсқауыңыз бойынша КСРО Қоғамдық тәртіп сақтау министрлігі Фрунзе мен Шымкенттегі оқиғаларға байланысты, милиция органдарындағы жағдайларды зерделеп, оқып қарауға «Милиция органдарын нығайту және олардың беделін көтеру бойынша шұғыл шаралар туралы» хат ұсынады» деп жазды.

Бұл хатта Щелоков Кеңестік милицияның қиындықтарын түгел баяндайды.

Н.А. Щелоков КСРО ҚТСМ-де саяси-тәрбие жөніндегі Басқармалар, ал, аудан, қала және өңірлерде дәл сондай Бөлімдер ашу арқылы, сондай-ақ, аудандық, қалалық бөлімдерде – бастықтың саяси-тәрбие жөніндегі орынбасары лауазымын енгізу арқылы милиция қызметкерлерінің тәрбиесіндегі кемшін тұстарды жоюды ұсынды. Бұдан бөлек, Министрліктің жаңа жетекшісі милицияның жеке құрамының жалақысын көбейтуді, милиция органдарын техникамен жабдықтауды, жақсы көліктер беріп, тіпті, киімдерін де жаңалауды өтінді. КСРО Қоғамдық тәртіп сақтау министрлігін КСРО Ішкі істер министрлігі етіп қайта құруды да ұсынған осы кісі еді, 1968-ші жылдың қаңтар айында ол солай бекітілді де. Соның нәтижесінде, одақтың және республикалардың ИМ-тері жаңадан қайта құрылды.

КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1968-ші жылдың 19-шы қарашасындағы «Кеңестік милицияны одан әрі нығайтудың шаралары туралы» Қаулысы ішкі істер органдарынан өз жұмыстарының тиімділігін арттыруды талап етті.

Осы қаулылар және қоғамға қарсы әрекеттермен күресуді күшейту, қызмет беделін арттыру және қоғамдық тәртіпті сақтау органдарының жұмысын жетілдіру сияқты өзге де шаралар құқық қорғау қызметіне мемлекеттік деңгейде жетекшілік жасауды жақсартуға ықпал етті.

КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің қарашадағы (1968 ж.) Қаулысынан кейін, министрліктер мен облыстық басқармаларда инструкторлық топтардың орнына саяси-тәрбие бөлімдері (СТБ) құрыла бастады. Бұл бөлімшелерге маман іріктеуде мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар ішкі істер органдарына көп көмек көрсетті. Барлық саяси қызметкерлердің жартысы кеңестік партия, комсомол органдарының жолдамасымен келген еді, олардың 80%-ы жоғары білімді болатын, ал, қалғандары

институттарда сырттай оқитын. Саяси қызметкерлердің басым бөлігі саясат ілімін игергендер еді.

1968-ші жылы КСРО ИМ-де ұйымдастыру-инспекторлық бөлім құрылды. Оның міндеттері: барлық қызметтердің жұмысын үйлестіру, оңды тәжірибені зерттеп, жұртқа тарату, қылмысты ғылыми саралау және болжам жасау, милиция жұмысын жақсарту, бүкіл қылмыстардың алдын алу және өз уақытында ашу, қоғамдық тәртіпті нығайту бойынша қажетті ұсыныстарды әзірлеу.

1968-ші жылы желтоқсан айының соңында Мәскеуде Ішкі істер органдары басшы қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі болды. Мұнда милиция Бас басқармасын таратып, оның орнына төрт дербес: Қылмысты іздестіру, Социалистік меншікті ұрлаушыларға қарсы-күрес (СМУҚК), Мемлекеттік автоиспекция (МАИ), Әкімшілік қызмет басқармалары құрылды. Басқа республикалардағыдай секілді, Қазақстанда да алғашқы үш басқарма – бұрын болған бөлімдердің негізінде құрылды. Ал, «Әкімшілік қызмет басқармасы» жаңа бөлімше ретінде ұйымдастырылды. Оған енгендер: қызмет бөлімі, төлқұжат бөлімі, виза және тіркеу бөлімі. Басқарма құрылған кезде, оның қызметкерлерінің 89%-ында жоғары білім және аяқталмаған жоғары білім болды. 1970-ші жылы Қазақстан ИМ-нің Қылмысты іздестіру басқармасы 5 мамандандырылған бөлім және 1 дербес бөлімше болып бөлініп шықты. Олар жедел қызмет жұмысының негізгі желілеріне: жеке тұлғаға қарсы жасалған қылмыстың алдын алу және ашу, мүлік ұрлау қылмысын ашу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, жасырынып жүрген қылмыскерлерді іздеу; нашақорлықпен күрес; ақпараттық-сараптамалық жұмыстарға басшылық жасап отырды. Ақпараттық-сараптамалық бөлімшенің негізгі міндеті – республикадағы қылмыс жағдайы туралы сараптамалық есеп дайындау болды. Алғашқы мұндай есеп 1970-ші жылы жасалды, онда республикадағы, жеке облыстар мен қалалардағы жалпы қылмыс тенденциясының сипаттамасы берілді, оның құрылымы, қылмыс деңгейіне ықпал етер кейбір жағдайлары сараланды.

Ішкі істер органдары қызметіндегі басты бағыт – құқықбұзушылықтың алдын алу, сауықтыру шаралары екенін ескере келе, Қазақстан ІІМ 1969-шы жылы республиканың ірі қалалары мен аудандарында арнайы сауықтыру топтарын құру туралы шешім қабылдады. 1970-ші жылы 10 қалалық және 65 аудандық ішкі істер органдарында сондай топтар болды. Осы қаралған кезеңде ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістер ішкі істер органдарының басқа да бөлімшелерінде болған еді. Алпысыншы жылдардың аяғы мен жетпісінші жылдардың басында ведомстводан тыс күзет бекеттерін аралайтын бригадирлер мен қарауылдардың орнына түнгі милиция құру процесі басталды.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, ішкі істер органдары атқарған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде, заңмен жазаланатын қылмыстар республикада 1967-ші жылмен салыстырғанда, 1968-ші жылы 8%-ға кеміді, көшедегі қылмыс түрлері де айтарлықтай азайды. Алайда тұрмыстағы қылмыстар еш өзгеріссіз қалды деуге болады. Сол себепті, 1969-1970-ші жылдары құқықбұзушылықтың бұл түріне айрықша назар аударылды. Қабылданған шаралардың арқасында, 1970-ші жылы 900 учаскеде болған қылмыстардың бәрі де ашылды. Ауыр қылмыстар санының азаюы да қалыпты жағдайға айнала бастағандай еді. Республиканың төменгі бөлімшелерінде қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруда Қазақстан ІІМ-нің кешенді бригадалары біліктілікпен көмектесе білді. 1970-ші жылы осындай бригадалар милицияның жергілікті органдарына өте күрделі 300-ден аса қылмыстық істі ашуға көмектесті.

60-70-ші жылдары милиция қарларын іріктеу, орналастыру және оқыту бойынша көп жұмыстар атқарылды. Оның негізгі бөлімшелерін жинақтауға ерекше көңіл бөлінді. Ұзақ жылдар бойы барлық қызметтерде мамандардың жетіспеуі әдетке айналып, кадрлар мүлде тұрақтамағанын айтқанымыз жөн. 1966-шы жылы ІІМ республикалық органдарының штаты 1960-шы жылмен салыстырғанда,

айтарлықтай арта түсті. Республикамыздың аумағында жаңадан 14 аудандық милиция бөлімдері құрылды.

Милиция органдарына білікті мамандар жетіспейтіні де шешімі табылмаған мәселе болды. 1966-шы жылы жоғары білікті мамандармен толықтырылуы тиіс лауазымдардың жалпы санының тек 44,2% пайызын ғана жоғары білімді қызметкерлер иеленді, 37% – арнайы орта білімі барлар. КСРО бойынша жалпылама көрсеткіш 51,6%-ды құрады. 1966-шы жылға қарай Қазақстанда жоғары және арнайы орта білімі бар ішкі істер органдары қызметкерлерінің саны 1960-шы жылмен салыстырғанда екі есеге артқанына қарамастан, кадр мәселесі әлі шешіле қоймады.

Кадр мәселесінің маңыздылығы ескеріліп, 1967-ші жылы Қазақстан ПМ-не «Министрдің кадр жөніндегі орынбасары» лауазымы енгізілді, ал, Алматы, Қостанай, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Шымкент, Шығыс Қазақстан облыстарында – «ІІБ бастығының кадр жөніндегі орынбасары» лауазымын бекітті. Бұл лауазымға ұйымдастырушылық қабілеті бар аса тәжірибелі қызметкерлер тағайындалды. 1968 жылы ішкі істер органдарын жинақтаудың жаңа тәртібі орнатылып, негізінде, қызметке мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары жиналыста талқылап, ұсынатын болды. 1969-шы жылы 20 мың адамды іріктеп, милиция қызметіне жіберу қарастырылды. Іс-жүзінде, 1970-ші жылдың соңына қарай Республика ішкі істер органдарына 57 мыңнан аса адам жолданды.

Ішкі істер органдарына біліктілігі жоғары мамандар дайындау мәселесі қоғамдық ұйымдар мен Қазақстан ПМ-нің жіті назарында болды. Мәскеудегі КСРО ПМ жоғары мектебінің Алматыдағы күндіз және сырттай оқытатын филиалы республиканың білікті мамандар күткен талабын толық қамтамасыз ете алмады. Осыған байланысты, республика Министрлер Кеңесі милиция кадрларын дайындауға арналған жоғары оқу орнын өзімізде құру мүмкіндігі туралы мәселені қарастырды. 1970-ші жылы Қарағанды қаласында КСРО ПМ-нің жоғары мектебі

ашылып, күндізгі және сырттай оқыту факультеттерінде бір мезгілде 1600 болашақ заңгер-офицерлер оқи алатын болды.

Осы жылдары тергеу аппаратының сапалық құрамы жақсарып: тергеушілердің 63%-ы жоғары білімді маман болып шықты. Алайда жоғары заңгерлік білімі бар қызметкерлер әлі де жеткіліксіз еді. Соған байланысты, еліміздің басшылары «заңгерлік жоғары оқу орнын бітіргендер ең алдымен, тергеу жұмысына жіберілсін» деген шешім қабылдады. Тергеушілер ПМ-нің басқа қызметтеріне ауысқан жағдайда, өз орнына дәл осындай білімі бар адам тапқанда ғана босай алатын. 1970-ші жылы тергеу аппараты жаңадан құрылған қалалық, аудандық ішкі істер органдарының құрамына кірді. Бұл кезде Қазақстан тергеушілері қылмысты тергеу бойынша жеткілікті тәжірибе жинақтап алған болатын. Осы жылы үздік тергеушілер саны 110 адамға жетті. 24 тергеуші «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен марапатталды, 186 тергеу қызметкері «Милиция үздігі» және 10 адам «ҚР ПМ еңбегі сіңген қызметкер» атанды, 3 тергеуші «Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері» атағын иеленді.

1970-ші жылдан бастап ПО жұмысына әкімшілік бақылау, күзет дабылын енгізу белсенді түрде жүргізіле бастады. Ішімдікке құмарларды ескерте емдеу алғаш рет ұйымдастырылды, түрмеден босап шыққан жандарды міндетті түрде жұмысқа орналастыру шаралары қабылданды, қылмыс жасауға итермелейтін жағдайлар мен себептерді барынша терең зерттеуге қажетті жағдай жасалды. Осы жылдары милиция қамқорлық көрсету, тәлімгерлік жасау, қоғамға жат тірлікпен айналысқан жандармен жеке жұмыс атқару жағынан мол тәжірибе жинақтады. Құқықбұзушылыққа қарсы белсенді, профилактика жұмысын жүргізу мен қылмыстарды ашу деңгейін көтеру қажеттіктері туды.

8.2 1967 ж. Шымкент оқиғалары

1967 жылдың 13 маусымында Шымкент қаласында бұзақылық әрекеттерге ұласқан бұқаралық тәртіпсіздіктер орын алған болатын. Оқиға төмендегідей өрбіді. 1967 жылы 13 маусымда сағат түнгі бірлерде 1938 жылы туылған Шымкент автотрестісі №1 автопарктің жүргізушісі Остроухов Василий Яковлевич мас күйінде қала көшесінде милиция нарядымен ұсталып, медициналық айықтырғышқа әкелінеді, таңертең сағат 6-лар шамасында жүргізілген кезекті тексеріс оның жансыз денесіне тап болады. Мәйітке соттық-медициналық сараптама жүргізген облыстық сарапшы Нестеров В.И. Остроуховтың өлімі гипертониялық науқастану барысында ішімдікті шектен тыс қабылдау салдарынан миға қан құйылғандығынан болған деген алдын – ала қорытындыға келеді.

Мәйіт басына келгенде №1 автопарктің директоры Әлжанов пен оның көлік жүргізушісі өлімнің себебі Остроуховты айықтырғышта соққыға жығу нәтижесінде болғандығы жайлы өз пікірлерін айтады. Осы пікір Остроухов жұмыс істеген автопарк ұжымына да жеткізілген. Содан кейін Остроуховтың туыстары мен қызметтестері Мәскеу мамандарын қатыстыру арқылы қайта сараптама жүргізуді талап ете бастайды. Бұған қоса, бір мезгілде күндізгі сағат 12 шамасында көлік жүргізушілердің кезекті ауысымы рейске шығудан бас тартады.

Партия – кеңес органдары өкілдерінің өткізген түсіндірме жұмыстарына қарамастан, көлік жүргізушілер жұмыстан бас тартуларын тоқтатпай, автобустарын парктен шығарып, жақын арадағы көшелердегі қозғалыстарға тосқауыл қоя бастайды. Олар осы ауданда өтіп бара жатқан автокөліктерді тоқтатып, олардың жүргізушілерін өрескіл әрекеттерге шақырумен болады. Нәтижесінде сол төңіректе барлығы 117 автокөлік топталып, олар жолдарды кептеп тастайды. Сонан соң автопарк жүргізушілерінің кейбіреулері

жиналғандарды милиция қызметкерлерінен кек алуға арандата бастайды. Сағат 14-15 шамасында жиналғандардың саны 300 адамға жетіп, қалалық милиция бөліміне қарай жылжиды. Жолшыбай оларға осы мезгілде орталық базардан шыққандардың үлкен тобы қосылады.

Сағат 16 шамасында жиналғандардың алғы легі қалалық ішкі сітер бөлімін ойрандайды. Балталармен, темір таяқтармен терезелер шағылып, темір торлар жұлынып тасталды, есіктер сындырылды. Бұзақылар автокөліктерден алған жанармайды шөлмектерге және банкілерге толтырып, онысын ағашқа оралған маталарға, шүберектерге құйғаннан кейін тұтатып, факелдерді қалалық бөлім ғимаратына лақтыра бастаған, соның нәтижесінде ол өртенген. Сонан соң олар алдын-ала ұстау камерасындағы есіктерді бұзып, тұтқындағы 5 адамды босатады, гараждағы автокөліктер мен мотоциклдерді шығарып алып, талқандай келе, оларды жағып жіберген. Онан да басқа біраз заттар: радиостанциялар, фотоаппарттар т.с.с. тоналған. Ғимарат ішіндегі милиция қызметкерлері соққыға жығылып, олардың біразына ауыр дене жарақаттары түсірілген.

Сағат 17 шамасында топ арасынан шыққан бұзақылар Облыстық қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасына басып кіріп, оны талқандаған, ғимаратты болса өртеп жіберген. Өрт кезінде құрал-жабдықтар, қолданыстағы құжаттар мен іс-қағаздары жанып кеткен. Бұзақылықты тоқтату мақсатында милиция қызметкерлері бірнеше рет жоғары қарай ескерту оқтарын атқан, алайда бұл әрекет көтерілісшілердің бетін қайтара алмапты. Жақын маңда орналасқан тергеу изоляторына шабуыл жасау үшін жиналған көпшіліктен бөлініп кеткен бір топтың бетін сол мекеме қызметкерлеріне қайтаруға тура келген.

Қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасының ғимараты толық өртеніп біткен соң, сағат 20 шамасында саны 3500 шақты адам өз қимыл-әрекеттерін изолятор орналасқан ауданға қарай бағыттаған: бензин құйылып тұтатылған

шөлмектермен, факелдермен тәртіпсіздікке қатысушылар қарауылдық мұнараларға, изолятордың ағаш қабырғаларына, түрме камераларына жақын жерде тұрған екі қосалқы тұрғын жай мен екі автокөлікке от қойған.

Бұдан кейін шабуылдаушылар лом, сұйық газы бар баллондармен, ауыр заттармен изолятордың қақпалары мен қабырғаларын бұза бастаған. Өрт сөндіруге келген өрт командасының автокөлігін иемденіп алған көтерілісшілер оны қақпа мен қабырғаларға таран жасап талқандауға пайдаланыпты. Олар қақпаны бұзып, изолятордың кірпіш қабырғасын жарып, сол жер арқылы тастар мен басқа да құралдарды сілтей отырып ішке енуге талпынған. Осылайша, олар изолятор бастығының орынбасары Хванды, жедел уәкіл Савинді, бақылаушылар Әліқұлов пен Сандуды жарақаттаған. Тәртіпсіздікке тосқауыл болуға жеткен жасақшылар мен партия – кеңес белсенділерін тобырдағылар ығыстырып тастаған, сол себептен олар оқиғаны тоқтата алмапты.

Изолятор күзетшілерінің жоғары қарай атқан ескерту оқтары бұзақылардың бетін қайтара алмаған. Сондықтан да 400-дей қамаудағы адамы (оның ішінде төртеуі ауыр жазаға – атуға кесілген) бар изоляторға басып алыну қауіпі төнген кезде бас сұққандардың кейбіреулеріне қарсы оқ атылған. Содан соң, тәртіпсіздіктің басылмай жатқанын және ауыр сипат ала бастағанын ескере отырып, басшылар оның шеңберін өршітпеу мақсатында әскери бөлімшелерді ендіру қажеттігі жайында шешімге тоқтам жасаған. Сағат 15 тен бастап 22 сағат 30 минутке дейінгі аралықта тәртіпсіздікті басуға Түркістан әскери оқуругының (Түрк ӘО) және КСРО Қоғамдық тәртіп сақтау министрлігінің (ҚТСМ) 1150 қызметкері тартылған. Келе салысымен әскерлер тәртіпсіздікті тоқтауға бағытталып отырған. Түнгі сағат 1 шамасында олар изолятор маңындағы жағдайды қолға алған, ал сағат түнгі 3- те қаладағы тәртіпті қалпына келтірген. Ал, әскери бөлімшелер қалаға көрсетілген

уақыттан кейін де ағылып келіп жатыпты. Таңғы сағат 4- те олардың саны 2500 адамға жеткен. Олар партия және мемлекеттік органдарды, маңызды өндіріс кәсіпорындары мен мекемелерді қорғауға алған. Қала көшелерін әскери бөлімшелердің патрульдеу жұмыстары ұйымдастырылып, қаладан шығар жолдарда бақылау пункттері құрылған. Жасақшылардың да кезекшіліктері күшейтілген. 14 маусым күні таңертеңнен бастап қаладағы жағдай бір қалыпқа келе бастапты.

Жалпылай айтсақ, бұқаралық тәртіпсіздік нәтижесінде оққа ұшқандар жарақат және әртүрлі деңгейдегі күйік алған қоғамдық тәртіпті сақтау органдары қызметкерлерінің саны 20 адамды құраған, оның екеуінің жағдайы мүшкіл халде болған (біреуі кейін ауруханада қайтыс болыпты). 2 солдат пен партия кеңес белсенділерінің үшеуі жараланған. Бұзақылар 4 автокөлікті, 16 мотоциклді, қалалық милиция бөлімінің ғимаратын, қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасын, ішінде мүліктері, қаруы, оқ дәрілері мен құжаттары бар изолятор бөлімін өртеп жіберген.

Изолятордың жанында болған тәртіпсіздікке қатысушылар мен тобыр ішінде болған 50 шақты адам отты қырғында жараланып, оның 45-і стационарлық емдеуге жатқызылған. Тәртіпсіздікке қатысқан және тобыр ішінде болған 7 адам өлген, оның алтауы қару қолдану салдарынан көз жұмған. Және бір адам ауруханада жан тапсырыпты.

Қазақ КСР Прокуратурасы бұқаралық тәртіпсіздік оқиғасына қатысты қылмыстық іс ашқан. 14-15 маусым күндері жауап алу мен шұғыл – техникалық құралдарды қолдану арқылы 33 адам тексерілген, оның ішінде 16-сы қылмыс жасаған деген күдікпен ұсталған. Олардың екеуі тұтқындалған. Ұсталып қамауға алынғандардың ішінде 1 әйел, 15 ер кісі, ұлты жағынан олардың біреуі өзбек, 15-і орыс пен украиндықтар болған. Тергеу барысында олардың жаппай тәртіпсіздікке қатысу деңгейі анықталған. Солардың және басқа да куәгерлердің айтуы бойынша

оқиғаға белсене араласып жұртты арандатқандар табылып, олардың істері сотқа берілген.

Осы жағдайларға байланысты Шымкентке СОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Андрей Павлович Кириленко, Қоғамдық тәртіпті сақтау министрі генерал – полковник Николай Анисимович Щелоков, оның орынбасары Борис Тихонович Шумилин, милицияның Бас басқармасының бастығы А. Кудрявцев, Қазақстан Қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Шырақбек Қабылбаев келген. Жедел өткізілген облыстық партия комитетінің бюросында болған істің барлығы үшін қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Беристимовтың жауап беруіне тура келген. Ол атқаратын қызметінен босатылған. Ішкі істер басқармасының бастығы милиция генерал – майоры Сағынбек Жүсіповке байланысты сұрақ туғанда оны Ш. Қабылбаев арашалап қалыпты. Одақтық мәжілісте Шымкент милициясы жөніндегі ойын Н.А. Щелоков: «Қала милициясы жеке құрамын сапқа тұрғызуға бұйрық бердім, қылмыскерлерге олардың қалай әсер ететінін білмеймін, ал менің бойымда олардан қорқыныш үрейі туды», – деп тұжырымдапты.

1967 жылдың 26 – шілдесі мен 3-тамызы аралығында өткен Қазақ КСР Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша Соттық коллегиясының үкімі бойынша осы жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруда шамадан тыс белсенділік танытқан 12 адам сотталған. Оның шешімі бойынша 9 адам 5 жылдан – 15 жылға дейінгі мерзімге бостандығынан айырылып түрмеге жабылды, 3 адам ату жазасына кесілді.

Уақыт өте келе Шымкентте орын алған тәртіпсіздіктерге түрткі болған Остроуховтың өліміне себеп болған жайттар да анықтала түсті. Ол жөнінде аталмыш оқиғалардан кейінгі уақытта осы облыстың Ішкі істер басқармасына бастық болып тағайындалған Қ. Қалменов өзінің «Воспоминания генерала милиции» (Алматы, 1999) атты еңбегінде: «Остроуховтың өліміне келесі жағдайлар себеп болып еді: тамыз айының 12-і күні Остроухов

шамамен сағат 23-терде Космонавттар көшесінде орналасқан №23 «А» үйге келген. Ол мас болатын. Мұнда Остроуховпен кешкі мектептің 11-сыныбында оқитын 19 жасар С.М. Сыздықов қақтығысып қалады. Сыздықов осы үйдің №36-шы пәтерінде тұратын. Ол еркін күреспен айналысатын, сонымен бірге самбо күресінің де тәсілдерін білетін. Сыздықов бұзақылық оймен Остроуховтың мойын аумағына екі рет соққы береді. Соның әсерінен Остроухов Сыздықовтың пәтері есігінің жанындағы сатыға құлап түседі. Бұл қақтығыс кезінде сол жерде Колесников деген жасөспірім және т.б. болған. Содан кейін Сыздықов және сол жерде болған жасөспірімдер Остроуховты аула ортасында орналасқан орынтаққа (беседкаға) алып шығып тонаған, ал Сыздықов болса содан кейін милицияға қоңырау шалып жоғарыда аталған жерде мас адамның жатқанын және оны ол жерден алып кету керектігін айтқан. Істің дәл осындай болғандығын қылмыс жасаған Сыздықов мойындаған және адам өлтірілген (место убийства) жерді көрсеткен. Оның кінәлі екендігін оқиғаны көргендер де растаған» – деп жазыпты.

Жүргізуші Остроуховтың өліміне С.М. Сыздықовтың соққылары әсер етсе әсер еткен шығар. Бәлкім, түбінде ол содан өлген де шығар. Бірақ оны содан кейінгі уақытта мас күйінде қала көшесінде милиция наряды ұстап, медициналық айықтырғышқа әкелген жоқ па?! Яғни ол түнгі сағат бірлерде әлі тірі болған. Республикамыздың Қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Ш. Қабылбаев өзінің Одақ көлеміндегі тікелей бастығы Н.А. Щелоковқа хатында жағдайды солай баяндаған деп осы кітаптың авторы аталмыш кітабында бір бет бұрын ғана жазған екен. Әңгіменің осы жері сәл қилыспай қалыпты. Ал оның себебі мынада. Мақаламыздың басында аталған Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің төрағасы Г. Евдокименко мен Қазақ КСР Қоғамдық тәртіпті қорғау министрі Ш. Қабылбаевтардың 18. 06. 1967 жылы қол қойған №0/1687 анықтамасы Мәскеудегі бастықтарға жіберілсе, ал

Шымкенттер, оның ішінде №1 автопарк жүргізушілері басқа анықтамамен таныстырылған сияқты. Оның авторлары – КСРО Прокуратурасы тергеу басқармасы бастығының орынбасары А. Жуков және Қазақ КСР Прокурорының орынбасары А. Чурбанов болатын. Бұл анықтамада оқиға сәл басқаша баяндалады. Мысалы, онда Остроуховты милиция наряды ұстады деген сөздер жоқ. Оның орнына милиция қызметкерлері оны 13-маусым күні түнде қала көшесінен тауып алып, медициналық айықтырғышқа әкелген деп жазылған. Тәртіпсіздік кезінде өлгендердің саны онда жеті емес – сегіз адам деп берілген. Оның екеуі оқушы екендігі – біреуі бесінші, екіншісі үшінші сыныптарда оқитыны жазылған. Тағы да бір ескеретін жағдай – анықтамаға 22-маусымға дейінгі ақпараттар енген екен. Байқасаңыз, екі анықтамада басты түрткіге екі түрлі баға берілген. Бұл әдейілеп істелген бе, жоқ әлде бірнеше күннен кейін оқиғаға байланысты жаңа жайттар анықталған ба белгісіз – бұл сұрақ әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Дегенмен, жоғарыда аталған еңбекте оқиғаның шығу себептеріне әділ, объективті баға берілгені байқалады. Автор ол жөнінде: «Одақта бұл оқиғаларды, МҚК-нің мағұлматтарына қарай антимилициялық (милицияға қарсы) деп атап кетті. Шынында, бұл толқу милицияға қарсы сипатта еді. МАИ қызметкерлері жүргізушілерден заңсыз түрде сый ақылар алып отырған, ешқандай себепсіз олардың жүргізушілік куәліктерін алып қойып ол құжаттарды тиесілі жерге тапсырмай, сөмкелерінде алып жүрген. Тексеру нәтижесінде кейбір инспекторлардан орын алған тәртіпсіздіктерге дейін 3-4 ай бұрын алынған 70-ке дейін куәлік табылған. Жүргізушілердің МАИ инспекторларының өз қызметін асыра пайдалануына деген ашу ызасы жаппай тәртіпсіздік алдында шегіне жеткен болатын. Сол себептен де жүргізушінің өлімі жөніндегі тексерілмеген ақпарат оларды осындай шешуші қадамға жетелеген. Олар бұл іске:

«Тонағандарың аз еді, енді өлтіре бастадыңдар ма» деп кіріскен сыңайлы», – деген дүниелерді айтқан.

Қорыта айтсақ, Шымкентте орын алған жаппай тәртіпсіздіктерге әлеуметтік-құқықтық жайттар себеп болғаны көрініп тұр. Қазіргі кезде республикамыз тәуелсіздігін алып, егемен ел ретінде дамып жатқан кезде тарихымыздан тағылым алып, ертеректе орын алған келеңсіз жайттарды қайталамау, қиғаштықтарды болдырмау билік тұтқасын ұстап отырған азаматтарға ғана емес, бүкіл қоғам мүшелеріне, олардың құқықтық жағынан сауаттылығын қажетті деңгейге көтеруіне байланысты болып келеді. Міне сонда біздің елде азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет құру барысында кездесетін проблемалар өз шешімін дұрыс тауып отыратыны айдан анық.

8.3 Қоғамдық тәртіптің ұйымдастырылуы мен тәсілін жетілдіру

Қылмыстың алдын алу ісінде барынша жоғары көрсеткіштерге ұмтылу нәтижесінде, мамандандырылған сауықтыру қызметі құрылды. Сол кезеңде ПО қызметкерлері, Милиция мектебінің курсанттары, қалалық және аудандық Кеңес депутаттары, қоғам өкілдері, Сот пен Прокуратура қызметкерлері қатысып, алдын ала сауықтыру рейдтерін өткізу кең тарап кетті. Сараптамалық, жоспарлық және бақылау жұмыстарын жетілдіру мақсатында, 1971-1972-ші жылдары ПБ – ПМ құрамындағы әртүрлі деңгейдегі ұйымдастырушылық-инспекторлық басқармалар «штаб» болып қайта құрылды. 1971-ші жылы бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталғандарды міндетті түрде жұмысқа тарту үшін және түрмеден шартты түрде босап шыққандарды халықшаруашылығы мекемелерінің құрылысында жұмыс істету үшін қалалық және аудандық ішкі істер органдарының қасынан соларды тіркеп, бақылайтын арнайы комендатуралар құру басталды.

Пайдалы әрі үнемді, анағұрлым тиімді жаңа әдіс, тәсілдерді кең қолдану негізінде халықшаруашылығы нысандарын күзету қызметін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Оңтайлы жол іздеу, бәрінен бұрын учаскелік милиция инспекторларына қатысты бірқатар қайта ұйымдастыруларға алып келді. 1973-ші жылдан бастап олар қылмысты іздестіру бөлімдеріне өтіп, сауықтыру қызметінің серкелеріне айналды. 1974-ші жылы қылмысты іздестіру аппараттарында мынадай құрылымдық бөлімшелері бар: жалпы сауықтыру, жеке сауықтыру, учаскелік инспекторларға жетекшілік, кәмелетке толмағандар құқықбұзушылығының алдын алу сауықтыру қызметтері құрылды. Осы бұйрықтың негізінде, жер-жерлерде тергеу мақсаттарын, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін анықтайтын тергеу басқармалары туралы ережелер жасалды.

Жұмысты жақсарту мақсатында, қылмыстың кейбір түрлерін тергеуге мамандандырылған тергеу бөлімшелері құрылды. Мысалы, өрт, жол-көлік оқиғалары, социалистік меншікті ұрлау – белгілі бір қиындықтар тудыратын қылмыстар болатын. Сондықтан да, ондай жерлерге аса тәжірибелі тергеушілерді жіберетін. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары кейінгі жылдарда да осы бір ұстанымды басшылыққа алып жүрді.

1972-1973 жылдары Қазақ КСР ІІМ қылмыстың алдын алуға бағытталған бірқатар нормативтік актілерді қабылдауына байланысты, тергеушілерге әрбір қылмыстық іс-бойынша нақты алдын алу жұмыстарын өткізу, яғни: қылмыс жасаған адамның жұмыс (оқу) орнына немесе тұратын жеріне барып, сол қылмыстың мәнін ашу, заң тармақтарын түсіндіру бойынша баяндамалар жасау және т.с.с. жауапкершілігі жүктелді.

Тергеу жұмысын жеңілдету мақсатында жаңалықтар да енгізіліп тұрды. Мысалы, 1972-ші жылдың сәуір айында КСРО ІІМ диктофонға жазу бюроларының штаттық деңгейін

бекітті. Диктофондарды қолдану – тергеу құжаттарын қолмен жазып ресімдейтін таза техникалық жұмысқа жұмсалатын өнімсіз уақытты қысқартуға мүмкіндік берді. 1973-ші жылдың 19-шы қарашасында КСРО Ішкі істер министрінің бұйрығымен алдын ала тергеу қызметінің тарихында тұңғыш рет «Тергеу басқармасы (бөлімі) туралы үлгі ереже» қолданысқа енгізілді.

Жетпісінші жылдары милиция құрылымы әрі қарай жетілдірілді. Расымен де, 1973-ші жылы КСРО Министрлер Кеңесі жаңадан енгізілген Ереже бойынша, мұны ІІМ саласының құрамдас бөлігі деп таныды да, оның барлық қызметтеріне жетекшілік ету Ішкі істер министрлігіне жүктелді, яғни, мемлекеттік органдар жүйесінде милицияның өз бетінше әрекет ете алатыны аса бағалана қоймады. Мамандықтарды терең игеру негізінде, бұл кездері салалық қызметтердің функционалдық міндеттері қайта қаралып, әр деңгейдегі милиция бастықтары құқықтарының аясы кеңейтілді.

Кеңестік заңнамамен бекітілген құқықбұзушылықтың алды алу – жетпісінші жылдардағы милицияның аса маңызды міндеті болды. 1973-ші жылдың 8-ші маусымында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмысқа қарсы күрес бойынша Кеңестік милицияның негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» Жарлығы шықты. Бұл нормативтік актіде қылмыстың және басқа да қоғамға жат әрекеттердің алдын алып, жолын кесу, қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмысқа және басқа да құқықбұзушылықтарға итермелейтін себептерді жоюға жан-жақты көмек көрсету – милицияның негізгі міндеттері екендігі нақтыланған. Оның үстіне, қызметтің қай саласында жүрсе де, милицияның барлық бөлімшелері құқықбұзушылықтың алдын алумен айналысуы тиіс болды.

Жетпісінші жылдары патрулдік-бекеттік қызмет жұмысы барынша жетілдірілді. ПО қызметкерлерін техникамен жабдықтауға айрықша көңіл бөлінді. Ірі

қалаларда милицияның арнайы моторландырылған көлік бөлімдері құрылды. Бұл оның қалаларда, елді мекендерде және үлкен жолдарда қоғамдық тәртіпті қадағалайтын жұмысының тиімділігін арттырды. Түнгі милициямен және арнайы моторландырылған көлік бөлімдерімен қатар, қоғамдық тәртіпті қорғауда көп тәжірибе жинақтаған ПО-ның сыртқы қызмет бөлімдері және көлік милициясының бөлімдері де елді мекендер мен үлкен жолдарда патрулдік-бекеттік қызметті атқара білді.

Қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыру мен оның түрлі тәсілдерін жетілдіруге көп назар бөлінді. Мысалы, патрульдік-бекеттік қызметті ұйымдастыру кезінде халықшаруашылығы нысандарын қорғау ісіне барынша тиімді қолдану үшін – қоғамдық тәртіпті қорғау қызметін, ведомстводан тыс күзетті, МАИ-ді, басқа да милиция бөлімдерін және ерікті халық жасақтарын өзара келісіп, күш пен құрал-жабдық бір жерге шоғырландырылып, кешенді түрде жүзеге асырылды. Жалпы оперативтік жағдайды, көше қылмысын және патрульдік-бекеттік қызмет бөлімшелерінің жұмыс нәтижелерін саралау және зерттеу кезінде электрондық-есептеуші техника қолданыла бастады.

Қызметтік нарядтың жаңа түрі – жылжымалы милиция тобы (ЖМТ) көп жерлерде таныла бастады. Өздері қарайтын аумақты аралау кезінде ЖМТ ПО кезекшілік бөлімімен үздіксіз радиобайланысқа шығуын жалғастырып, қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалайтын, көмекке шақырған жерлерге санаулы минутта шұғыл жетіп, құқық бұзушыларды сол сәтінде-ақ ұстайтын. ЖМТ құрамына әділет қызметкерлерімен бірге халық жасақтары да қосылатын.

Патрульдік-бекеттік қызметті ұйымдастыру ісіндегі сапалы өзгерістер көшпелі милиция бекеттерінің (КМБ) құрылуымен байланысты. Олар халық арасында, құрылыс басталған жерлерде, ПБ орналасқан тұстан алыстау жерлердегі еңбекші көпшіліктің демалыс орындарында және

т.б. нысандарда құқықтық тәртіптің сақталуына, сауықтыру шараларын атқаруға, қала тыныштығын күзетуге өте қажет болды.

Көліктегі патрульдік-бекеттік қызметтің ұйымдастырылуы да жақсара түсті. Пойыздарды сүйемелдеу топтары ширақ қимылдап, перрондар мен вокзалдарға милиция бекеттері қойылды.

Бұзақылыққа, маскүнемдікке және қоғамға жат өзге де келеңсіздіктерге қарсы күрес жүргізетін милицияның құқықтары айтарлықтай кеңейе түсті. Қоғамдық тәртіп сақшылары спирттік ішімдіктер саудасының ережелері бұзылмауын қадағалап, самогон қайнатушылармен, арақ-шарапты қымбатқа сатушылармен күресіп, құйып сатуға тыйым салынған жерлерде арақ ішкендерді жазаға тартты. Көшеде мас болып, адам абыройын кірлеткен жандарға ескерту жасап, қоғамнан оқшаулайтын, ішкілікке салынғандарды тауып, сауықтыру шараларын қарастыратын.

1978-ші жылдың 22 наурызында КСРО Үкіметінің шешімімен, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды тергеу Прокуратура қарауынан ИМ қарамағына өткізілді. Қылмыстың дәл мұндай түрін тергеп, тексеру ерекше ынта мен кәсіби білімді қажет ететін. Сол себепті, КСРО ИМ Қарағанды жоғары мектебінің аумағында кәмелетке толмағандар қылмыстарын тергеуге арнайы мамандандырылған тергеушілерге 20 күндік оқыту жиындары ұйымдастырылды. Тергейтін істердің көбеюі нәтижесінде, ИМ тергеушілерінің жауапкершілік жүгі бірден артты (15%-ға жуық), Басқарма аппараттары өздеріне қарайтын бөлімшелердің жұмысын қадағалауға шамалары жетпей қалды.

Күрделі жағдайды түзетіп, тергеушілердің кәсіби ортасын құру мақсатында, ИМ-нің басшылығы тергеу бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыруына, жас мамандарға қылмысты тергеу әдіс-тәсілдерін үйретуіне қажет көмек көрсету үшін, облыстық басқармаларда аймақтық бақылау-

әдістемелік бөлімшелерін құру туралы шешім қабылдады. Қалалар мен аудандарда учаскелік жүйе – негізгі ұйымдастырушылық принцип болып қалыптасты.

Жетпісінші жылдардың соңы мен сексенінші жылдардың басында әртүрлі қылмыстармен күрес жүргізу бағытындағы мамандандыру түрлерін жетілдіру процесі жылдам қарқынмен алға басты. Тергеу мен соттан қашып, жасырынып жүрген жандарды іздеу жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартуға ерекше көңіл бөлініп, осы мақсатта мамандандырылған бөлімшелер құрылды.

Осы қарастырылған кезеңде кісі өлтіру, ұрлық, тонау қылмыстарымен күресу түрлерінің тағы бір нышаны пайда болды. Бұл – милициядағы тұрақтылықтың артуы, қылмыстармен тиімді күрес жүргізудегі мүмкіндіктер аясының кеңеюі еді. Қылмысты іздестіру жұмысын ұйымдастыру мен тәсілдерінің негізгі түрлерін жетілдіруге, ең алдымен адам күші мен құралдарды дұрыс қоюға бағытталған іс-шаралар жасалды. 1977-ші жылы қылмысты іздестіру жүйесіндегі балалар бөлмесі аясында кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекциялар құрылды. Осы жылдары қайталанатын қылмыстардың алдын алу ішкі істер органдарының кезек күттірмес міндеттерінің бірі болды.

1981-ші және 1982-ші жылдары «Әкімшілік бақылау туралы Ережеге» дәл түзетулер енгізгеннен кейін, қылмыстарға, оның ішінде қайталанатын қылмысқа да итермелейтін жағдайлар мен себептерді анықтап, тезірек жою – ПО-ның барлық қызметтері мен бөлімшелерінің ең басты міндетіне айналды. Бұл бағыттағы жетекшілік рөл қылмысты іздестіру қызметіне табысталды. Алдын алу және жедел іздестіру жұмыстарының жоспары – қылмыстық ортадағы нақты жағдайды, бұрын сотталғандардың ерекшеліктерін және әрқайсысының, әсіресе, аса қауіпті қылмыскердің кімдермен араласатынын білу арқылы құрылды. Бұл – қайталанар қылмыстың алдын алу,

қылмыстық топ құрмақ болғандарды дер мезгілінде анықтап, жолын кесу үшін аса қажет шарт болатын.

Қылмысты ашу процесі – кең ауқымда және әртүрлі бағытта қылмыскерлерді тынбай іздеу арқылы, сонымен қатар бұрынғы жылдардағы қылмыстарды ашу арқылы да жүзеге асырылатын. Қылмысты ашуға бағытталған жаңа, анағұрлым тиімді жұмыс тәсілдерін іздеу бұлармен бір мезгілде жалғастырылатын.

Қылмыстардың беталысын сараптауға, қоғамға жат әрекеттердің пайда болуының басты себептерін және шығуына не жағдай итермелейтінін анықтауға көбірек көңіл бөліне бастады. Қылмыстарды жылдам әрі толық ашу мақсатында, қызметкерлерді мамандандыру кең енгізіле бастады, шұғыл хабардар болу және жедел қызметкерлердің тез шоғырлану қабілетін арттырудың кешенді шаралары жүзеге асырылды. 70-80-ші жылдары Кеңес милициясы қызметінде үлкен өзгерістер болып, ең алдымен оның жұмысында жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер, анағұрлым тиімді әрі үнемді аса пайдалы әдіс-тәсілдер жан-жақты қолданыла бастады.

Жетпісінші жылдары жас милиция қызметкерлерін тәрбиелеп, заң талаптарын бұлжытпай орындайтындай етіп, адамгершілікке баулитын, Отанына адал арлы азамат етіп, шыңдап шығаратын нағыз Өмір мектебі – тәлімгерлік болды. Осы жылдары жас қызметкерлердің милиция ардагерлерімен, Отан соғысының батырларымен кездесіп, олардың ерлік істерімен, еңбектегі жетістіктерімен танысу дәстүрі кең дамыды.

1979-шы жылдың қазан айында Алматы қаласында жас қызметкерлер мен олардың тәлімгерлерінің алғашқы республикалық жиналысы болып өтті. Жиынға қатысушылар саяси тұрғыда тәрбиелеу және жастарға кәсіби білім беру мәселелерін талқылап, өзара тәжірибе алмасты. Бұл жылдары республикада өз ісін шебер меңгерген, жедел қызметтің қыр-сырын жетік білетін және өз міндетін адал атқарған

тәжірибесі мол жандар көп болып, өмірден түйгендері мен бар білгендерін жас қызметкерлерге үйретті. Тек 1976-шы жылдың өзінде ғана жұмысында батылдық танытып, еңбекқорлығымен көпке үлгі болған 260 қызметкер Үкімет тарапынан марапатталып, 5135 адам «Милицияның үздік қызметкері» атағын иеленді. Олардың арасында айрықша танылғандар: қарақшылармен қақтығыста ерлікпен қаза тапқан әкесінің орнына келген Ақмола облысының учаскелік инспекторы Ф.И. Чехоев; «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған Державин аудандық ІІБ-нің жедел қызметкері А. Мунтян; бір жылдың ішінде мыңнан аса жол ережесін бұзғандарды ұстаған Жезқазған қаласындағы МАИ жол бақылау инспекторы Н. Хасанов; Солтүстік Қазақстан облысынан келген аға тергеуші С. Сембаев; Алматы қаласындағы милицияда ширек ғасырдан аса уақыт қызмет атқарып, «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалімен марапатталған жедел іздестіру бөлімінің инспекторы В. Зубков және тағы басқалар болды.

Осылайша, алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап, ішкі істер органдарындағы жұмыс жағдайының жақсара түскені айқын көріне бастады. Қоғамдық тәртіпті қорғау мен қылмыспен күрес жүргізуді жаңаша ұйымдастыратын ұтымды әдістерді үздіксіз іздеу осы кезден бастау алып, милицияның нормативті-құқықтық базасын құру жаңа сипатқа ие болды.

Осы зерделенген жылдары – социалистік заңдылық, кәмелетке толмағандармен жұмыс мәселелерін қарайтын Халық депутаттары кеңесінің комиссиялары, мекемелердегі, совхоздар мен колхоздардағы қылмыстың алдын алу кеңестері, жолдастық соттар, жасақтар, басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар социалистік қоғамға жат әрекеттердің жолын кесіп, болдырмауға көп үлес қосты. Милицияның қоғаммен бірлесе әрекет етуінің ұтымды жолы ретінде, қызметкерлер жергілікті халықтың жалпы жиналыстарына қатысып, құқықбұзушылықпен күрес

мәселелерін талқылайтын, билік өкілі ретінде өз бөлімшелерінде атқарылған нақты жұмыстар туралы баяндамалар жасайтын. Сондай-ақ, адамдармен жеке әңгімелесу, құқық бұзуға бейім жандарға қамқорлық танытып, кеңестер беру халық арасында кең қолдау тапты. Милиция қызметкерлері мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің бірге жүргізген рейдтері құқық бұзушылықтың алдын алып, жолын кесуге бағытталды.

Ерікті халық жасақтары (ЕХЖ) – еңбекшілер мен милицияның бірлесе жұмыс істеуінің маңызды бір әдісі болды. 1966-шы жылдың басында республикада бұлардың саны 9500 (373 мың қызметкер) болса, ал, 1975-ші жылдың соңына қарай – 13481 (476 мың қызметкер) болды. Милицияның ЕХЖ-мен өзара әрекеті мынадай бағыттарда жүзеге асты: ЕХЖ белсенділерін оқыту сапасын арттыру; қоғамдық тәртіптің нақты жағдайы туралы жасақты хабардар етуді оңтайландыру; мамандандырылған топтар жүйесін жетілдіруге көмектесу; бірлесе атқарар сауықтыру шаралары мен қоғамдық тәртіпті қорғау жұмысының тиімді жолдарын іздеу.

Осылайша, алпысыншы, жетпісінші жылдары қылмысқа қарсы күрес жүргізу мен қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында, ішкі істер органдары мен халықтың қайрат-күшін біріктіруге қол жеткізілді. Бұл әрине, Қазақстанда адамдар саны көбейгеніне қарамастан, қылмысты барынша азайтқан еңбектің онды нәтижесін берді.

Алайда тоқырау жылдары демократиялық централизм принципін бюрократиялық централизм алмастырды. Әкімшілік жүйе тоқырау жылдары одан әрі ұлғайып, барлық жерде билік құрып, күшейе түсті. Кадр саясатындағы қателіктер, өз ұстанымын қорғай білетін және жаман істермен ашық айқасқа түсе алатын бастамашыл жандардың қоғамдық жұмыстардан шеттетілуі – мемлекеттік аппараттың барлық буындарының қызметіне кері ықпал етті.

Қылмыс сапалы өзгерістерге ұшырады, кейбір қылмыстар қаржылық және экономикалық салаларға ауысты. «Алтын Брежнев тоқырауы» әр түрлі іскерсымақтарды, цеховиктерді, фарцовщиктарды және көлеңкелі бизнестің ірі алыптарын тудырды. Мәскеуде «Океан» дүкенінің, «Елесеевский» гастрономының директорларының және валюташылардың үстінен істер қозғалып жатты. – Сондай «алыптар» Қазақстанда да табылып жатты.

Мысал ретінде, Алматы жеміс консервілеу комбинатында бой алған «аса ірі көлемде мемлекеттік мүлікті ұрлау туралы» сенсациялық істі туралы айтсақ болады. Ол жерде мекеме директоры Н. бастаған 104 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, Айтпақшы, ол Алматы облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық Кеңестің депутаты болған, сондықтан милиция қызметкерлеріне Н.-ды сотталушылар орындығына отырғызу үшін қатты терлеуге тура келді. Дәл осындай сценарий бойынша Алматы ликер-арақ зауытында, қаланың орталық базарында, сауда министрлігінде де істер қозғалды. «Алтын іс» деп аталған алтын ұрлаушылардың қылмыстық тобын ашып құрықтаған операцияны ерекше атап кетуге болады, оның нәтижесінде осы металдың 20 килограммы, сондай-ақ көптеген құндылықтар мен қолма-қол беріліп жүрген ақша тәркіленді.

Қорыта айтсақ, ел тарихында «тоқырау» деген атпен қалған XX ғасырдың 70-жылдары ПО қызметіне өз ізін қалдырмай қоймады. Пайызбен ғана есептелер жалған «жетістіктер» оның жұмысына теріс әсерін тигізуде болды. Бұл әрине, өтіріктің өрісін кеңейтіп, қылмыстың өсуін нақты таразылауға мүмкіндік бермеді де, онымен күресудің ғылыми негізделген шараларын қабылдатпай қойды. Әр деңгейдегі милиция қызметкерлері кей кездері белсенді жұмыспен емес, қағаз толтырумен айналысып кетіп жатты.

Бақылау сұрақтары:

1. «Брежнев тоқырауы» кеңес қоғамында көлеңкелі бизнеске қатысы бар қандай топтардың тууына себепкер болды?

2. КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1966-шы жылдың 23-ші шілдесіндегі «Қылмысқа қарсы күрес шараларын күшейту туралы» Қаулысының тарихи маңызы қандай?

3. КСРО Қоғамдық тәртіп министрлігі КСРО Ішкі істер министрлігі болып қашан қайта құрылды?

4. КСРО ИМ-нде ұйымдастыру-инспекторлық бөлім қай жылы құрылды және оның міндеттеріне не кірді?

5. Ішкі істер органдары басшы қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі қашан болды және онда қандай мәселелер шешілді?

6. Қарағанды қаласында КСРО ИМ-нің жоғары мектебі қай жылы ашылды? Оның күндізгі және сырттай оқыту факультеттерінде бір мезгілде қанша болашақ заңгер-офицерлер оқи алатын еді?

7. 13 маусым 1967ж. орын алған Шымкент оқиғаларының себептері қандай еді?

8. 1972-1973 жылдары Қазақ КСР ИМ қылмыстың алдын алуға бағытталған бірқатар нормативтік актілерді қабылдауына байланысты, тергеушілерге қандай жауапкершіліктер жүктелді?

9. Жас қызметкерлер мен олардың тәлімгерлерінің алғашқы республикалық жиналысы қай жылы және қай қалада өтті? Жиынға қатысушылар қандай мәселелер бойынша тәжірибе алмасты?

10. 1981 және 1982-жылдары «Әкімшілік бақылау туралы Ережеге» түзетулер енгізілгеннен кейін ПО-ның барлық қызметтері мен бөлімшелерінің ең басты міндеті деп не танылды?

9 ТАҚЫРЫП

XX-ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНЫҢ БАСЫ МЕН II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ

9.1 XX-ғасырдың 80-жылдарының бас кезіндегі Қазақстан ПО-ның тарихы

XX-ғасырдың 80-жылдарының бас кезіндегі Қазақстанның милиция органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін құқықтық реттеудің басқа республикалардан және жалпы КСРО-дан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіпті қадағалап, қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алып, жолын кесті, қылмыстарды тексеріп, қылмыскерлерге іздеу салды, сотталғандарды қайта тәрбиелеп, түзетуді мақсат етті.

Бүкіл ел көлеміндегі милицияны басқару ісін одақтық Ішкі істер министрлігі жүзеге асырды. Оның құқықтық мәртебесі КСРО Конституциясымен, КСРО Министрлер Кеңесі туралы Заңмен және КСРО министрліктері туралы Жалпы ережемен нақтыланған. Мемлекеттік басқарудың орталық органы ретіндегі КСРО ПМ-нің атқарар қызметі – өзі жетекшілік еткен жүйені ұйымдастыруға, үйлестіруші сипатындағы функцияларды жүзеге асыруға, құқықтық тәртіпті нығайтудың жалпы және қарқынды бағдарламаларын, әдістемелік кеңестерін жасауға, басқаруды ғылыми тұрғыда ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін ішкі істер органдарының қызметіне енгізуге, олардың жұмысына бақылау жасауға негізделді.

КСРО ПМ елдегі ішкі істер органдарының бүкіл жүйесіне жетекшілік етті, бірдей аталар министрліктері арқылы одақтас республикалардағы олардың жұмысын басқарды. Қазақ КСР ішкі істер министрлігі ҚазКСР Министрлер Кеңесіне де, КСРО ПМ-не де бағынышты болды. ҚазКСР ПМ-нің міндеттері мен жұмыстары көп жағдайда КСРО ПМ-нің міндеттері мен жұмыстарына ұқсас

болатын. Алайда, бұл біріншіден, тек республика аумағында ғана істейтін, ал екіншіден, қарамағындағы милиция қызметтерін, инспекцияларды және басқа да бөлімшелерді тікелей басқару оның жұмысында біршама көңіл бөліртетін. Қажет болған кездері ҚазКСР ПМ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау бойынша анағұрлым ауқымды және маңызды шараларды өзі дайындайтын да, лайықты өткізетін немесе дайындап, өткізуіне қатысатын.

ҚазКСР Ішкі істер министрі республикалық милицияның бастығы ретінде, КСРО және ҚазКСР заңдарының, КСРО мен ҚазКСР Министрлер Кеңестерінің қаулылары мен нұсқауларының, КСРО ПМ бұйрықтарының, ережелері мен нұсқамаларының орындалуын қамтамасыз ететін. Мұнымен қатар, ол өзінің құзыреттілігі аясында бұйрықтар мен нұсқаулар шығарып, олардың орындалуын тексеретін құқыққа ие болды, ал, ішкі істер органдарына қатысты маңыздырақ мәселелерді шешер кезде ҚазКСР ПМ коллегиясымен кеңесетін.

Сексенінші жылдардың басында милиция құрылымында айтарлықтай өзгерістер болмап еді. КСРО ПМ-нің жаңа басшылығы өз ұстанымын, негізінде, кадрлық өзгерістер арқылы нығайтып отырды. Милицияның басты назары социалистік меншікті, еліміздегі заңдылықты қорғауға бөлінетін, ал, адамдардың қауіпсіздігін қорғау міндеті ең соңғы орында ғана тұратын. Бұл тұста бір өкініштісі, қылмыстың пайда болуына, қоғамға қауіпті жағдайдың ұлғайып, күрделенуіне ықпал ететін факторлар толық ескеріле бермейтін. Милицияның жоғары басшылығы өз құзыреттілігі аясынан шықпайтын, тіпті, шыға алмайтын да, өйткені бұл беделді саланың абыройына нұқсан келтірер еді.

Сексенінші жылдары өзгеріске ұшыраған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, қылмысқа қарсы күрестің ұйымдастырылуы мен тәсілдерін, оның ішінде қылмысты ашу жұмыстарын осыған сәйкес үйлестіруді, бұл іске милициядағы қызметтердің бәрін жан-жақты қатыстыруды,

әрқайсысының атқарар міндетін нақты белгілеуді, ғылым мен техника мүмкіншіліктерін барынша пайдалануды, аудандардың, облыстардың, жалпы республика милицияларының іс-қимылдарының өзара үйлесімді болуын, қылмысты іздестіру және тергеу бөлімшелерінде кәсіби шеберліктің рөлін арттыруды талап етті.

Бұған дейінгі 8-ші тақырыпта айтып кеткеніміздей, кадр саясатындағы қателіктер, өз ұстанымын қорғай білетін және жаман істермен ашық айқасқа түсе алатын бастамашыл жандардың қоғамдық жұмыстардан шеттетілуі – мемлекеттік аппараттың барлық буындарының қызметіне кері ықпал етті. Сонымен бірге, пайызбен ғана есептелер жалған «жетістіктер» милиция жұмысына теріс әсер етуін жалғастыруда еді.

Дегенмен, осы жылдары, елде белең алған бұзақылыққа, маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күрес жүргізетін милицияның құқықтары айтарлықтай кеңейе түскенін айтып кетуіміз керек. Қоғамдық тәртіп сақшылары спирттік ішімдіктер саудасының ережелері бұзылмауын қадағалап, самогон қайнатушылармен, арақ-шарапты қымбатқа сатушылармен күресіп, құйып сатуға тыйым салынған жерлерде арақ ішкендерді жазаға тартты. Көшеде мас болып, адам абыройын кірлеткен жандарға ескерту жасап, қадағалайтын болды.

Қылмыстардың беталысын сараптауға, қоғамға жат әрекеттердің пайда болуының басты себептерін және шығуына не жағдай итермелейтінін анықтауға көбірек көңіл бөліне бастады. Қылмыстарды жылдам әрі толық ашу мақсатында, қызметкерлерді мамандандыру кең енгізіле бастады, шұғыл хабардар болу және жедел қызметкерлердің тез шоғырлану қабілетін арттырудың кешенді шаралары жүзеге асырылды.

Билік басына Ю.В. Андропов келген соң, сексенінші жылдардың бірінші жартысында ол милиция кадрларын түгел дүрліктіріп тазалауға кірісті. Бұған себепші болған –

ішкі істер органдарының қатарына жемқорлықтың терең еніп кетуі және екі күштік ведомствоның бір-бірімен текетіресі еді. Мәскеу метросындағы милиция қызметкерлерінің Мемлекеттік қауіпсіздік офицерін өлтіруі шыдамның соңғы талшығын үзіп тынды. Жұмыста жіберген қателіктері үшін Н.А. Щелоков 1982-ші жылы КСРО Ішкі істер министрі лауазымынан босатылып, кейін 1984-ші жылы атылып өлді. Дегенмен де, оның жолғары білікті кадрлар дайындауға көп үлес қосқанын, жетпісінші жылдары милиция қызметін құқықтық қырынан танытқанын, қоғам алдындағы абыройын арттырғанын атап өткен жөн.

Әскери қызметте әбден шыңдалған мінезі қатал әрі принципшіл В.В. Федорчуктің Ішкі істер министрі лауазымына тағайындалуы – Ю.В. Андроповтың осы министрлікті аямай сілкілеп алмақ болған мақсатынан туындағаны анық. Жаңа министрге көмектесу үшін ПМ органдарына МҚК-нің 150 қызметкері жіберілді. Құқыққорғау органдарындағы осындай қуатты «десанттың» көмегімен елде басталған дүрліктің дүбірді отызыншы жылдардан беріде әлі ешкім көрмегені анық. КСРО ПМ-нің жаңа министрі Орталық аппарат Штабын және ПМ, ПББ, ПБ, Көліктегі ішкі істер басқармасының штабтарын таратып жіберді де, олардың орнына инспекторлық аппараттарды құрды. 1982-ші жылдан 1986-шы жылға дейін ішкі істер органдары жүйесінің негізгі буыны саналар қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінің 4700 (яғни, түгелдей дерлік) бастығы ауыстырылды. ПМ-нің одақтық жүйесінен – барлығы 300 мыңға жуық қызметкер босатылды. Комсомол, партия және әртүрлі жауапты сала қызметкерлерін ПО-ның басшылық лауазымдарына жіберу тәжірибесі қалыптасты. Оның үстіне, Федорчук ПМ-дегі ғылыми және сараптамалық жұмыс бөлімшелерін ұнатпайтын, оларды «айлығы көп жалқаулар мекені» деп санайтын. Ол ПМ оқу орындарындағы подполковник шеніне дейінгі барлық бастықтар мен оқытушыларды, ал, Мәскеуде – полковникке

дейінгі қызметкерлерді бос уақыттарында қатардағы милиционер ретінде көшелерді аралап қарауға мәжбүрлейтін.

Осы қарастырылған кезеңде кісі өлтіру, ұрлық, тонау қылмыстарымен күресу түрлерінің тағы бір нышаны пайда болды. Бұл – милициядағы тұрақтылықтың артуы, қылмыстармен тиімді күрес жүргізудегі мүмкіндіктер аясының кеңеюі еді. Қылмысты іздестіру жұмысын ұйымдастыру мен тәсілдерінің негізгі түрлерін жетілдіруге, ең алдымен адам күші мен құралдарды дұрыс қоюға бағытталған іс-шаралар жасалды. Оңтайлы жол іздеу – бәрінен бұрын учаскелік милиция инспекторы қызметіне қатысты бірқатар қайта ұйымдастыруларға алып келді. Бұл шаралар милиция жұмысының тиімділігін айтарлықтай арттырмаса да, жүйкені жұқартар жағдайлар туындатты.

Ішкі істер министрі В.В. Федорчук тіпті, милиция қызметкерлерінің қала көліктерінде тегін жүру құқығын да алып тастады. Алайда бұл милиция туралы Заңды бұзатындықтан, КСРО Прокуратурасы бұл шешімге қарсы болды. Оның үстіне, милициядағы күрделі жағдайға қоғамдағы қат-қабат дағдарыс та өз әсерін тигізді. Бар бәленің түп тамыры қатардағы милиция қызметкерінің моральдық азғындауында ғана емес, өзге де себептері болды. «Тазалау» процесі керісінше жүргізіліп, партия және мемлекеттік органдарда өз таныстары бар мафия серкелерінің естерін шығарып, жақсы қырынан танылған қызметкерлер жұмысынан шығарылуда болды.

1983-ші жылы «профилактика қызметі» жойылды да, учаскелік инспекторлар «қылмысты іздестіру» құрамынан шығып қалды. Профилактика қызметінің жойылуы оның тоқтап қалуын немесе мүлдем жоғалуын білдірмейтінін ескеруіміз керек. Керісінше, бұл жұмысты қызметтердің барлығы түгел атқаруы тиіс деп саналды. Милиция қызметіндегі басты бағыттардың бірі болып қалыптасқан профилактикалық жұмыс, мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, Халық депутаттары кеңесінің

кәмелетке толмаған комиссияларымен тығыз байланыста жүзеге асырыла берді. Ал учаскелік инспекторлар қызметіне келсек, оны басқаруды ұйымдастырудың оңтайлы жолдары тиісті деңгейде ойластырыла қоймады. Облыстық басқармалар мен қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінде ғана емес, тіпті, ҚазКСР ІІМ аппаратында да олардың жұмысын ұйымдастыратын бөлімшелер болмады.

1983-ші жылдың маусым айында КСРО ІІМ жүйесінде Саяси басқарма құрылды. Ал, осы жылдың 1-ші тамызында Арнайы техниканың ғылыми-зерттеу институты құрылған еді. 1984-ші жылдың 20-шы маусымында «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодекс» қабылданды. КСРО Министрлер Кеңесінің 10.07.84ж. Қаулысына сәйкес, КСРО ІІМ «КСРО ІІМ жүйесінде шетелдік техникалық барлауларға қарсы әрекет ететін бөлімшелер ұйымдастыру туралы» бұйрық шығарды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1984-ші жылдың 14-ші маусымдағы «Оқатар қару мен оқ-дәрілерді сатып алу, сақтау және қолдану ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы» (01.01.85ж. күшіне енді) Жарлығы, бұған дейін шыққан республикалық актілерден айырмашылығы – тек қаруды ғана емес, оқ-дәрілерді де сатып алу, сақтау, алып жүру және қолдану ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті қарастыра бастады. Милиция қызметкерлеріне құқық бұзушылардан оқатар қаруы мен оқ-дәрілерін іс қаралғанға дейін тәркілеу құқығы берілді.

КСРО Жоғарғы Сотының Төралқасы 1984-ші жылдың 12 тамызында «Қоғамға қауіпті шабуылдардан қажетті қорғану құқығын беретін заңнамаларды соттардың қолдануы туралы» Қаулы қабылдады. Мұнда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің оқатар қаруды қолдану ережелері түсіндірілді.

Қоғамдық тәртіпті қорғаудың негізгі буыны – патрульдік-бекеттік милиция қызметі жетілдіріле түсті. Олар өз жұмысына техниканы, автокөліктерді, мотоциклдерді,

телевидение мен радионы кең қолдана бастады. Өмір сынынан өткен, талай жерде тексерілген: ізшіл иттермен көше аралау, халық жиналатын демалыс орындарын, қалаға таяу аймақтарды атпен жүріп, бақылау, т.с.с. әдістерді қолданды.

Республика ИМ-нің Социалистік меншікті ұрлаумен күрес (орысшасы – БХСС) басқармасында сол жылдары құрылған жаңа бөлімнің атқарар міндетіне агроөнеркәсіптік кешен салалары кіретін. Ол бөлім ауылшаруашылығы өнімдерін ұрлаудың алдын алу жұмыстарынан кемшілік тауып, тез арада жоятын, жасырынған қылмыстық топтарды әшкерелейтін, халық игілігін талан-таражға салуға жол беретін кертартпа келеңсіздіктермен күресетін. Республика ішкі істер органдары мал өсіретін шаруашылықтарға да кешенді тексерулер жасайтын. Мысалы, Қостанай облысында мал семіртетін және ет өндіретін мыңдаған орындар, мал емдейтін бекеттер мен емханалар, мал соятын қасапханалар, ет сақтайтын қоймалар тексерілді. Шығыны көп шаруашылықтарға ерекше көңіл бөлінетін. Әр тексерудің алдында тыңғылықты дайындық жұмыстары жүргізіліп, тексерістерді аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттері бірге қадағалайтын. Әдетте аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары басқаратын бригадаға милиция қызметкерлері және қоғам өкілдері кіретін. Совхоздағы мал басын санау үшін кешенді топтар құрылып, оған шаруашылық мамандары мен жауапты тұлғалар қосылатын.

Құқыққорғау органдары әр милиция қызметінің, әрбір қызметкердің жұмысын әрі қарай жақсартуына ықпал етер мәселелерге үнемі көңіл бөлетін еді. Мысалы, СМУКБ қызметкерлеріне ерекше кәсіби талаптар қойылатын. Осы бөлімде істейтін заңгер бухгалтерлік есеп негіздерін, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың шаруашылық істерін, ауылшаруашылығының ерекшеліктерін білуге міндетті болатын. Милиция қызметіне келетіндердің үштен

бірі – еңбек ұжымдарының ұсынысымен, партия және комсомол органдарының таңдауымен жолданғандар болатын. Әскер қатарынан запасқа шыққан жауынгерлер де – милиция қатарын толықтыратын маңызды жандар саналды. Әскерде темірдей тәртіпке бағынып, шеберлік білімімен шындалған шымыр жігіттер алғашқы күннен-ақ милиция қызметінің қыр-сырын үйреніп, теория мен тәжірибені түгел меңгерген білікті маман болып шығатын.

Сексенінші жылдары республикамызда 700 мыңнан аса адамның басын біріктірген 19 мың 500-ден астам ерікті халық жасақтары (орысшасы – ДНД) жұмыс істеді. Олардың күнделікті тыныс-тіршілігі милиция органдарымен тығыз байланыста өтетін. Еңбегімен танылғандары «Қазақ КСР-інің үздік жасақшысы» төсбелгісімен марапатталатын, мыңдаған белсенділерге үлгілі қызметі үшін қосымша еңбек демалысы, ақшалай сыйлықтар берілетін. Қылмыспен күресте көзге түскен жасақшылар «Ерлігі үшін», «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медальдарын иеленетін, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасын алатын. 1983-ші жылы СМҰКБ-нің 25 жылдығы құрметіне халық жасақшыларының үлкен тобына арнайы төсбелгілер тапсырылды.

Республиканың барлық аудандары мен қалаларында, ірі кәсіпорындарында – социалистік меншікті қорғайтын, маскүнемдікпен күресетін, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алатын, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы жасақтар жұмыс істейтін. Жеткіншектер арасында тәрбие және сауықтыру жұмыстарын өткізетін жасақшы жедел комсомол отрядтарының (орысшасы – ОКОД) еңбегі өте ерекше еді. Өскемендегі ерікті халық жасақшылары отряды мақтауға әбден лайық. Ол кешке және түнгі уақытта қала көшелері мен қоғамдық орындарда сауықтыру шараларын жақсарту мақсатында құрылған болатын. 1984-ші жылға қарай бұл отрядтың қатарында 2 мыңнан аса адам болды, 35 жасақшы

«Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалімен, 68 – КСРО ІІМ-нің және Қазақстан ІІМ Құрмет Грамоталарымен марапатталып, 130-ына «Қазақ КСР-інің үздік жасақшысы» төсбелгісі берілді. Қазақстан Лениндік коммунистік жастар одағының (бұдан ары қарай – ЛКЖО) және Республика ІІМ-нің Ауыспалы Қызыл Туы осы отрядта мәңгі сақталып қалды.

Аса жайсыз оқиғалар да болды. Мысалы, 1984-ші жылдың 13-ші желтоқсанында КСРО-ның бұрынғы Ішкі істер министрі Н.А. Щелоков өзін өзі атып өлтірді. Осы ведомствоны 16 жыл басқарған оған «Партия және мемлекеттік тәртіпті өрескел бұзды, қызметтік лауазымын жеке мақсаттарына пайдаланды» деген айыптар тағылып, ол партиядан шығарылды, одан «Армия генералы» шені алынып тасталды, майданда алғаны ғана қалдырылып, басқа наградалары да, сондай-ақ «Социалистік Еңбек Ері» атағы да алып тасталды. Әрине, бұл факт «ар, ұят және қызметтік парыз» секілді қасиетті ұғымдарды ұмытқан кейбір Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ащы сабақ болды.

Алайда біз, ең алдымен, өз қызметтік міндеттерін абыроймен орындап, жас ұрпаққа үлгі болған ержүрек әріптестерімізді әрқашан да мақтан тұтуымыз керек. Сондай қызметкердің бірі Иван Смирнов бұл жұмысқа Қазақстан ЛКЖО Целиноград аудандық комитетінің жолдамасымен келген еді. Жауынгерлік және саяси дайындықтың үздігі болып, басшылықтан алғыс алған ол Кеңес Әскерінен әбден шыңдалып келді. Құқықтық тәртіпті қорғау қызметінде жүрген милиция сержанты И. Смирнов берген Антына адал болып, өзіне жүктелген жауапты тапсырмаларды тыңғылықты орындап, үлгі бола білді. Қызметінің алғашқы жылында-ақ батылдық танытып, ұрыларды ұстағаны үшін «Милиция үздігі» деген атақты иеленді. 1984-ші жылы ол тағы да бірнеше қарулы қылмыскерлермен шайқасқа түсіп, жалғыз өзі оларды тұтқындап, жеңіске жетті. Сол жылдың 13-ші желтоқсанында аса қауіпті қылмыскерлерді

қарусыздандырып, ерлік көрсеткені үшін, милиция аға сержанты Иван Алексеевич Смирнов Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Өзінің қызметтік міндетін орындау кезінде Семейдегі МАИ инспекторы комсомол Ғ.Ә. Әмірғалиев өміріне қауіпті ауыр жарақат алды. Антқа адал ол күші артық қылмыскерлермен аянбай айқасып, бәрін тұтқындады.

Қарақшылық шабуыл жасаған қылмыскерді қарусыздандыру кезінде қаза тапқан милиция подполковнигі Қ. Жұмаділов «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды, милиция аға лейтенанты В.И. Немчанинов «Қызыл Жұлдыз» орденін алған, «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалімен милиция аға лейтенанты А.А. Копылов – марапатталды. Бұл үш батыр да Шымкент облыстық атқару комитеті ІІБ-ның қызметкерлері еді.

Іле аудандық ІІБ қылмысты іздестіру бөлімінің жедел уәкілі милиция аға лейтенанты М.А. Мясоедов өз өмірін тәуекелге тігіп, ауыр жарақат алса да, кісі өлтірген қылмыскерді бөлімге жеткізді. Кентаулық капитан А. Кошаков қарулы бұзақыны залалсыздандырып, адам өліміне жол бермеді. Панфилов қаласында мотоциклімен әйелді қағып, із жасырмақ болған мас жүргізуші әлі де талай дүниені бүлдірер еді. Оны учаскелік инспектор милиция лейтенанты А.С. Шатырбеков қуып жетіп, ұстады. Милиционерге қарсылық көрсеткен қылмыскер оның кеудесіне екі рет пышақ сұққан. Қансыраған лейтенант бәрібір де бандитті ұстады. Дәрігерлер оның өмірін сақтап қалды. Қазақстан милициясында мұндай мысалдар өте көп.

Қала ықшам аудандарында, ауылдық жерлерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етер милиция учаскелік инспекторларының, яғни, ішкі істер органдарының халыққа ең жақын отрядының атқарар жұмыстары өте маңызды болып келеді. Орал облысының Фурманов аудандық ІІБ учаскелік инспекторы милиция аға лейтенанты Г. Казииуллин қарайтын аумақта «Көктерек» және «Жұлдыз» совхоздары

жатады. Әр шаруашылықта ерікті халық жасақтары, еңбек ұжымдарындағы заң бұзушылықтың алдын алу кеңесі, жолдастық сот болатын. Қоғамдастықтың барлық жұмысын тәртіп қорғау пунктінің қоғамдық кеңесі үйлестіріп отырған. Казииуллин «тұрақсыз» адамдардың тәртібін қатаң түрде қадағалайтын да, жатып ішер жалқауларды, маскүнемдерді, жол ережесін бұзғандарды жауапкершілікке тартатын. Осы еңбегінің арқасында Көктерек ауылдық кеңесінің депутаты Г. Казииуллин «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Павлодар аудандық ішкі істер бөлімінде ауылдық кеңестің депутаты, коммунист, аға учаскелік инспектор, милиция капитаны Ж. Шалдыбаев жұмыс істеді. Адамгершілігі зор, жауапкершілігі мол оның ұсынысымен құқықтық тәртіпті қорғау ісіне қоғамның барлық күштері: халықтық бақылау, депутаттық топтар, социалистік заңдылықты сақтау және маскүнемдікпен күрес комиссиялары, сауықтыру кеңестері шоғырландырылған болатын. Оның жетекшілік етуімен халық жасақшылары астық өнімдерінің, мал басының, жанармайдың сақталуын қамтамасыз ету бойынша көп жұмыстар атқаратын. Учаскелік инспектормен бірге совхоздың жауапты мамандары, косомолдар, жасақшылар талай істі тындыратын. Ауыл тұрғындарының қамсыз-мұңсыз өмірі, тыныштығы бұлардың белсенді еңбек етуіне байланысты екенін әрқайсысы іштей түсінетін.

Учаскелік инспекторлар арасында қатал әрі талапшыл, қырағы әрі сезімтал, сонымен қатар мейірімді, көмек қолын созуға дайын жайдары жандар да көптеп саналатын. Ақтөбе облысында тұратын «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері майор В.И. Старцев, Павлодарлық капитан М.С. Мулламухамедов, Торғай облысының аға лейтенанты А.А. Попов және басқалары дәл сондай жандардың қатарынан еді.

ІІМ назарынан басқару жүйесінің кадрлары, жетекші мамандар тыс қалмайтын. Әрдайым олардың ой-өресінің биіктігі, ұқыптылығы, өз ісіне адалдығы сияқты қасиеттері

оң бағаланатын. Басшы қызметкерлердің ең көп шоғырланған ортасы қашан да – қалалық және аудандық ішкі істер органдары болып келген. Олардың көбі қашан да үлгілі қоғамдық тәртіп үшін күрестің алдыңғы қатарынан табылатын. Сол себепті мақтауға лайық тұлғалар болып келеді. Мысалы, Целиноград облысының Ерейментау аудандық ІІБ-ның бастығы милиция подполковнигі К. Жакудин ішкі істер органдарында 20 жылдан астам уақыт істеген. Ол Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің мүшесі, Халық депутаттары кеңесінің депутаты еді. Өте тәжірибелі басшы, терең білімді заңгер ретінде танылған ол бөлім ұжымының бар күшін аудандағы қоғамдық тәртіпті қорғауды жақсартуға, алдын алу шараларын жетілдіруге, қылмыстарды көбірек ашуға жұмылдырып отырған. Республикамызда мұндай қызметкерлер өте көп болатын.

Қызметкерлерді іріктеуге ерекше талаптар қойылатын. Сексенінші жылдардың милиционері – білімді заңгер болуымен қатар – өте мәдениетті, өмірлік ұстанымы орнықты жан болатын. Ондай үлгілі жандар ІІО қызметкерлері арасында көптеп саналатын. Мысалы, сол жылдары Қызылорда облысының Арал аудандық ішкі істер бөлімінде МАИ аға инспекторы милиция майоры Мешітбай Құттықов қызмет етті. Жұмысына жауапкершілікпен қарайтын аса білікті маман бос уақытының бәрін әдеби шығармашылыққа арнайтын. Құттықов КСРО Жазушылар одағының мүшесі болатын.

Милиция старшинасы Николай Николаевич Шестак әсем қала Алматыда 20 жылға жуық жұмыс істеді. Адал әрі үлгілі қызметі үшін тәртіп сақшысы «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталған еді. Тәжірибесі мол жан жастардың тәлімгері болып, қоғамдық істерге белсене араласатын. Ал, демалыс сәттерінде Николай Николаевич сурет салумен, ағаш ойып, өрнек жасаумен айналысатын. Оның туындылары Алматы мен Мәскеудегі қалалық,

облыстық, республикалық және бүкілодақтық сурет көрмелеріне қойылып жүрді.

Бұл тараудың қорытынды бөлігінде көпшіліктің санасында сақталып қалған «қайта құру» ұғымына байланысты аса жөнсіздеу пікірлерге ерекше көңіл аударғанды жөн санар едік. КСРО көлемінде басталған ауқымды реформаларды әдетте, Партияны, ал іс-жүзінде мемлекетті М.С. Горбачёв басқарған 1985-ші жылмен байланыстырады. Дегенмен де, кейбір авторлар Ю.В. Андроповты «қайта құрудың әкесі» деп атап жүр, басқаларының Қайта құрудың «пайда болу кезеңін» (1983-1985 жж.) сексенінші жылдардың бірінші жартысына теліп жүргені бекер емес сияқты. КСРО реформалау кезеңіне бірте-бірте ене бастады. Қайта түлеу процесі сол кездері Юрий Андропов билікке келген соң бастағандай еді. Олар осылайша елдегі милицияның тыныс-тіршілігіне терең із қалдырды. Юрий Андропов басқарған жылдары (1982-1984) КСРО-да милицияға және оның мәдениетіне, әсіресе, жемқорлық пен қылмысқа қарсы күресіне айрықша назар аударылды. Андропов қоғамды басқарудағы МҚК рөлін күшейтуге тырысты, сонымен қатар милиция жұмысының тиімділігін арттыруға да күш салды.

9.2 Қайта құру кезеңіндегі Республика ішкі істер органдары

М.С. Горбачёв жетекшілік еткен «қайта құру» кезінде бүкіл КСРО аумағындағыдай, Қазақстан милициясы да айтарлықтай өзгерістерді бастан кешіріп, жаңаша шақыруларға тап келді. «Қайта құру» жылдары жетілдірген қоғам тарапынан милиция жұмысындағы кемшіліктерге, оның ішінде осы салада өршіген жемқорлық пен қызмет тиімділігінің кемігеніне байланысты әрқандай сындар айтыла бастады. Қылмыс күннен күнге өсіп, саяси тұрақсыздық асқынып тұрған сын сағатта қоғамдық қауіпсіздікті

камтамасыз ету секілді жаңа міндеттер милицияның иығына артылды. Милицияны реформалау тәжірибелері, онымен қоса, демократиялық принциптер мен нарықтық экономика элементтерін енгізу басталып кетті.

Қайта құру өзімен бірге өршелене өскен қылмысты ала келді, ұлттар мен ұлыстар арасындағы кикілжіңдер күшейді де, милицияның жұмысы қиындап кетті. Қылмыс құтырынған сайын милиция жұмысындағы кемшіліктер көп айтылатын болды. Қайта құру қоғамдағы демократиялық қобалжуларды жиілетіп, бұл енді милициядан барынша ашық әрі нақты жұмыс істеуді талап етті. Жариялылық қоғамға милицияны сынауға мүмкіндік беріп, оның жұмысын сырттай бақылау күшейе түсті. Қайта құру кезіндегі экономикалық реформалар қылмыстың өсуіне әкеліп, жаңа таңдаулар жасауға икемдеді. Дәл осы кездегі саяси тұрақсыздық пен ұлтаралық қақтығыстардың жиілеуі де милицияның жұмысын күрделендіре түсті.

Жалпы, «қайта құру» елдегі милиция қызметіне елеулі өзгерістер енгізіп, пайдалы да, (мысалы, реформаға алғашқы қадамдар және жариялылықтың күшеюі) кесірлі де (мысалы, қылмыстың өсе түсуі және әлеуметтік толқулардың күшеюі) құбылыстарын ала келді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 1985-ші жылдың 16 мамырында «Маскүнемдікке қарсы күресті күшейту туралы» Жарлық қабылдады да, соған сәйкес ҚазКСР Министрлер Кеңесі, барлық деңгейдегі Кеңестер атқару комитеттері жанынан маскүнемдікпен күресу бойынша комиссиялар құрылды. Олар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жұмысын үйлестіріп, осы мәселеге бағыттап, өндіріс орындарында спирттік ішімдіктер ішкені үшін және сауда мекемелері мен қоғамдық тамақтану орындарының қызметкерлері арақ пен басқа да ішімдіктерді сату ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тарту құқығы берілетіні айтылды.

Ішкі істер органдарына (милицияға) – егер адамдар өз үйінде самогон немесе басқа да іш қыздыратын ішімдіктер дайындаса немесе сақтаса, оларды дайындайтын аппаратты үйінде ұстаса немесе самогон және басқа да алкогольді ішімдіктерді сатып алса, әкімшілік жазаға тарту құқығы беріледі. Мұндай құқықбұзушылық туралы істерді аудандық, қалалық атқару комитетінің, ал қалада Халық депутаттары кеңесінің ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығы немесе орынбасары қарайтын.

1985-ші жылдың 30 мамырында КСРО ІІМ «Медициналық айықтырғыш туралы» Ережені және медициналық айықтырғышқа жеткізілген жандарға дәрігерлік көмек көрсету бойынша Нұсқаулық бекітілді де, осы арнайы мекеменің міндеттері, оның қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері нақтыланды.

Осы аталған Жарлық шыққан соң, милицияның ауқымды күштері маскүнемдікпен күреске бөлінді. Осы кезеңдегі статистика тұрмыстық негізде қылмыстың азайғанын тіркеді. Алайда бұл Жарлық қоғамның криминализациялануына біршама үлесін қосты. Екі жылдан соң Үкімет Жарлықты жойды. Оның жойылуы Ішкі істер министрі В.В. Федорчуктің отставкаға кетуімен дәл келді. Жоғары генералитеттің оның жұмысына көңілі толмауы қатты білініп тұрды. Жаңа министр – А.В. Власовтың – ІІМ-нің алғашқы коллегиясында бұрынғы министрге: «Сіз ақжағалы қылмыспен күресуге тым беріліп кеттіңіз» деген сөзі жұрт жадында жатталып қалды.

Осы жылдары елдегі криминогендік жағдай шиеленісіп, қылмыстың өсуі белгіленіп, оның: бопсалау, қаржылық қылмыстар, тапсырыспен кісі өлтіру және т.б. жаңа түрлері пайда болды. Ұйымдасқан қылмыстық топтар қалыптасты. 1986-1987 жылдары ғалымдардың бір-біріне тәуелді емес үш тобы (КСРО ІІМ-нің Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты (орысшасы – ВНИИ), КСРО Прокуратурасының БҒЗИ-ы және Омск Жоғары милиция мектебі) «Елде ұйымдасқан қылмыстың күрделі жағдайы қалыптасты» деген ортақ бір қорытынды жасады. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы

күресетін арнайы бөлімше құру туралы тұңғыш рет сөз қозғалды. Алайда дәл сол кездері Үкімет шын мәнінде ештеңе де істей алмады. КСРО МҚК мен ІІМ-гі зорлық-зомбылық және экономикалық қылмыстардың күрт өскеніне дайын болмай шықты.

КСРО ІІМ 1986-жылдың 16-шілдесінде Жол қозғалысы ережелерін бекітті, мұнда шұғыл қызметтік тапсырманы орындауға қажет болған кезде жүргізуші тоқтап, өз көлігін милиция қызметкеріне беруге міндетті екені қарастырылған.

1986-жылдың 15-қазанында Ішкі әскердің жауынгерлік қызмет Жарғысы бекітілді.

1986-жылдың 12-қарашасында КСРО ІІМ-нің «Ішкі істер органдарына мәдени қамқорлық көрсеткені үшін» төсбелгісі бекітілді.

1986-жылдың желтоқсан айында ІІМ Қоғамдық тәртіпті қорғау Бас басқармасында (ҚТҚББ) «Учаскелік милиция инспекторларының жұмысын ұйымдастыру және олардың қоғаммен өзара байланысы бойынша Басқарма құрылды.

Прибалтикадағы, Орта Азиядағы, Кавказдағы және басқа да аймақтардағы ұлттық қатынастардың күрт шиеленісуі осы кезеңнің ерекшелігі болды. Өкінішке орай, ПО мен МҚК көп жағдайда сол аймақтың ерекшеліктері мен жағдай күрделілігін ескермей, қара күш әдістерін қолданумен болды. КСРО мен Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаға айналған 1986-жылы желтоқсанда Алматыда болған көтеріліс осыған мысал бола алады. Қазақстан Компартиясы ОК жаңа Бірінші хатшысының тағайындалуына қарсы шыққан қазақ жастарының ереуілі күш қолдану әдісімен басылған еді.

Алматыдағы құқықтық тәртіп органдарының әрекеті табан астынан емес, алдын ала арнайы жасалған жоспар негізінде жүзеге асырылды. КСРО милициясының негізгі рөлі ереуілге шыққан халықты күш қолданып ұстау болғаны белгілі. Қазақстанда жарияланған мәліметтер бойынша, құқыққорғау күштері 8,5 мың адамды ұстаған, 1700-ден астамы ауыр дене жарақатын алған (көпшілігінің бас сүйегі жарылған), Прокуратура сұраққа алғандар – 5324 адам,

МҚК – 850 адам. 900 адам әкімшілік жаза шараларына тартылған (тұтқындау, айыппұл төлеу), 1400 адам ескертілген, 319 адам жұмысынан қуылған, 309 студент оқудан шығарылған (бұл тек Білім беру министрлігінің мәліметтері бойынша). Қылмыстық заң негізінде 99 адам сотталды (оның 2-еуі өлім жазасына кесілді), олардың арасында кейін түрмеде белгісіз жағдайда қайтыс болған 20 жасар Қайрат Рысқұлбеков бар еді.

Желтоқсан оқиғасынан кейін ПО жүйесінен 1200-ден аса милиция қызметкері кетті. Митингтер кезіндегі милицияның қатал әрекеті, яғни, күш қолдану мен жаппай тұтқынға алу барысында заңсыз іс-әрекеттерге барулары – олардың қызметтен аластатылуына себеп болды. Жалпы, милиция қызметкерлерінің кетуі – желтоқсан оқиғасына деген оң көзқарастың бірі болып саналып, анағұрлым демократиялық және құқықтық жүйе құруға бағытталды. Осыған қатысқан милиционерлер үшін сол сұмдықтар қызметтік міндеттерді орындау кезінде заңдылықты сақтау мен түсінудің қандай маңызды екенін, сондай-ақ, әлеуметтік шиеленістің ұлғаюы жағдайында жұмыс әдістерін соған лайықтау қажеттігін, яғни, қару қолданбас бұрын, халықпен сөйлесу керектігін ұқтырар сабақ болды.

1987-жылдың 14-қаңтарында «КСРО ІІМ өрттен қорғау техникалық қызметінің отрядтары (бөлімдері) туралы» Ережесі бекітілді.

1987-жылдың 3-ақпанында КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесі «Учаскелік милиция инспекторларының жұмысын жетілдіру шаралары, олардың тұрмыс жағдайын жақсарту туралы» Қаулы қабылдады.

1987-жылдың мамыр айында КСРО ІІМ коллегиясы 1987-1990 жылдарға кадрлар дайындау жүйесін қайта құрудың кешенді бағдарламасын бекітті, мұнда ІІМ кадрларының бүкіл қызмет кезеңінде үздіксіз білім алу ұстанымы баяндалды.

1987-жылдың 1-қазанынан бастап шыққан бұйрыққа сәйкес, ІІМ жүйесінде арнайы мақсаттағы бөлімшелер құрылады.

КСРО Бас прокуроры А.М. Рекунков пен КСРО Ішкі істер министрі А.В. Власов 1987-жылдың 19-қарашасында «Ашылған қылмысты бағалаудың жаңа тұжырымын енгізу және қылмыстарды біркелкі тіркеу туралы Ережеге өзгерістер енгізу туралы» нұсқауға қол қойды (ол 10.01.88ж. бастап қолданысқа енгізілді), соның негізінде, қылмыстық іс өндірісі тоқтатылып, прокурор айыптау қорытындысын бекіткен соң ғана «қылмыс ашылды» деп саналатын болды (бұрын мұндай қорытынды адам айыпталушы статусын алған сәттен бастап есептелетін).

Кеңестік милицияның жұмысын жетілдіру бойынша сексенінші жылдары жүзеге асырылған шаралар қылмысқа қарсы күрестегі қызметті де, тәсілді де ұйымдастыруды әрі қарай жақсарту үшін жағдайлар жасады. Сексенінші жылдардың соңынан бастап ішкі істер органдарының барлық құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылық-тактикалық және құқықтық сипаттары мен жұмыс әдістерін іздеудің белсенді процесі жүрді. Кеңес адамдарының өмірі мен денсаулығына әрбір қол сұғу фактісі ашылып, ал бұған кінәлі жандар заңмен белгіленген жазасын тартатындай шаралар қабылданған болатын.

Қиын жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне қатысып, олардың құқық бұзуына жол бермеу үшін түрлі шаралар қабылдаған учаскелік инспекторлар осы жұмыстағы көрнекті тұлға болып қала берді. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі қоғамдық инспекциялар, сондай-ақ жеткіншектердің қоғамдық тәрбиешілері де айтарлықтай профилактика жұмыстарын өткізетін.

Жеткіншектердің құқық бұзуының алдын алу жұмыстарын кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-тарату орындары да атқарды. Бұл мекемелерге балалар мен жеткіншектерге уақытша қамқорлық жасау, оларды жұмысқа орналастыру, отбасыларына қайтару, қандай да бір тәрбиелейтін мекемеге апару міндеті артылған болатын. Қабылдау-тарату орындары жергілікті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарды қараусыз балалар жайынан, жеткіншектердің құқық бұзғанынан жүйелі түрде хабардар

етіп, осы жұмыстардың тиімділігін арттыру бойынша тиісті ұсыныстарын енгізетін.

Адами мейірімді, көпшілік әдебін сақтай біліп, қала көшелері мен қоғамдық орындарда, ауылдық жерлерде өзара сыйластықтың жалғасуына бірқатар өзгерістерді бастан өткерген қоғамдық тәртіп сақшыларының сіңірген еңбегі мол. Ендігі жерде маскүнемдік пен алкоголизм, айламен ақша табу және басқа да келеңсіз құбылыстарды жеңу барынша көзделді. Әсіресе, патрульдік-бекет қызметі мен МАИ арақ-шарапты астыртын сату мен алыпсатарлық фактілерін әшкерелеп, жолын кесуге көп үлес қосып жүрді. Осы бөлімшелердің аталған мәселелерді шешу кезінде СМҰКБ және басқа да қызметтермен бірлесе жұмыс істеуі жақсара түсті.

Қоғамдық тәртіпті қорғау жүйесін дамыту шараларын өткізу ішкі істер органдарының аумақтық патрульдік-бекет қызметі жасақталған сәттен басталды. Қазіргі таңда бұл бөлімшелер барлық қалаларда және халық саны 20 мыңға жеткен үлкен ауылдарда құрылған. Бұл, әрине, милицияның жалпы құқық қорғау қызметінің түпкілікті нәтижесіне игі ықпал етеді. Қоғамдық орындарда жасақтың саны артып, әсіресе, кешкі және түнгі мезгілде тез шоғырлануы байқала бастады.

Республикамызда патрульдік-бекеттік қызметтің алға бастар көптеген үлгілі әдістері қалыптасты. Алайда ПБҚ көшелерде, алаңдарда және басқа да қоғамдық орындарда темірдей тәртіпті қамтамасыз етер жүйенің құрамдас бөлігі ретінде учаскелік инспекторлармен, жол бақылайтын МАИ қызметімен, ведомстводан тыс күзетпен, медициналық айықтырғыш пен қабылдау-тарату орындарымен, кезекшілік бөлімдермен тығыз байланыста әрекет еткен кезде ғана, алға қойған мақсатына табыспен қол жеткізе алатын еді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, құқықбұзушылықпен күресуде, тергеу мен соттан қашып жүрген жандарды іздеуде төлқұжат қызметі мемлекет пен қоғам алдында өз міндеттерін орындауға мүдделі азаматтарға көп жәрдем берді. Халыққа төлқұжат мәселесі бойынша

қызмет көрсету қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдеріндегі төлқұжат аппараты арқылы жүзеге асырылды. Оның қызметкерлері азаматтарды белгілі бір мекен-жайға тіркеп, қажет болған кезде тіркеуден шығаруды ресімдейтін. Олар төлқұжат жүйесінің талаптарының бұлжытпай орындалуын қадағалап, мекен-жай анықтамасын жасап беретін, шекара аймақтарында елге кіру, орналасып тұру мәселелерін бақылайтын.

Жетпісінші жылдардың ортасынан – сексенінші жылдардың басына дейінгі аралықта Қазақстанның бүкіл аумағында қалалық және аудандық ішкі істер органдарының халыққа жаңа үлгідегі төлқұжат берумен айналысқаны белгілі. Төлқұжат тәртібінің сақталуын ҚазКСР аумағына келген шетел азаматтарының және азаматтығы мүлде жоқ адамдардың да қолдауы қажет болатын. Кеңестер Одағына туристік жолдамамен немесе қызмет бабымен, оқу іздеп, жеке шаруасымен келгендердің көбеюі бұл жұмыстың ауқымын барынша кеңейте түсті.

Рұқсат беру жүйесінің ережелерінің сақталуын қадағалау бойынша да милиция жұмысының мәні артты. Көңіл әсіресе мемлекетке зиянын тигізіп, азаматтарымыздың жеке басына қауіп төндіруі әбден мүмкін заттар мен бұйымдарға ерекше бөлінетін, сондай дүниелердің бақылаусыз өтіп кетпеуіне ерекше назар аударылатын.

Оқатар қарумен және жарылғыш заттармен байланысты қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында, қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды заңсыз тағып жүру, сақтау, сатып алу, дайындау немесе сату әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік салмағы артты.

ҚазКСР мемлекеттік техникалық бақылау қызметімен, денсаулық сақтау және халыққа білім беру салаларымен тығыз байланыста жұмыс істеген милиция рұқсат беру жүйесінің талабына сай келер заттардың жоғалмауын қамтамасыз етіп, қоғамдық тәртіптің нығаюына және құқық бұзушылықтың алдын алуға көп ықпал етті. Осы белесте көлік қатынасының тез дамуы қалаларда және үлкен жолдарда, әуеде, теміржолда көліктер қозғалысының ұлғаюы

қоғамдық тәртіп қорғаудың мәнін арттыра түсіп, үлкен мемлекеттік маңызға ие етті. Осы жылдары КСРО және ҚазКСР Министрлер Кеңесі бірқатар арнайы қаулылар қабылдап, олар автокөліктерді қолдану тиімділігін әрі қарай арттырудың және жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамсыз етудің, қызмет көрсету мәдениетін көтерудің нақты шараларын қарастырды.

Мемлекеттік автокөлік инспекциясының міндеттеріне – жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қозғалысты реттеу жұмыстары ғана емес, автомотокөлік құралдарының техникалық жай-күйін жүйелі түрде бақылау, оларды уақытылы тіркеу, адамдардан емтихан қабылдап, жүргізуші куәлігін беру міндеттері де енгізілді. Бұл істермен қайтадан құрылған ауданаралық МАИ-дің тіркеу-емтихан алу бөлімшелері айналысты. Алып қашқан, ұрланған көліктерді іздестіру, жеке мақсатына пайдалану, алыпсатарлық әрекеттерін анықтау бағытында бұл қызметтің рөлі арта түскен еді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1983-жылдың 1-қыркүйегіндегі «Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін артылар әкімшілік жауапкершілік туралы» Жарлығының қабылдануы және 1987-жылдың 1-қаңтарынан күшіне енген «Жол қозғалысы ережелерінің» жаңалап жазылуы – жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысындағы маңызды оқиға болды. Осы нормативтік-құқықтық актіге сәйкес, МАИ жүргізушілерге сол бұрынғыдай үлкен талаптар қоюмен қатар, енді автокәсіпорындардың бастықтарына және басқа да лауазымды тұлғаларға да қатаң талап қою мүмкіндігіне ие болды.

Сексенінші жылдардың екінші жартысында әлеуметтік-саяси өмірге қойылған жаңа талаптар милиция органдарында міндеттер мен ұйымдастырушылық қайта құрулар аясын кеңейтуді қажет етті. Мемлекет басшылығы бұл мәселелерді өзіндік әдістермен шеше бастады. Сөйтіп, КСРО Үкіметінің «Елдегі қылмысқа қарсы күрестің жай-күйі және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қосымша шаралар туралы» 1988-жылдың 2-сәуіріндегі Қаулысы органдардың

қылмыскерлерге қатысты саясатын қатайтуды және құқықбұзушылықтың алдын алуды қарастырды. 1988-жылдың 28-шілдесінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «КСРО ИМ Ішкі әскерінің қоғамдық тәртіпті қорғау кезіндегі міндеттері мен құқықтары туралы» Жарлық шығарып, ал келесі 1989-жылы ол Қорғаныс министрлігінен ИМ қарамағына берілді.

1988-жылдың 3-қазаны күні КСРО ИМ арнайы мақсаттағы милиция отрядтары туралы бұйрық шығарды. АММО-ға мынадай міндеттер жүктеледі:

- қоғамдық-саяси, спорттық, мәдени-көркем және басқа да шаралар өткізу кезінде, сондай-ақ, табиғи апаттар, індеттер, ірі өндірістік апаттар, бүлінулер және басқа да төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті қорғау;

- қоғамдық тәртіпті топтасып бұзу себептерінің, жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу;

- қарулы қылмыскерлерді ұстау шараларына қатысу.

Тура сол жылы арнайы тапсырмаларды орындайтын АММО-лар құрылды. Сарбаздар саны көбейтіліп, ішкі әскер мен арнайы мақсаттағы әскердің жауынгерлік дайындық деңгейіне қойылар талаптар күшейтілді. ИО-ның қоғаммен байланысы бірте-бірте жоғала бастады. Жасандылық, есепке жүгіну, ЕХЖ-ның бұрынғы қабілеттерінен айрылуы, олардың жұмысына кеңестік органдар тарапынан бақылаудың босаңсуы – сексенінші жылдардың соңында көптеген жасақтардың тарап кетуіне әкеліп соқты да, қызметі бірер жылға біржола тоқтады.

1988-жылдың 15-қарашасы күні ИМ №0014 бұйрығымен 6-шы Басқарма құрылды (ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша). 1991-жылдың ақпан айында ол Аса қауіпті қылмыстармен, ұйымдасқан қылмыспен, жемқорлықпен және есірткі бизнесімен күресетін Бас басқарма болып қайта құрылды.

1990-жылдың қазан айында КСРО-ның Интерпол мүшелігіне қабылдануы – кеңестік құқыққорғау органдарының тарихындағы маңызды серпіліс болды. 1991-жылдың 1 қаңтарында КСРО ИМ құрамында Интерполдың

Ұлттық орталық бюросы (ҰОБ) құрылды.

1991-жылдың 6-наурызында «Кеңестік милиция туралы» КСРО жаңа Заңы қабылданды, 1991-жылдың 28-қарашасында КСРО Президентінің Жарлығымен КСРО ІІМ туралы жаңа Уақытша Ереже бекітілді, алайда ол КСРО ыдырағанға дейін күшіне еніп үлгермеді.

Жалпы алғанда, сексенінші жылдардың екінші жартысы мен тоқсаныншы жылдардың бас кезінде милиция кадрларын әлеуметтік қамсыздандыру мәселесінде құлдырау тауқыметтер көбейді. Бір ескеретіні, мұның негізінде милиция қызметкерлерінің материалдық-тұрмыстық жағдайын түзету бойынша тағы да сол дер мезгілінде әрекет жасамау, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуы: еңбекақының аздығы, тұрмыстық міселелерінің шешілмеуі де жұмыс деңгейіне әсер етті. Мол тәжірибесі бар кәсіби мамандардың жұмыстарын жаппай тастап, кооперативтерге, жеке фирмаларға, күзет салаларына кету жағдайлары көбейді.

Қайта құрудың нәтижелері 1991-жылдың тамыз айында болған оқиғалардан, яғни, Мәскеудегі бүлікте байқалды. Сол күндері МҚК мен ІІМ органдары қызметкерлері, жалпы алғанда, бейтараптық пиғыл танытты. 1991-жылдың соңында КСРО ішкі саясатындағы тұрақсыздық процестері елдің біржола ыдырауына әкеліп соқты. Осылайша, ТМД-ның дербес құқыққорғау жүйелері дамуының жаңа кезеңі басталды.

Дегенмен де, Қайта құру кезінде Горбачёвтың жетекшілігімен КСРО-да мәдениет саласында, оның ішінде милиция мәдениетінде де елеулі өзгерістер болып өткенін де атап кеткеніміз жөн. «Жариялылық» енгізіліп, ол сөз бен ақпараттың бостандығына алып келді. Осындай позитивті жайттар милиция саласында да өз іздерін қалдырмай қоймады. Сондай-ақ, қоғамдық-саяси және экономикалық құрылысты демократизациялау бағытында жасалған талпыныстың да милиция жұмысына өз ықпалын тигізгені анық.

Бақылау сұрақтары:

1. XX-ғасырдың 80-жылдарының бас кезіндегі Қазақстанның милиция органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін құқықтық реттеудің басқа республикалардан және жалпы КСРО-дан қандай өзгешеліктері бар еді?

2. КСРО ИМ Щелоковтың қайғылы қазасына не себеп болды деп ойлайсыз?

3. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 1985 жылы 16 мамырда «Маскүнемдікке қарсы күресті күшейту туралы» Жарлығына сай елде қандай комиссиялар құрылды?

4. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін қанша милиция қызметкері жазаға тартылды және не себепті?

5. КСРО ИМ арнайы мақсаттағы милиция отрядтарын (ОМОН) құру туралы бұйрық қашан шықты?

6. ИМ-інде арнайы техника ғылыми-зерттеу Институты (ФЗИ) қашан құрылды?

7. КСРО Жоғарғы Сотының төралқасы 1984 жылғы 12 тамызда «Соттардың қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтардан қажетті қорғаныс құқығын қамтамасыз ететін заңнаманы қолдануы туралы» қаулысында құқық қорғау органдары қызметкерлеріне не түсіндірілді.

8. Ішкі әскерлердің жауынгерлік қызметінің Жарғысы қашан бекітілді?

9. Учаскелік полиция инспекторларының жұмысын ұйымдастыру және олардың жұртшылықпен өзара іс-қимылы жөніндегі басқарманың құрылу уақытын айтыңыз.

10. КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Учаскелік полиция инспекторларының жұмысын жетілдіру, олардың материалдық жағдайын жақсарту шаралары туралы» қаулыны қашан қабылдады?

10 ТАҚЫРЫП ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПО-НЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

10.1 XX ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанның ішкі істер органдары

Қазақстанның жаңа құқық қорғау жүйесінің қалыптасу тарихы 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылдануынан басталады. Декларация жай ғана «ниет туралы декларация» емес, нормативтік құқықтық сипаттағы құжат болатын. Декларацияда алғаш рет ұлттық мемлекеттілік жарияланып: «Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттілікті қорғау, сақтау және нығайту шараларын қолданады» делінген (2-бап).

1991 жылы 10 желтоқсанда «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл заңның маңыздылығы бүкіл халықтың саяси өзін-өзі билеу құқығын мойындауда еді. Осы құжатта айтылған: «Республиканың көпұлтты халқының өз тағдырын өзі шешу қағидаттарына негізделген демократиялық, тәуелсіз, бейбітшілікті сүйетін, құқықтық мемлекет құруға ұмтылысының негізінде» Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы деп аталды.

Небәрі алты күннен кейін, 1991 жылы 16 желтоқсанда «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданды, онда «Қазақстан халқының еркін білдіретін, қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығын растайтын Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялайды» делінген.

Бұл конституциялық заң алғаш рет тәуелсіздікті жариялап, онда тәуелсіз мемлекетке тән элементтер: аумақтық окшаулану, біртұтас азаматтық, мемлекеттік органдардың дербес жүйесі, оның ішінде құқық қорғау органдары, тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне сәйкес келетін

дербес экономикалық жүйе және өз Қарулы Күштерінің болуы бекітілді. Осылайша Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа енді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күрестегі өзара іс-қимылының жылдар бойы қалыптасқан тетіктері жұмыс істемеді. Сол жылдары қылмыстың қарқынды өсуі байқалды. Экономикалық қылмыстар кеңінен таралды, көлеңкелі экономика қалыптасты. Осы кезеңде ұйымдасқан қылмыстық топтардың ықпал ету аясы көбейіп, кеңейді, қару қолдану қылмыстары жиілеп кетті.

Жетпісінші-сексенінші жылдармен салыстырғанда 90-жылдары елімізде қылмыс күрт өсті. Негізінен бұрынғы спортшылардан («Рыжий Алмаз», «Черный Алмаз» т.с.с. бандалары) құрылған ұйымдасқан қылмыстық топтар (ҰҚТ) пайда болды. Бұл қылмыстық қауымдастықтардың әрекеттері айқын өрескел сипатта болды. ҰҚТ мүшелері сол кездегі – рэкет, бопсалау, ақша үшін адам ұрлау, кепілге алу сияқты жаңа қылмыс түрлерімен айналысты. «Бригадалар» деп аталатындар қылмыстық әлемнің ескі «концепцияларын» қабылдамай, өздерін «заңдағы ұрылар» басқаратын қылмыстық құрылымдарға қарсы қойды. Осындай келеңсіздіктерге қарсы күресу мақсатында 1991 жылы ІІМ-нде Ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Бас басқармасы құрылды.

Ол кезде қоғамдағы көптеген адамдар демократияны рұқсат ету және анархия ретінде қабылдады. Осы кезеңде құқық қорғау органдары көптеген санкцияланбаған митингілерге, шерулерге, пикеттерге тап болды. Сол жылдардағы жаңа демократиялық шындық құқық қорғау органдарын қылмысқа қарсы күрестегі көзқарастары мен принциптерін қайта қарауға мәжбүр етті. Қиын жағдайларға, экономикалық дағдарысқа, аз жалақыға, ауыр еңбек жағдайларына қарамастан, ішкі істер органдары қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті

сақтау бойынша белсенді жұмыстар жүргізді. Ең маңызды салаларда қолда бар күштер мен құралдарды кеңінен пайдалану арқылы қылмысқа қарсы күресте жедел позицияларды нығайту көзделді. Жедел жағдайы анағұрлым күрделі өңірлік орталықтар мен ірі өнеркәсіптік қалалар ІІМ-нің ерекше бақылауында болды. Сонымен бір мезгілде ІІМ адамның құқықтары мен бостандықтарын, азаматтардың арнамысы мен қадір-қасиетін, демократия мен теңдікті құрметтеу қағидастарына негізделген жаңа нормативтік база құруды жүргізді.

1992 жылдың 10 қаңтарында Елбасының Жарлығымен Қазақстанның ішкі әскерлері құрылды. Сол жылғы 23 маусымда «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заң қабылданды, ол елдің ішкі істер органдарының міндеттері мен функцияларын айқындаған бірінші акт еді. Нақтырақ айтар болсақ оның «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары» атты 1-бабында «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары – қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыспен күресу, адамның, азаматтың және мемлекеттің конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі атқарушылық және басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік басқарудың қарулы құқық қорғау жүйесі» екендігі айтылды.

Ал, аталмыш Заңның «Ішкі істер органдарының міндеттері» деген 4-бабында аталмыш дүниеге келесілердің

- жеке тұлғаның, азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау;

- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- қылмысқа қарсы күрес;

- құзыреті шегінде қылмыстық және әкімшілік жазаларды орындау;

- жол қозғалысы саласындағы заңдардың, нормалардың, ережелер мен стандарттардың оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде сақталуын және оған

жүргізушілер мен автомотокөлік құралдарының қатысуына мемлекеттік рұқсат беру шараларын бақылауды жүзеге асыру;

– меншік нысанына қарамастан елді мекендерде, шаруашылық объектілерінде өрт қауіпсіздігінің жай-күйін қадағалауды қамтамасыз ету және өрт сөндіру жататыны тәптіштеп көрсетілген болатын. Осы Заң бойынша Ішкі істер органдарын заңнамамен жүктелмеген міндеттерді орындауға тартуға да тыйым салынды.

1992 жылдан бастап ТМД мемлекеттерінің әрқайсысы қылмыспен күресу мәселелерін өз бетінше шешуге мәжбүр болды. Қылмыскерлер ТМД мемлекеттерінің шекараларының ашықтығын пайдаланып, өздерінің заңға қиғаш іс-әрекеттерін жасап болған соң басқа республикаларға ешбір кедергісіз өтіп кетіп жатты. Сол себепті 90-жылдардың басында қылмысқа қарсы күресті үйлестіру мақсатында ТМД елдерінің құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды. Оның ішінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясы, ҚР ПМ мен РФ ПМ арасындағы ынтымақтастық туралы келісім, шекара маңы аудандарының ПО ынтымақтастығы туралы үлгілік келісім және т. б. болды.

1992 жылы Қазақстан Интерполға қабылданды. Бұл оқиға алыс шетелдегі әріптестерімен қарым-қатынасты едәуір жеңілдетті және Қазақстан Республикасы ПО имиджін арттырды. Осы жылы қабылданған ҚР-дағы құқықтық реформа бағдарламасы қылмысқа қарсы күресті, құқық бұзушылықтардың алдын алуды, құқық қорғау органдарының тиімді жұмыс істеуі үшін жаңа бөлімшелер құруды, жауапкершілікті арттыруды және жалпыға бірдей құқықтық оқытуды көздеді.

1993 жылғы 28 қаңтарда егемен Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды. Онда ішкі істер органдарының

мемлекеттік жүйеде алатын орны және бір рет айқындалып бекітілді. Ал практикалық іс-шаралар бағытын анықтауға нұсқаулық ретінде қолданылған сол кездегі маңызды құжаттардың бірі «1993-1995 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес және құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың мемлекеттік бағдарламасы» болды. Осы уақытта жедел-ізвестіру қызметін оның нормативтік базасын жаңарту, ПМ-нің бүкіл жүйесін жедел-ізвестіру сипатындағы ақпарат алуға бағдарлау, жедел қызметтердің кадрлық қамтамасыз етілуін жақсарту жолымен белсенді дамыту жүріп жатты. Қылмысқа қарсы күрестің нақты және неғұрлым пәрменді нысанын дамытудың осы және басқа да бағыттары кейін «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі ҚР Заңымен айқындалды.

Сол қиын жылдардың нәтижесі қазіргі заманғы полиция жүйесінің қалыптасуы болды. Ішкі істер органдары үшін қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруда және құқықтық тәртіпті нығайтуда туындаған көптеген маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік туды. ПМ қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша бірқатар шаралар қабылдады, олар әрбір кезең үшін басым міндеттерді, азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нақты шараларды көрсетті.

Алайда, 90-жылдардың ортасында елдегі қылмыстық жағдай жақсарған жоқ, керісінше нашарлай түсті. Олай болуына келесідей факторлар әсер етті:

- экономикалық дағдарыс;
- қылмыстар өрескелдене түсті, сондай іс-әрекетке баратындардың қару-жарақ қолдануы көбейді;
- экономикалық қылмыс, көлеңкелі экономика қарқынды қалыптаса бастады;

– ұйымдасқан қылмыстық топтар (ҰҚТ) ықпал ету салаларын кеңейтті, олардың көпшілігі трансұлттық сипатқа ие бола бастады;

– бұрынғы одақтас ІІМ арасындағы өзара іс-қимыл тетіктері жұмыс істемеді;

– ІІО қызметкерлерінің коммерциялық құрылымдарға жаппай кетуі көбейді;

– жеке құрамның моральдық жағдай деңгейі төмендеуде болды, полиция қызметі өзінің тартымдылығын жоғалтты;

– ішкі істер органдарының материалдық-техникалық жабдыкталуы әлсіз болды.

Дәл осы кезеңде, дәлірек айтсақ, 1995 жылдан бастап Қазақстанда АҚШ пен Еуропадан жіберілген шетелдік консультанттардың қызметі үздіксіз жүзеге асырыла бастады. Олар грант алушы қорлар/ҰЕҰ арқылы ҚР ІІМ мемлекеттік құрылымын реформалау бағытындағы мәселелермен айналысуда еді. 1995 жылғы қазанда шетелдік консультанттардың ұсынысы бойынша республика ІІМ Мемлекеттік тергеу комитетін құру жолымен реформаланды. Ол жеке орган болып құрылды. Оған ІІМ-нен – анықтау, тергеу және жедел-іздістіру қызметтерін жүзеге асыру бойынша құқықтар мен функциялар берілді. Бұл құқық қорғау құрылымының сол жылдары ТМД елдерінде баламасы болған жоқ. Оның құрылуының ресми себебі 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының 84-бабы болды. Оған сәйкес қылмыстарды алдын ала тергеу функциясы заңдылықты прокурорлық қадағалау функциясынан бөлінген еді. Қарапайым тілмен айтқанда, тергеу бөлімшелері кейіннен жеке құрылымға айналдырыла отырып, прокуратурадан, сонымен бірге ішкі істер департаментінен шығарылды.

Алайда, ІІМ-нің көптеген жылдар бойы жолға қойылған жұмыс жүйесі бұрынғыдай ұйымдаспағандықтан және бөлшектенгендіктен, сол кезде жүргізілген құқық қорғау

жүйесін реформалау күткен нәтиже бермеді. Тергеу комитетінің қызметі елдегі криминогендік жағдайға теріс әсер ете бастады. Осыған байланысты 1997 жылдың қарашасында Мемлекеттік тергеу комитеті таратылды. Оның функциялары ішкі істер министрлігіне қайтарылды. ІІМ ішкі істер органдары шеңберінде криминалдық және әкімшілік полиция органдары, сондай-ақ әскери құрылым мәртебесі бар ІІМ әскери-тергеу органдары мен әскери полициясы құрылды.

Айтылғандар аясында Сүлейменов Қайырбек Шошанұлының қызметі туралы бірер сөз айту орынды болар еді деп ойлаймыз. Қ. Сүлейменовтің есімі Қазақстанның жаңа тарихына екі рет Ішкі істер министрі болғанымен ғана енген жоқ. Сүлейменов – тәуелсіздігіміздің таңы атқан шағында құқық қорғау жүйесінің жұмысын құрып, 90-жылдары ұйымдасқан қылмыспен, 2000-шы жылдары жемқорлықпен күрескендердің бірі. Оның тұсында милиция аты өзгеріп полицияға айналды. Ол қауіпсіздік күштері генералдарының бірнеше буынын тәрбиелеп шығарған адам. Ішкі әскерлердің қолбасшысы, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Парламент Мәжілісінің депутаты болды. Білгірлер оны күні бүгінге дейін ел үшін тиімділігі ең көп болған ішкі істер министрлерінің бірі деп санайды.

Ішкі істер министрлігін басқарған Қайырбек Сүлейменов қарбыз тиелген КамАЗ көлігін ел жолдарын бойлай айдап жүріп, жол полициясы қызметкерлерінің арасында пара алушылар мен бопсалаушыларды анықтағаны көпшілік қазақстандықтардың есінде. Сол 2000 жылы ол әшкереленген, тіпті жанама түрде қылмысқа қатысы бар қызметкерлердің барлығын дерлік жұмыстан қуды. Содан кейін өз ведомствосы қатарында толығымен тазарту ұйымдастырды.

1990 жылдары ерінбегендердің барлығы полицияны ең алдымен елдегі қылмыс деңгейін құрықтауға күштері жетпейді, сол бағытта жұмыс істеуге құлшыныс танытпайды,

қоғамдық тәртіп сақтау саласындағы «күнәлары» да бастан асады деп айыптап жатты. Бұл уақытта әсіресе, рэкет, бандитизм, трансұлттық есірткі бизнесі сияқты қылмыстың жаңа түрлеріне қарсы күресті үдетіп, олар бойынша нақты шаралар жүргізу, шешімдер қабылдау қажет болды. Сол Ауғанстанның өзімен шекаралар жартылай ашық болып қалғандықтан мұнда ауыр есірткі, оның ішінде героин де келді. Жезөкшелік, банк алаяқтары сияқты құқықбұзушылар және, әрине, базардағы дүкеншілер мен әр саладағы кәсіпкерлер үшін «шатыр» болып келетін – «басы тақыр жігіттер» пайда болды. Қылмыс шамадан тыс өршіп 10, тіптен 30, есеге дейін өсіп кетті. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің алдында аталғандай аждаһалардың арандай ашылған ауыздарын құрықтау міндеті тұрды.

1991 жылы Қ.Ш. Сүлейменов министрдің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Оған Мемлекеттік тергеу комитетін (МТК) құру тұжырымдамасын тәптіштеп шығу тапсырылды. Алайда, Сүлейменов мойындағандай, оның кейінірек қабылданған түпкілікті нұсқасы алғашқысынан мүлде басқаша болып шыққан. Ол кезде республиканың Әділет министрі Н. Шәйкенов еді. Екінші кезеңде осы тұжырымдаманы пысықтау соған тапсырылды. Сүлейменов МТК тек республикалық және облыстық деңгейде жұмыс істеп, тек маңызды істермен айналысуы керек деген ұсыныс айтқан. Шәйкеновтің айтуынша, МТК ауданнан орталық органдарға дейін өз вертикалі бар, барлық қылмыспен айналысатын, штаты 12 мың адамнан кем емес жеке мемлекеттік құрылымға айналуы керек еді.

Қ.Ш. Сүлейменов Ішкі істер министрлігінде тергеу аппаратының және қылмыстық іздестіру бөлімінің бір бөлігін қалдыруды ұсынды. Бірақ бұл нәтиже бермеді. Мемлекеттік тергеу комитетіне Қылмыстық іздестіру бөлімі толығымен ауысып, Ішкі істер министрлігінің барлық тергеушілері де түгел сонда кетті. Ал министрге Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Ішкі істер

министрлігінде баламалы қызмет құру керек болды, ол жедел қызмет деп аталды. Шынтуайтына келсек, ол дәл сол қылмыстық іздестіру бөлімінің өзі еді. Сүлейменов полиция өз жұмысын бұрынғыша жалғастыра береді, ал Мемлекеттік тергеу комитеті кез-келген уақытта өзіне керек істі талап ете алады дегенді ұсынды. Алайда екі министрлік бір-бірінен үлкен қорғанмен бөлініп, олар бір-бірін түсінуден қалады. Соңында екі ведомство ғимараттар мен мүліктерді бөлісуге кірісті.

Алайда, МТК-ның ғұмыры, жоғарыда айтып кеткеніміздей, бар болғаны екі жылға ғана созылды, содан кейін қылмыстық іздестіруді жойып жібере жаздаған бұл сәтсіз эксперимент жабылды. Ал Сүлейменовты істен хабары барлар МТК-ны өлтіруші деп атай бастаған. Бұл туралы оның өзі: «Мені МТК-ны жойған адам деп санайды. Шынына келсек, әңгіме менде емес, әңгіме мәселені шешуді әуесқойларға тапсырылғанда болып тұр. Бұл реформа емес, ашық саудаласу еді», – деген болатын. Әңгіме ортасында, баяндап отырған кезге байланысты тағы да бір елеулі жайттың болғанын атап кеткеніміз орынды деп ойлаймыз: 1996 жылдың 3 қаңтарында Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы (МАИ) Жол полициясы болып өзгертілді.

1997 жылы ІІМ басшылығының ұсынысы бойынша өртке қарсы қызмет функциялары ІІМ-нен Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетке берілді, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреспен Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) айналыса бастады. Әділет министрлігіне сот-медициналық сараптама, қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру, халықты құжаттандыру және тіркеу функциялары берілді.

1998 жылғы 9 желтоқсанда маңызды құжат – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар «Анықтау мен тергеуді іске асыратын Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдары туралы» және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы» жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» деп аталатын маңызды құжат қабылданды. Бұл құжаттың Қазақстан Ішкі істер органдары үшін маңыздылығы – сол уақыттан бастап ел милициясының полиция деп атала бастауында болып тұр. Өзгерістерді ендірушілердің ойлары бойынша жаңадан ендірілген түсініктер Қазақстан Республикасы полиция қызметінің халықаралық стандарттарға адалдығының, социалистік жүйенің ескірген идеологиялық қағидаларынан алшақтауының қисынды көрінісі болуы керек еді.

Жалпы, Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алған 90-жылдары тәртіпті сақтауда және қылмысқа қарсы күресте, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде, көшелер мен адамдар көп жиналатын орындарда заңдылық пен тәртіпті қорғауда Қазақстан милициясы, одан кейін полиция маңызды рөл атқарды. Ішкі істер органдары құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізді. Бұл кезде ішкі істер органдары қызметкерлерінің алдында нарықтық экономикаға көшу, қылмыстың өсуі және нақты құқықтық базаның болмауына қарамай күрделі міндеттер тұрды. Қиындыққа қарамастан Қазақстан полициясы өз қызметінде ерлік пен адалдық көрсетті. Олардың көпшілігі қылмыспен күрестегі жігерліліктері мен сіңірген еңбектері үшін мемлекеттік төсбелгілер, алғыс хаттармен және т.б. марапатталды.

Осы орайда, тәуелсіздіктің бүкіл тарихында Қазақстанда оннан астам лаңкестік әрекет жасалып, 100-ге жуық адам қаза тапқанын баса айтып кеткеніміз жөн. Қазіргі Қазақстандағы ең алғашқы лаңкестік әрекет 1990 жылдардың басында республиканың оңтүстігінде орын алған.

Лаңкестерді бейтараптандыру мақсатымен Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, «Альфа» арнайы жасақ (қазіргі «Арыстан») бөлімшесінің қызметкерлерінен дереу арнайы бригада жасақталып, арнайы операция ұйымдастырылады. Сол шараға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық іздестіру басқармасының бастығы, қазақ қылмыстық іздестіру басқармасының бастығы, аты аңызға айналған полиция полковнигі Ғабдрахым Меңдешев 1992 жылы ақпанда Шымкент қаласында террористер басып алған автобустан кепілге алынған адамдарды босатуға қатысып, ерекше көзге түскен. Оған Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің өзі табыстаған болатын.

Басқа да мысалдар келтіріп кетейік. 1992 жылдың 24 шілдесінде Шиелі АПБ-не мас күйінде аңшы мылтығын алып жанжал шығарған Шиелі ауылының тұрғынының үстінен арыз түседі. Оқиға орнына келген Шиелі ауданы, Тереңөзек учаскелік полиция инспекторы Есен Бектұрсынов одан мылтығын беруді талап ете бастаған соң, қылмыскер қашуға бел буады. Полицейлердің қосымша жасағын шақырған инспектор бұзақының артынан түседі. Алайда қашқын мылтықтан екі рет оқ атқан. Соның біреуінен полиция инспекторы көз жұмған. Ерлігі мен жанқиярлығы үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен полиция лейтенанты Есен Бектұрсынов қайтыс болғаннан кейін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

1994 жылғы 4 ақпанда жедел топты басқарған полиция кіші лейтенанты Жанайдар Жирентаев Ақмола тұрғынының өз ұлын бұзақылардың физикалық зорлық-зомбылығынан қорғауды және оларға қатысты заңды шара қолдануды сұраған арызы бойынша оқиға болған жерге келеді. Күдіктілерді ұстау барысында олардың біреуі жедел топ мүшелеріне қарай кесілген қос ауызды аңшы мылтығынан оқ атқан. Қаруларын тастауды талап еткен милиция

қызметкерлеріне жауап ретінде қылмыскерлер автомат кезегімен жауап берген. Ауладағы адамдар үшін қауіпті жағдай туындай бастаған. Бұрынғы интернационалист-жауынгер өз өмірін қиып, оларға төнген қатердің алдын алған – атылған оқты өзіне қабылдаған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Жирентаев қайтыс болғаннан кейін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Астана қаласындағы көшелердің біріне батырдың есімі берілді. Еліміздің бас қаласындағы Жанайдар Жирентаев атындағы №22 мектепте жыл сайын оның туған-туыстары мен әріптестері бас қосып, батырдың рухына тағзым етеді.

Полиция мен милиция қызметкерлері түрлі жағдайларда, соның ішінде табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде халыққа көмек көрсетуге қашанда даяр. Осылайша, 1996 жылы қазақстандық полиция қызметкерлері Алматыдағы ірі өрттің салдарын жоюға қатысты, 1999 жылы бірнеше банкті тонаған қылмыстық топ мүшелерін, ал 2000 жылы Алматы облысында бірнеше қылмыс жасаған сериялық кісі өлтірушіні ұстады. 2000 жылы Алматыда арнайы операция жүргізіліп, оның барысында ұйғыр лаңкестері тобының төрт мүшесі жойылды. Бұған дейін 24 қыркүйекте бұл топ екі полиция қызметкеріне шабуыл жасап олардың өмірін қиған болатын. Арнайы операция кезінде, әсіресе, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» арнайы жасағы ерекше көзге түскен. Бұл ретте 6 тәртіп сақшысының зардап шеккенін де айтып кеткеніміз дұрыс болады. Жалпы, Қазақстан милициясы мен полициясы 90-жылдары елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге зор үлес қосты.

10.2 Республика полициясының ХХІ ғасырдың басында дамуы

ХХІ ғасырдың басында шетелдік консультанттардың ұсынысы бойынша ІІМ-де жаңа реформа жүзеге асырыла бастады. Айталық, үкіметтің 2001 жылдың 8 маусымындағы қаулысымен министрліктің Жол полициясы комитеті құрылды. Қазақстан үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Әділет министрлігінің құрамына берілді, бірақ бұл реформаның нәтижелері ол үшін өте сәтсіз болды. ҚАЗ Әділет министрлігінің қарауында болған уақытта түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстаудың жедел жағдайы мен тиісті тәртібі мен режимінің сақталуы нашарлады.

Басқа да елеулі оқиғаларды атап кетейік. Қазақстан үкіметінің 2002 жылдың 22 мамырынағы қаулысымен министрліктің Тыл департаменті таратылды. Қазақстан президентінің 2002 жылдың 28 тамызындағы Жарлығына сәйкес Үкіметтің 2002 жылдың 26 қыркүйегіндегі қаулысымен министрліктің Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасы министрліктің Ішкі әскерлер комитеті болып қайта ұйымдастырылды. Президенттің 2002 жылғы 28 тамыздағы Жарлығына сәйкес Үкіметтің 2002 жылғы 11 қазандағы қаулысымен министрліктің Жол полициясы комитеті таратылды, оның мүлкін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері министрлікке берілді. 2002 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ІІО қызметінде азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің 2003-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітіп, оны орындауға көп күш салды.

Президенттің 2003 жылдың 23 желтоқсанындағы Жарлығымен экономикалық және сыбайлас қылмыстарды анықтау және тергеу функциялары Экономикалық және

сыбайлас қылмыстармен күрес жөніндегі агенттігіне (Қаржы полициясы) берілді; қылмыс жасады деп күдіктенген және айыпталған адамдарды ұстау және тергеу изоляторында жазасын өткеретін сотталғандарға қатысты қылмыстық жазаларды атқару, сондай-ақ құжаттау және Қазақстан азаматтарына жеке куәлігі мен паспортын беру функциялары Әділет министрлігіне берілді. Әділет министрлігінің есірткі айналымы мен оның заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет ету саласындағы функциялары Ішкі істер министрлігіне берілді. Қазақстан Президентінің 2003 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес Үкіметтің 2004 жылдың 3 наурызындағы қаулысымен министрліктің Есірткі бизнесімен күрес және есірткілердің айналымын бақылау жөніндегі комитеті құрылды.

2004 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасының Парламенті «Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдады. Қоғамдық қауіпсіздік полициясының қызметтері мен бөлімшелері (патрульдік-күзет қызметі, учаскелік инспекторлар, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелер) өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешуде азаматтар мен құқық қорғау бағытындағы бірлестіктермен Кеңес дәуіріндегідей өзара іс-қимыл жасауға және олардың көмегіне сүйенуге тырысқан. Атай кететін жайт, 2000 жылдардың басында елімізде қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысқан 25 мыңға жуық азаматты біріктіретін үш мыңнан астам қоғамдық құрылымдар жұмыс істеген. Осы жылдары пәтер тонау және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қалаларда консьерж (көпқабатты үйлердің кіреберістерін қадағалайтын қоғамдық күзетшілер) мекемесінің тәжірибесі енгізілді. Оларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұстау мүмкіндігі келісілетін. Оқу орындарындағы полицияға көмектесуші жастардың жасақтары, ауылдардағы «сарбаз», «сақшы» еріктілер отрядтары полицияға белсенді көмек көрсететін. Ауыл-

аймақтағы мал ұрлығының алдын алуда «сарбаздардың» нәтижелі іс-әрекеті туралы мысалдар бар. Мәселен, Ақмола облысы Целиноград ауданындағы Родина ауылында 2005-2008 жылдар аралығында бірде-бір мал ұрлығы тіркелмеген. Жергілікті «сарбаз» бөлімшесінің құрамында 70 ауыл тұрғыны болған, ал осы шаруашылықтағы учаскелік полиция инспекторы 10 жылдан астам мінсіз қызмет атқарған.

Ішкі істер министрлігіндегі реформалар, ең алдымен, учаскелік инспекторлар қызметін күшейтуге бағытталды. Тұрғындармен тікелей байланыста жұмыс істейтін осы қызметтің қызметкерлері құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесінде ішкі істер департаментінің басты тұлғалары болатын. Учаскелік инспекторларға полициялық есепте тұратын 500 мыңнан астам адаммен профилактикалық жұмыс жүргізуге тура келетін. Бұл әлеуетті құқық бұзушылар – маскүнемдер, нашақорлар, бұрын сотталғандар, тұрмыстық тәртіп бұзушылар болатын. Ал мұндай жұмыстардың қажеттілігі статистикамен расталатын. Учаскелік инспекторлардың жеке профилактикалық жұмыстарының арқасында көптеген қылмыстардың алды алынып отыратын.

Дегенмен, учаскелік полиция инспекторларының қызметі нәтижелі болуы үшін, реформалар көрсетіп отырғандай, оны білікті мамандармен қамтамасыз ету қажет еді. Өкінішке орай, олардың көбінің деңгейі сол жылдардағы талапқа сай емес болатын. Инспекторлардың арасында заңгерлер аз болды. Осы уақытқа дейін учаскелік полиция қызметкері лауазымына жұмыстың басқа салаларында өзін көрсете алмаған қызметкерлерді қабылдайтын. Бұл жаза немесе «айыпты» қызметкерлерден құтылудың жолы сияқты еді.

Осыған байланысты барлық учаскелік полиция қызметкерлері халық алдынан аттестациядан өтетін. Көпшілікпен кездесулер ұйымдастырылып, жергілікті учаскелік полиция қызметкерлеріне баға беріле бастады. Олардың кейбірі сол «халық емтиханынан» өте алмай

жататын. Талапқа сай жұмыс істеуге кей кездері материалдық-техникалық база да кедергі болатын. Үкімет пен облыс әкімдерінің қолдауының арқасында учаскелік полиция қызметкерлерінің мәртебесін көтеру бойынша шаралар қабылданып, олардың функционалдық міндеттері мен жүктеме нормалары қайтадан қаралып жататын. Осы жылдары олардың жалақысы көтерілді. Учаскелік инспекторларды қызметтік тұрғын үймен және оларды бір учаскеде кемінде 10 жыл жұмыс істеген жағдайда жекешелендіру мүмкіндігімен қамтамасыз ету мәселелері келісілді, аталмыш көмек кадр мәселесін тұрақтандыруға ықпал етті. Бұл шаралардың барлығы осы қызметке ең лайықты және кәсіби қызметкерлер кіруге ұмтылу үшін учаскелік инспекторлардың имиджін көтеруге бағытталған болатын. Тіпті басқарушы буын өкілдері учаскелік инспекторлар болып жұмысқа ауысқан мысалдар да болған көрінеді.

Қызметкерлеріне еңбекақы көтерілген келесі қызмет КТІИ (орысшасы – ИДН) болды. Ол да кадрлармен нығайтылуға зәру еді. Кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекцияға құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі бойынша үлкен жүктемелер тапсырылатын, өйткені елдегі криминогендік жағдайдың даму серпіні әрдайым жасөспірімдер мен жастарға қатысты тәрбиелік-құқықтық шаралардың қаншалықты тиімді екеніне тікелей байланысты болатын. Статистика көрсеткендей, осы жылдары жасы 18-ге жетпеген, яки кәмелетке толмағандар мен жастар (15-29 жастағылар) жыл сайын барлық тіркелген жалпы қылмыстардың жартысына жуығын жасайтын.

Қазақстанда сол жылдары мектептерде қылмыстар мен тәртіп бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын іске асырған «мектеп инспекторларының» оң жұмыс тәжірибесі болды. Еліміздің 13 ауданында жергілікті бюджет есебінен 386 «мектеп инспекторы» штатқа енгізілді. Бұл тәжірибе барлық жерге ендіріле бастады (елде сол жылдары 8 мың

мектеп, оның ішінде 1807 қалалық мектеп, 512 жоғары және орта оқу орындары болған). Бұл лауазымдарға адам алғанда тәжірибелі ер-педагогтарға басымдық берілетін.

Үкіметтің 2005 жылғы 4 мамырдағы №423 Қаулысымен Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдары Ішкі істер министрлігінің Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ішкі істер департаменттері болып қайта аталды, ал 2006 жылғы 21 сәуірдегі №313 Қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Тергеу комитеті, Криминалдық полиция комитеті, Әкімшілік полиция комитеті және Жол полициясы комитеті құрылды.

2007ж. 6 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 23 маусым Қазақстан полициясы күні болып бекітілді.

2009 жылдан бастап Ішкі істер министрінің халықпен байланыс жасауға арналған блогы жұмыс істей бастады. Бұдан басқа, ІІМ-де тәулік бойы бірыңғай сенім телефоны (14-02) жұмыс істеді. Ол бойынша азаматтар өзіндік қауіпсіздік қызметіне жүгіне алды. Барлық ІІД-де осындай сенім телефондары болған. Азаматтардан түскен әрбір жағымсыз хабар немесе сыни материалдар бойынша БАҚ-тар тексерістер жүргізе бастайтын. Заңдылықты бұзған қызметкерлерге қатысты шаралар қолданылатын.

ҚР Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы №1039 Жарлығымен:

- қоғамдық тәртіпті бұзушыларды медициналық айықтырғыштарға жеткізу функцияларын қоспағанда, медициналық айықтырғыштардың қызметіне байланысты функциялары Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына;

- кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының қызметі функциялары Білім және ғылым министрлігінің қарамағына;

- Ішкі істер министрлігінде мемлекеттік техникалық тексеруден уақытылы өтуді бақылау функциясын сақтай отырып, көлік құралдарына мемлекеттік техникалық

тексерудің жүргізілуін бақылау өкілеттіктері Көлік және коммуникация министрлігіне, көрсетілген техникалық тексеру жүргізу жөніндегі функциялары бәсекелі ортаға;

– аса маңызды стратегиялық объектілерді күзету функцияларын қоспағанда, күзет қызметі функциялары бәсекелі ортаға берілді. Осылайша, ішкі істер органдарын өздеріне тән емес кейбір функциялардан босату олардың жұмысына оң әсерін тигізді.

ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі №1009 қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті құрылды. Осы жылдың қарашасында Ротшильдтер отбасы басқаратын шетелдік «Rothschild & Co қаржы-холдинг компаниясы» кеңес беретін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын органдардың штат санын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» жарлық шығарды. Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің саны 15%-ға қысқартылды. Оңтайландыру нәтижесі қалалардың, облыстардың, аудандардың ПД мамандарын (қызметкерлерін) қысқартуға әкелді. Бұл жағдайда қылмыспен күресушілер саны қысқарғаннан кейін кадрлардың айтарлықтай жетіспеушілігі орын алды. Жұмыс істейтін қызметкерлердің саны азайғандықтан, ПД-нің қалған қызметкерлеріне жүктеме бірнеше есе артты.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 26 шілдедегі №129 Жарлығымен 10 жылға жуық Әділет министрлігінің құрамында болған Қылмыстық-Атқару Жүйесі Комитеті қайтадан ішкі істер министрлігінің қарамағына берілді. Одан кейін ПМ жедел жағдайды сауықтыру, түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстаудың тиісті тәртібі мен режимін орнату бойынша шұғыл шаралар қабылдады.

2011 жылы ПМ-ге Әділет министрлігінен осы саладағы жағдайдың нашарлауына байланысты халықты

құжаттандыру және тіркеу функциялары қайтарылды. Полиция қызметіне полиция қызметін бағалау критерийлерінің ескі кеңестік жүйесінен бас тарту сияқты новелла айтарлықтай әсер етті. Бұған дейін полицияның жұмысы қылмыстардың ашылу пайызы артып, деңгейі төмендеген кезде ғана оң бағаланатын. Бұл полиция қызметкерлерін тіркеуден көптеген ұсақ қылмыстарды жасырып, есептік мәліметтерді бұрмалауға мәжбүр ететін.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі барлық жылдарымыздың өн бойында ІІМ терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес жүргізген ведомстволардың бірі болды. Соның қайғылы да жарқын көріністерінің бірі ХХІ ғасырдың екінші декадасында Жамбыл облысында орын алған болатын. Оқиға келесідей болып өрбіп еді. 2011 жылы 12 қарашада Тараз қаласында теракт болып, 7 адам қаза тапты. Террорист Мақсат Қариевті ұстауға полиция капитаны Ғазиз Байтасов та қатысып еді. Қанды балақ қылмыскер құқық қорғау органдарының төрт қызметкерін және екі азаматтық адамды атып өлтірді. Қылмыскердің жетінші құрбаны Байтасов болды. Жарақат алған ол жарылғыш затты іске қосқан террористке қарай жанұшыра оқтай атылып, оның арам пиғылын іске астыртпады. Өз ерлігімен Ғазиз Байтасов талай адамның өміріне арашашы бола алды. Қайтыс болғаннан кейін оған «Халық қаһарманы» атағы, «Алтын жұлдыз» белгісі және «Отан» ордені берілді. 2012 жылғы 30 қазанда капитан Ғазиз Байтасов дүниеге келген Байзақ ауданының орталығында орналасқан Батырлар аллеясында оған Естелік плитасы орнатылды.

Егемен Қазақстан полициясының тарихында келеңсіздіктерге жол берілген басқа да сәттер болған. Оларды айтпай кетуге болмайды. Сондай жайттар 2011 жылдың 16 желтоқсан күні Жаңаөзен оқиғасы кезінде орын алып еді. Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында ереуілге шыққан жергілікті жұмысшылар мен құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында болған қақтығыс кезінде

құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан қару қолданылып, оқ атылды. Оқиға барысында 100-ден аса адам жараланып, 16 адам мерт болған. Адамдардың өліміне әкеп соққан қару-жарақты өкілеттіктерін асыра пайдаланып қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке 3 жоғары лауазым иесі тартылды. Тергеу арқылы Базарбай Кенжебаевтың қаза болу фактісіне де баға берілді. Аталған факті бойынша оны абақтыда заңсыз ұстауға жол бергені және оның дер кезінде ауруханаға жатқызылуын қамтамасыз етпегені үшін Жаңаөзен қалалық ішкі істер басқармасының уақытша ұстау абақтысының бастығы қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, қаза болғанды ұрып-соғуға кінәлі тұлғаларды анықтау жөніндегі шаралар қабылданды. ІІО қызметкерлері болған оқиғадан сабақ алып, ондай дүниелердің қайталануына жол бермеулері керек.

Отандық тарихта алғаш рет 2012 жылы барлық күш құрылымдарының қызметкерлерін жаппай аттестаттау өткізілді. Кезектен тыс аттестаттау Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен өткізілді. Аталған рәсім құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындық дәрежесін, олардың құқықтық мәдениет деңгейін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін анықтауды көздеген болатын. Алайда тексеру барысында ел полицейлерінің едәуір бөлігінің оларға қойылатын талаптарға сай еместігі анықталды: 100 мыңнан астам адамның ішінен 12,5 мың адам аттестациядан өтпей, органдардан шығарылды.

2012 жылдан бастап қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды электрондық тіркеу енгізілді. Бұл мәліметтер онлайн режимде прокуратура органдарына жіберілетін болды.

2013 жылдан бастап арнаулы атақтар үшін қосымша ақының мөлшері әскери атақтар бойынша жалақы деңгейіне дейін ұлғайтылды.

Содан кейінгі уақытта қызметкерлердің функционалдық және дене дайындығын тексеру тұрақты

жүйелі түрде өткізілетін болды. Полицейлерді тұрақты аттестаттау қалыпты жағдайға айналды.

ҚР Президентінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы №466 Жарлығымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Ішкі істер министрлігінің заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу мен тіркеу, олардың уақытша және тұрақты тұру, елден тұрақты тұрғылықты жерге кету құжаттарын ресімдеу, азаматтарды құжаттандыру, есепке алу және тіркеу, сондай-ақ босқындар мәселелері бойынша өкілеттіктерін қоспағанда, халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру функциялары берілді. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 14 наурыздағы №245 қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті таратылды.

2013 жылы шетелдік консультанттардың ұсынысы бойынша жол (ЖПҚ) және патрульдік полиция (ОПҚ) функцияларын біріктіру жолымен ПМ жүйесін кезекті реформалау жүзеге асырылды. Әкімшілік полицияға қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері (патрульдік полиция) және басқарманың барлық деңгейлеріндегі жол полициясы (комитеттер, ПД аппараттары, қалалық, аудандық органдар, саптық бөлімшелер) біріктірілді. Осы реформаның нәтижесінде көшелер мен басқа да қоғамдық орындардағы полиция қызметкерлерінің саны мен тығыздығы азайды.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы №933 қаулысымен таратылған ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің негізінде Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті құрылды. Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы болып қайта аталды. Министрліктің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті, Криминалдық полиция комитеті және Тергеу комитеті таратылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2014 жылы «Ішкі істер органдары туралы» жаңа Заң әзірленіп, қабылданды.

2015 жылдың қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстері күшіне енді. Қылмыстық процесті жеңілдетуді көздейтін қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделі енгізілді.

Барлық құқық бұзушылықтар Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне (СДТБТ) тіркелді. СДТБТ-да қылмысты тіркеудің өзі сотқа дейінгі тергеудің басталуы болып санала бастады.

2015 жылы қабылданған «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес министрлік деңгейінде ішкі істер органдарының қызметі мәселелері бойынша Қоғамдық кеңес құрылды. Аумақтық ПД-де консультативтік-кеңесші органдар құрылды.

2016 жылы шетелдік консультанттардың ұсынысы бойынша ІІМ аумақтық ішкі істер органдарының (ПД) құрылымы бытыраңқылыққа ұшырады, бұл тек қалалар мен облыстардың жергілікті әкімдеріне бағынуға және басқаруға берілген жергілікті полиция қызметін (ЖПҚ) құру арқылы жасалды. ЖПҚ құрамына ПД-ден жол-патрульдік полиция, учаскелік полиция инспекторлары, кәмелетке толмағандардың істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі, табиғатты қорғау полициясы бөлімшелері, қабылдау-бөлу орындары мен арнайы қабылдау орындары шығарылды. Бұл реформаның нәтижелері теріс факторларға алып келді, тексеру көрсеткендей, қалыптасқан дара басшылық және бағыныштылық қағидаттары бұзылды.

2016 жылдың 18-шілдесі оңтүстік астананың тарихына қасірет күні ретінде мәңгі жазылады. Бұл жерде осы күні террористік акт жасалып, 10 адам – 8 полиция қызметкері мен 2 бейбіт тұрғын қаза тапты. Бұрын Қызылорда облысының Байқоңыр қаласында тұрған салафиттік жихадшылықтың жақтаушысы, 26 жасар Руслан Күлекбаев

кісі өлтіруші болып шықты. Қудалау және құқық қорғау органдарымен атыс кезінде шабуылшы жараланып, ұсталған. Полиция Құлекбаевтан басқа тағы бес күдіктіні тұтқындады, ал алтыншы күдікті атысу барысында оққа ұшты. Тұтқында болған Күлекбаев шабуылды құқық қорғау органдарына деген өшпенділіктен жасағанын мойындады. Қылмыс кейіннен теракт деп танылды. Сол жылы Ақтөбе қаласында да лаңкестік шабуыл болды – лаңкестер тобы қару-жарақ дүкендеріне шабуыл жасап, содан кейін Ұлттық ұланның әскери бөлімінің аумағына кірген, нәтижесінде 25 адам қаза тапқан. Түбінде барлық террористер бейтараптандырылды.

Аталған оқиғалардан кейін 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап «Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң шеңберінде ішкі істер органдарына террористік-экстремистік қылмыстардың бірнеше түрін сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша өкілеттіктер берген заңнамалық түзетулер ендірілді.

Құжаттың бір нормасы қазақстандықтарды уақытша болатын жері бойынша міндетті тіркеу болды. Сол жылы ІІМ-де жол-патрульдік полициясының жаяу жасақтары автопатрульдеу әдісіне толық көше отырып, жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асырмауы тиіс деген шешім қабылданды.

Сондай-ақ ІІМ жезлдан бас тарту жөнінде шешім қабылдады. Полицейлер жолдардағы қозғалысты жарық шағылыстыратын формамен реттеді. Автомобиль жүргізушісін тоқтату полицейдің қол қозғалысымен, ысқырықпен немесе патрульдік автомашиналардағы дауыс зорайтқыш құрылғылардың дыбыстық және жарықтық сигналдарын пайдалана отырып қана жүргізілді.

2017 жылы жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін электрондық хаттамаларды жасау бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұған дейін елордалық полицейлерге

электронды айыппұлдарды рәсімдеу үшін 50 планшет берілген болатын.

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 6 наурыздағы №110 қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті құрылды.

ІІМ 2018 жылы ІІД мен жергілікті полиция қызметін (ЖПҚ) біріктіру, дара басшылық және бағыныштылық қағидаттарын қалпына келтіру, аталған бөлімшелердің Ішкі істер министрлігіне (ІІМ) бағындырылуын көздейтін заң жобасын әзірледі. Оған себеп 2010ж. жергілікті полиция мен ІІД-нің бөлінуі құқық қорғау қызметінің негізгі қағидаттарының жойылуына әкелгендігі еді.

2018 жылғы шілдеде мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен өлтірілгеннен кейін коммерциялық емес ұйымдар Қазақстан Республикасы ІІМ реформасын талап етті. Науқанды жылжыту үшін Facebook-те топ құрылды, оның қызметіне кәсіби PR мамандары мен блогерлер тартылды, сонымен қатар сайт құрылды Policereform.kz. Топта жарияланған посттарда ІІМ министрі Қалмұханбет Қасымовты отставкаға жіберу, Грузия мен Украина үлгісі бойынша ІІМ жүйесін реформалау, Қазақстанға кеңесші Михаил Саакашвилиді шақыру, құқық қорғау органдарының санын қысқарту және құқық қорғау органдарының ғимараттарынан қоршауларды бұзу талаптары қойылды. 2018 жылғы тамызда ІІМ реформасын жақтайтын коммерциялық емес ұйымдар мен белсенділер қазақстандық полицияның қалай реформалануы керектігі туралы талаптары бар құжатты ұсынып, оны Үкіметке тапсырған болатын.

Үкіметтің 2018 жылғы 16 қазандағы №637 қаулысымен Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы аумақтық органдар – Ішкі істер департаменттері, ішкі істер басқармалары, ішкі істер бөлімдері, Көліктегі ішкі істер департаменті мен ішкі істер желілік бөлімдері сәйкесінше Полиция департаменті, полиция басқармасы, полиция бөлімі, Көліктегі полиция

департаменті және желілік полиция бөлімі болып қайта аталды.

2018 жылғы 27 желтоқсанда Үкімет Қаулысымен «2019-2021 жылдарға арналған Полиция реформаларының жол картасы» бекітілді, оған жоғарыда аталып кеткен ІІМ-ін реформалауға шақырған КЕҰ мен белсенділер ұсыныстарының бір бөлігі енді.

Өзірленген жол картасы ішкі істер органдарын жаңғыртудың тоғыз бағытын қамтыды:

- ұйымдық-штаттық құрылымды оңтайландыру;
- қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік қорғау жүйесін жақсарту;
- кадрларды іріктеу және даярлау. Ведомстволық білім беруді жаңғырту;
- ІІМ құзыретіне тән емес функцияларды алып тастау;
- халықпен жұмыс істеудің жаңа форматтары;
- бағалаудың жаңа критерийлерін (өлшемдерін) енгізу;
- сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою;
- қылмыстық-атқару жүйесін жаңғырту;
- азаматтық қорғау органдарын жаңғырту.

Көріп отырғанымыздай, ІІМ-дегі реформалар ең алдымен құрылымды оңтайландыруға және қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған болатын. «Полиция реформаларының 2019-2021 жылдарға арналған жол картасы» ішкі істер органдарын жаңғыртуды, соның ішінде ІІМ санын қысқартуды, кейбір басқару буындарын тарқатуды және қызметтің тиімділігін арттыруды көздеді. Нәтижесінде, ІІМ саны 11%-ға немесе 10 592 адамға қысқартылды, 106 артық басқару буыны мен 1483 басшы лауазым таратылды.

Сондай-ақ, Жол картасы ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыруды көздеген, бұл, атап айтқанда, 100 мың адамға шаққандағы полиция

қызметкерлерінің саны бойынша 471-ден 372-ге дейін деңгейдің төмендеуіне алып келді. Сонымен қатар, ішкі істер органдарын жаңғыртудың көрсетілген бағыттары Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін және халық тарапынан сенімге ие болатын қазіргі заманғы, технологиясы дамыған, жұмысқа қабілетті және беделді полиция құруға бағытталды.

Жол картасы аясында 2020 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің №358 бұйрығымен 3 тарау 11 тармақтан тұратын ҚР полиция стандарты бекітілді. Президенттің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі №408 Жарлығымен Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылуына байланысты ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 20 қазандағы №680 қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті таратылды.

2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) жаңа SARS-CoV-2 коронавирусының пандемиясын және ол тудыратын SARS COVID-19 туралы жариялады. Осыған байланысты Мемлекет басшысының 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығымен 2020 жылғы 16 наурызда 08.00-ден бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құзыретіне, ең алдымен, қоғамдық тәртіпті күшейтілген күзету, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық, ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілерді, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді күзету кірді. Қазақстандық полицияның барлық жеке құрамы елде төтенше жағдай режимі жарияланған бойда бірден қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасына көшіп, өз қызметін барынша мінсіз атқаруға тырысып бақты.

Қазіргі заманғы Қазақстан тарихындағы ең ірі оқиғалардың бірі, болса да, 2022 жылғы қаңтар оқиғалары болып табылады. Ол қазақстандықтардың тағдырында өшпес із болып қалды. Сол оқиғалар кезінде қылмыстық элементтермен болған қарулы қақтығыстардың нәтижесінде қаза тапқан ішкі істер органдарының 8 қызметкерлері мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері олардың отбасылары үшін орны толмас шығын. Олардың есімдері батырлар жылнамасына мәңгі қалдырылып, Қазақстан Республикасы құқық қорғау органының қайғылы тарихына алтын әріппен енді. Қайтыс болғанға дейін борышы мен антына адал болған осы қызметкерлердің әрқайсысы қайтыс болғаннан кейін ел Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың мемлекеттік наградасымен марапатталды.

Бүгінгі күндері ПО қызметкерлері Отан алдындағы борыштарын атқару үстінде. ІІМ өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көтеруге, ведомство жұмысын оңтайландыруға барынша күшін салуда. Мәселен, ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 11 қыркүйектегі №735 қаулысымен Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті құрылды. Аталған жылдың 12 айында 7920 есірткіге қатысты құқық бұзушылық, оның ішінде 3430 қылмыс анықталды. 22 тоннаға жуық есірткі тәркіленді. 63 есірткі зертханасы жойылды.

Полицияның маңызды міндеттерінің бірі ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес болып табылады. ҰҚТ-ға басшылық пен қатысудың 45 фактісі, сондай-ақ үш трансұлттық топ анықталып, олардың жолы кесілді. Цифрлық технологиялардың жылдам дамуы соңғы жылдары киберқылмыспен күрес мәселесін маңызды міндетке айналдырды. Бұл проблеманы шешу үшін бейінді департамент құрылды, ол интернет-алаяқтықты ашу және анықтау әдістерін жетілдіруге жұмылдырылған.

Жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижелері бойынша 2024 жылы ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін іздестіріліп жатқан 1949 қылмыскер ұсталды, сондай-ақ хабарсыз жоғалған 1361 адамның орналасқан жері анықталды. Қол жеткізілген нәтижелер полицияның профилактикалық жұмысқа баса назар аударуының арқасында мүмкін болды. Осы дүниелерді ескере отырып министрлік басшысы генерал Е. Саденов 2025 жылды «Профилактика жылы: полиция заң мен тәртіпті күзетуде» деп жариялады. ПО аумақтық бөлімшелері басшыларының алдына профилактикалық шараларды күшейту және азаматтардың құқықтық санасын арттыру жөнінде нақты міндеттер қойылды. Заң мен Тәртіптің баяндылығын нығайту мақсатында ел полициясы Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз ете отырып, қылмысқа қарсы күресті жалғастыра береді.

Қорыта айтатын болсақ, Ішкі істер органдары шешетін мәселелер қашанда ерекше болған. Азаматтар мен олардың мүлкінің қауіпсіздігі, бүкіл мемлекеттік құрылыстың беріктігі, экономиканың орнықтылығы, қоғам мен мемлекеттің құқықтық негіздерінің мызғымастығы олардың қызметінің нәтижелеріне байланысты болады. Қоғамдық тәртіпті қорғаушы жолына түскен әрбір адам әдемі сөздерді ғана емес, бүкіл мемлекет пен әрбір азаматтың игілігі үшін қызметтің негізгі қағидаттары мен құндылықтарын қамтитын ант береді. Полиция қызметкерлері берген сөзінің, уәдесінің бағасын жақсы біледі, соған адал. Тәуелсіздік жылдарында ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің хабарлауынша (2023 жылғы 23 маусымдағы деректер бойынша) қызметтік міндеттерін атқару кезінде ішкі істер органдарының 816 қызметкері қаза тапқан. Бұдан басқа, 4628 қызметкер жарақат алған, 1779 қызметкер,

олардың 157-сі қайтыс болғаннан кейін мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының алдында тұрған басты міндет – әрбір азаматтың тәртіп сақшыларында өзінің қорғаушысын көруіне қол жеткізу. Әрбір полиция қызметкері оның адамдарға қызмет ететінін және олардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін жауап беретінін білуі және ұмытпауы керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы ішкі әскерлері қашан құрылды?

2. Қазақстан Интерполға қай жылы қабылданды?

3. Қазақстан Республикасында қай уақыттан бастап «милиция» сөзін «полиция» деген сөз алмастырды?

4. Қай жылдан бері 23 маусым Қазақстан полициясы күні болып аталып өтеді?

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің халықпен байланыс жасауға арналған блогы қай жылдан бастап жұмыс істей бастады?

6. Қашаннан бастап Астана ҚІБ, Республикалық маңызы бар Алматы қаласының, облыстардың ІБ – ішкі істер департаменттері болып қайта құрылды?

7. Алматы және Ақтөбе қалаларында лаңкестер тарапынан террорлық актілер жасалған жыл?

8. Қазақстанда Ішкі істер департаменттері полиция департаменттері болып қай жылы өзгертілді?

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен «2019-2021 жылдарға арналған полиция реформаларының жол картасы» қашан және кіммен бекітілді?

10. Елімізде SARS-CoV-2 коронавирусының пандемиясына байланысты Қазақстан полициясының барлық жеке құрамы қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасына қашан көшірілді?

ҚОРЫТЫНДЫ

Полиция кез-келген мемлекеттің ең көне құқық қорғау институттарының бірі болып табылады. Оның негізгі міндеттерінің қатарына қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін сақтау, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жатады.

Қазіргі кезеңде полицей мансабын таңдайтын адамдардың уәждемесін күшейту өзекті проблема болып саналады, өйткені адамның өз мамандығын саналы түрде таңдауы оның іске, алдына қойылған міндеттеріне, басқа адамдармен қатынасына әсерін тигізбей қоймайды. Бұл күндері мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде полиция қызметкерлері де, өздерінің позитивті нәтиже беретін кәсіби қызметі арқылы қоғамдық санаға оң әсер ету бағытында қызмет етуде. Сондай әрекеттерімен олар мемлекет басшылары насихаттайтын құқықтық мәдениет идеяларының тасымалдаушылары мен жолсеріктері функцияларын атқару үстінде және де сондай істермен болашақта да айналаса бермек. Осыған байланысты ПМ-нің алдында кәсіби даярлықты шыңдау барысында қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығының факторы болып табылатын ПО қызметкерлерінің тарихи санасын дамыту міндеті қашан да тұрады.

Бұл жағдай қазақстандық шындық контексінде ПО қызметкерлерінің тарихи сана-сезімін ары қарай шыңдай түсудің мәнін, мазмұнын және шарттарын нақтылау арқылы жеке тұлғалық деңгейде оның сана-сезімінің ерекшеліктерін нақтылайтын зерттеу жүргізу қажеттілігін айқындайды. Мұндай тәсіл тарихи оқиғаларды барабар бағалауға, алдыңғы кезеңмен сабақтастықты қадағалауға, қоғамның даму перспективаларын ұғынуға мүмкіндік береді.

Жаһандық сын-қатерлер дәуірінде біз уақытпен бір қалыпта қадам басып, ұзақ мерзімді перспективаға қарауға

міндеттіміз. Бүгiгi күндерi жоғары, сол сияқты жоғары оқу орнынан кейiнгi және қосымша ведомстволық бiлiм беру жүйесiне жаңашыл идеяларды, оқытудың қазiргi заманғы, интербелсендi әдiстерiн енгiзу тұрғысынан оқытудың мақсаттарын, нәтижелерi мен мазмұнын, бiлiм беру үрдісін ұйымдастыруды, оларды iске асырудың тәсiлдерi мен әдiстерiн, оқыту нәтижелерiн бағалау өлшемдерiн дереу қайта қарау мiндетi тұр. Егер мұндай жұмысты мақсатты түрде мемлекеттік деңгейде жүргiзсек, мiндеттi түрде оң нәтиже болатынына сенiмдi болуға болады.

Қазақстандық оқу орындарының бiлiм алушылары «беделдi» мамандықтар қатарына көбiнесе мұнай-газ өнеркәсiбi саласындағы кәсiп иелерiн, экономист, менеджер, дәрігер, заңгер, программист, дизайнер, психолог мамандықтарын, ал «беделдi еместерiне» – мұғалiм, агроном, жұмысшы мамандықтарын жатқызады, соның iшiнде аула сыпырушы, еден жуушы, ағаш ұстасы да бар. Өкiнiшке қарай, әзiрге iшкi iстер органдарындағы қызмет те жастар арасында аса танымал емес. Отандық полиция қызметiнiң тарихына арналған басылымның авторы өз еңбегiмен жағдайды жақсы жаққа қарай өзгертуге болады деген сенiм бiлдiредi.

Жаттығу тесттері

1. <question> XIV – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамында құқық қорғау функцияларын билеуші хандар мен сұлтандар

_____ жүктейтін

<variant> билерге, рудың қариялары-ақсақалдарға

<variant> төлеңгіттерге

<variant> жүздіктерге

<variant> уәзірлерге

<variant> қожаларға

2. <question> Хандар мен сұлтандардың жеке ұланы – жоғары басшылардың нұсқауларының орындалуын қатаң қадағалап, айтқанға көнбегендердің бәрін аяусыз жазалайтын

<variant> төлеңгіттер

<variant> жүздіктер

<variant> билер

<variant> ақсақалдар

<variant> қожалар

3. <question> Ғұн империясында, Н.Н. Крадин жазғандай, «жасақтар» (нөкерлер, батырлар) шаньюйлардың _____ міндеттерін орындап отырған. Дұрыс емес жауапты табыңыз.

<variant> басшылары

<variant> қамқоршылары

<variant> күзетшілері

<variant> оққағарлары

<variant> «полициясы»

4. <question><question> Даруғабектерден төмен ведомстволық бағыныстағы аумақтан салық жинауға жауапты, полиция мен әкімшілік функцияларды орындайтын _____ болды.

- <variant> басқақ
- <variant> беклербек
- <variant> даруғабек
- <variant> ұлысбек
- <variant> диуан

5. <question> Еуразиялық мемлекеттегі құқықтың негізгі көзі, ең алдымен, әскери ұйым ережелері мен қылмыстық құқық нормаларын қамтитын Шыңғыс ханның _____ болды.

- <variant> Ұлы Ясасы
- <variant> Ескі жолы
- <variant> Қасқа жолы
- <variant> Темір тәртібі
- <variant> Тура жолы

6. <question> Ресейде саяси полицияның негізі болған жандармдар болімінің құрылуы Николай І-нің туған күніне сай шығарылған бұйрықпен _____ бекітілді.

- <variant> 1826 жылдың 25 маусымында
- <variant> 1824 жылдың 23 маусымында
- <variant> 1825 жылдың 24 маусымында
- <variant> 1827 жылдың 26 маусымында
- <variant> 1828 жылдың 27 маусымында

7. <question> Әскери-полициялық тәртіп, жазалау жүйесі _____ қазақ даласына _____ толығымен орнығып үлгерген еді.

- <variant> XIX ғасырдың ортасына таман
- <variant> XIX ғасырдың басында
- <variant> XVIII ғасырдың аяғына таман
- <variant> XVIII ғасырдың ортасында
- <variant> XX ғасырдың басында

8. <question> 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін полиция Департаментінде арнайы Агентуралық бөлім қай жылы құрылды?

<variant> 1910 жылы

<variant> 1908 жылы

<variant> 1909 жылы

<variant> 1911 жылы

<variant> 1912 жылы

9. <question> Ерекше Түркістан ақсақалдығын басқарған аға қалалық ақсақал Ресей заңдарына сәйкес төменгі земство сотының капитан-исправнигі немесе қаланың _____ қызметіне сәйкес келетін.

<variant> городничий

<variant> исправник

<variant> пристав

<variant> губернатор

<variant> урядник

10. <question> 1917ж. желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған Алаш автономиясының қарулы жасақтары _____ деп аталды.

<variant> Алаш милициясы, халықтық милиция

<variant> Қазақ милициясы, ұлттық милиция

<variant> Алаш сарбаздары, марқасқа арландар

<variant> Жігіттер төресі, төлеңгіттер

<variant> Қазақстан барысы, халық сарбаздары

11. <question> Уақытша үкіметтің милициясын ұйымдастырудың және оның қызметінің құқықтық негіздері _____ анықталды

<variant> «Милиция құру туралы» қаулымен және 1917 жылғы 17 сәуірде бекітілген «Милиция туралы» уақытша Ережеде

- <variant> «Жұмысшы милициясы туралы» қаулымен
- <variant> «Ұлттық ұлан туралы» қаулымен
- <variant> «Кеден туралы» қаулымен
- <variant> «Ұланшылар туралы» уақытша ережемен

12. <question> 28 қазан (10 қараша) 1917 ж. РКФСР
Ішкі істер халық
комиссариаты _____ қаулы
қабылдады

- <variant> «Жұмысшы милициясы туралы»
- <variant> «Милиция құру туралы»
- <variant> «Милиция туралы»
- <variant> «Гвардияшылар туралы»
- <variant> «Ұлттық ұлан туралы»

13. <question> Қырәскериревком «Тұрғындарды қорғау
үшін халық милициясын ұйымдастыру туралы» шешімді
_____ қабылдады

- <variant> 1919 жылдың 30 тамызында
- <variant> 1918 жылдың 30 шілдесінде
- <variant> 1918 жылдың 30 қарашасында
- <variant> 1917 жылдың 30 қазанында
- <variant> 1920 жылдың 30 қыркүйегінде

14. <question> БТК-ны (Бүкілресейлік төтенше
комиссияның) алғашқы басшысы

- <variant> Ф.Э. Дзержинский
- <variant> В.А. Карруцкий
- <variant> Л.Б. Залин
- <variant> С.Ф. Реденс
- <variant> С.Н. Бурдаков

15. <question> Еріксіз жұмыстардың
(концентрациялық) лагерьлерін ұйымдастыру мен олардың

жұмыс жасау тәртібі БОАК қаулысымен
анықталды.

- <variant> 1919 жылдың сәуірінде
- <variant> 1918 жылдың қаңтарында
- <variant> 1920 жылдың ақпанында
- <variant> 1921 жылдың наурызында
- <variant> 1922 жылдың мамырында

16. <question> 1928 жылы еліміздің ірірек саналатын қалаларында _____ ашыла бастады

- <variant> айықтырғыштар
- <variant> жетім балалар баспаналары
- <variant> қызыл шайханалар
- <variant> әскери госпитальдар
- <variant> қарттар үйлері

17. <question> 1936 ж. наурызында орталықта және жергілікті жерлерде МАИ ЖШМ Бас басқармасының қарамағына өтті, ал сол жылдың 3 шілдесінде КСРО ХКК _____ туралы ережені бекітті.

- <variant> Мемлекеттік автоинспекция
- <variant> Мемлекеттік ат инспекциясы
- <variant> Мемлекеттік су инспекциясы
- <variant> Мемлекеттік тіркеме инспекциясы
- <variant> Мемлекеттік авиаинспекция

18. <question> Қырғыз (Қазақ) Ішкі істер халық комиссариатының (ІХК) 1-ші құрылымы БОАК мен РКФСР халық комиссарлар кеңесінің 1920 жылғы 26 тамыздағы декретінің негізінде _____ құрылды.

- <variant> 1920 жылы қазанда
- <variant> 1917 жылы қыркүйекте
- <variant> 1918 жылы қараашада
- <variant> 1919 жылы желтоқсанда
- <variant> 1921 жылы тамызда

19. <question> РКФСР ПХК қарамағындағы МСБ негізінде КСРО ОАК Президиумының 1923 жылы 15 қарашада _____ құрылды

<variant> БМСБ (ОГПУ)

<variant> ПХК (НКВД)

<variant> МҚХК (НКГБ)

<variant> ИМ (МВД)

<variant> МҚМ (МГБ)

20. <question> XX ғасырдың 30 жылдары Ішкі істер органдары мен қауіпсіздік органдарының бір ведомствоға _____ біріктірілген жылы.

<variant> 1934ж.

<variant> 1933ж.

<variant> 1935ж.

<variant> 1936ж.

<variant> 1937ж.

21. <question> КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариаты мен КСРО Ішкі Істер Халық комиссариатын КСРО Ішкі істер бірыңғай Халық Комиссариатына біріктіру туралы Жарлығы _____ қабылданды

<variant> 20 шілде 1941ж

<variant> 20 шілде 1937ж.

<variant> 20 шілде 1938ж.

<variant> 20 шілде 1939ж.

<variant> 20 шілде 1940ж.

22. <question> ПХК (НКВД) құрамынан мемлекеттік қауіпсіздік (қайтадан дербес наркоматқа айналған – МҚХК) және әскери қарсы барлау (аңызға айналған Смерш үшін база болған) бөлімшелері _____ шығарылды.

<variant> 1943 жылдың сәуірінде

<variant> 1942 жылдың сәуірінде

- <variant> 1944 жылдың сәуірінде
- <variant> 1945 жылдың сәуірінде
- <variant> 1946 жылдың сәуірінде

23. <question> Ішкі істер наркоматының қызметкерлері бұрынғы Гитлердің жақтастарынан құралған бандаларды талқандауға және коллаборационистерді анықтауға _____ бөлсене

қатысты.

- <variant> КСРО аумағы жаудан босатылғаннан кейін
- <variant> 1942 жылдың көктемінен бастап
- <variant> 1941 жылдың аяғынан бастап
- <variant> 1942 жылдың жазынан бастап
- <variant> 1942 жылдың күзінен бастап

24. <question> 1941 жылы 15 қазанда ҚазССР ІХК құрамында _____ бөлімшесі ұйымдастырылды.

- <variant> бандитизммен күрес
- <variant> ұлттық ұлан
- <variant> қылмыстық-атқару
- <variant> әкімшілік полиция
- <variant> әскери-тергеу

25. <question> Ұлы Отан соғысы жылдары қызметтік борышын үлгілі атқарғаны және ерлік көрсеткені үшін _____ қазақстандық милиционерлер жоғары үкіметтік наградаларға ие болды.

- <variant> 2483 қызметкер
- <variant> 2183 қызметкер
- <variant> 2283 қызметкер
- <variant> 2383 қызметкер
- <variant> 2583 қызметкер

26. <question> 1946 жылы КСРО ІХК (НКВД) таратылды. Оның орнына _____ құрылды.

<variant> Ішкі істер министрлігі

<variant> Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариаты

<variant> Біріккен мемлекеттік саяси басқарма

<variant> Ішкі істер халық комиссариаты

<variant> Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі

27. <question> КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігіне милиция _____ берілді.

<variant> 1949 жылы

<variant> 1943 жылы

<variant> 1944 жылы

<variant> 1947 жылы

<variant> 1951 жылы

28. <question> Милиция органдарының жедел істік жеңіл автокөліктерін арнайы түспен бояу туралы КСРО ІІМ министрінің бұйрығы қашан шықты?

<variant> 1953 жылдың 31 желтоқсанында

<variant> 1954 жылдың 31 желтоқсанында

<variant> 1952 жылдың 31 желтоқсанында

<variant> 1951 жылдың 31 желтоқсанында

<variant> 1950 жылдың 31 желтоқсанында

29. <question> 1949 жылы 1 қаңтарында Ерекше лагерьлер мен түрмелерде _____ болды.

<variant> 101 мың адам

<variant> 104 мың адам

<variant> 103 мың адам

<variant> 102 мың адам

<variant> 100 мың адам

30. <question> 1953 жылдың шілдесінде мемлекеттік қауіпсіздік органдарының жүйесін басқарған _____ тұтқындалды.

<variant> Л.Берия

<variant> Г.Ягода

<variant> Н.Ежов

<variant> С.Круглов

<variant> Я.Дейч

31. <question> 1954 жылы наурызда МҚМ (МГБ) саяси милициясы тәуелсіз ұйымға айналды

<variant> Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне

<variant> Ішкі істер министрлігіне

<variant> Ішкі істер халық комиссариатына

<variant> Біріккен мемлекеттік саяси басқармаға

<variant> Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариатына

32. <question> Кенгір оқиғалары орын алды

<variant> 1954 жылы

<variant> 1953 жылы

<variant> 1955 жылы

<variant> 1956 жылы

<variant> 1957 жылы

33. <question> Қазақстанда ПО-ын 1954 жылдың тамызынан – 1959ж. аяғына дейін _____ басқарды.

<variant> Ш. Қабылбаев

<variant> М. Есболатов

<variant> А. Платаев

<variant> Г. Князев

<variant> М. Берсенев

34. <question> КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесі 1959 жылы 2 наурызда қабылдаған «Елдегі қоғамдық тәртіпті қорғауға еңбекшілердің қатысуы туралы» қаулының негізінде елімізде _____ құрыла бастады.

<variant> ерікті халық жасақтары

<variant> қоғамдық комсомол жедел жасақтары

<variant> қоғамдық тәртіп жасақтары

<variant> тәртіп сақтау сақшылары

<variant> еңбекшілердің ерікті жасақтары

35. <question> 1959ж. елді дүрліктірген қандай оқиғалар болды?

<variant> Теміртау оқиғалары

<variant> Кенгір оқиғалары

<variant> Кентау оқиғалары

<variant> Хромтау оқиғалары

<variant> Шымкент оқиғалары

36. <question> 1960 жылы қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы КСРО Ішкі істер министрлігін таратып, оның функцияларын одақтас республикалардың Ішкі істер министрліктеріне берді, содан кейін олар _____ болып қайта құрылды

<variant> Қазақ КСР ҚТСМ (МООП)

<variant> Қазақ КСР МҚМ (МГБ)

<variant> Қазақ КСР ІХК (НКВД)

<variant> Қазақ КСР БМСБ (ОГПУ)

<variant> Қазақ КСР МҚХК (НКГБ)

37. <question> 13 маусым 1967ж. _____ болды.

<variant> Шымкент оқиғалары

<variant> Теміртау оқиғалары

<variant> Кенгір оқиғалары

<variant> Кентау оқиғалары

<variant> Хромтау оқиғалары

38. <question> Кеңес милициясының беделін көтеру әрекеттері КСРО ішкі істер министрі Николай Щелоковтың басшылығымен басталды, ол осы лауазымды _____ иеленіп рекорд орнатты.

<variant> 1966 жылдан 1982 жылға дейін

<variant> 1963 жылдан 1979 жылға дейін

<variant> 1964 жылдан 1980 жылға дейін

<variant> 1965 жылдан 1981 жылға дейін

<variant> 1967 жылдан 1983 жылға дейін

39. <question> 1977 жылы қылмыстық іздеу жүйесінде балалар бөлмелері негізінде _____ құрылды.

<variant> Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекция

<variant> Өрттен сақтандыру және оның алдын алу жөніндегі инспекция

<variant> Есірткі мен маскүнемдіктен қорғау санитарлық инспекциясы

<variant> Балалар үйлерін қаржыландыру істері бойынша инспекция

<variant> Көші-қон мәселелерін шешуді қадағалау инспекциясы

40. <question> КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігін КСРО Ішкі істер министрлігі деп қайта атау туралы» жарлығын қашан қабылдады?

<variant> 1968 жылы 25 қарашада

<variant> 1967 жылы 24 қарашада

<variant> 1966 жылы 23 қарашада

<variant> 1965 жылы 22 қарашада

<variant> 1964 жылы 21 қарашада

41. <question> _____ әр түрлі іскерсымақтарды, цеховиктерді, фарцовщиктарды және көлеңкелі бизнестің ірі алыптарын тудырды.

<variant> «Брежнев тоқырауы»

<variant> II Николай әкімшілігі

<variant> Лениннің Жаңа экономикалық саясаты

<variant> Сталиндік тәртіп

<variant> Хрущевтық «жылымық»

42. <question> 1983 жылдың желтоқсанында профилактикалық қызмет жойылды, учаскелік инспекторлар _____ шығарылды.

<variant> Қылмыстық іздестіру құрамынан

<variant> Әкімшілік полиция құрамынан

<variant> Көші-қон қызметі құрамынан

<variant> Күзет қызметі құрамынан

<variant> Қылмыстық-атқару жүйесі құрамынан

43. <question> КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1984 жылғы 14 маусымдағы «Атыс қаруы мен оқ-дәрілерді сатып алу, сақтау және пайдалану ережелері» Жарлығына сай милиция қызметкерлеріне _____ құқығы берілді.

<variant> атыс қаруы мен оқ-дәрілерді істі қарағанға дейін құқық бұзушылардан алу

<variant> қысылтаяң шақта аңшы мылтығынан шолақ мылтық жасап алу

<variant> қорғану мақсатында пайдалануға жарамсыз атыс қаруларын алып жүру

<variant> көздеген мақсатқа соғыстық атыс қаруларын сапасына қарай бейімдеп алу

<variant> жарылатын химиялық және жарылғыштық қасиетке ие заттарды алып жүру

44. <question> КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 1985 жылы 16 мамырда «Маскүнемдікке қарсы күресті

күшейту туралы» Жарлығына сай
комиссиялар құрылды.

- <variant> маскүнемдікке қарсы
- <variant> нашақорлыққа қарсы
- <variant> есірткі құмарлыққа қарсы
- <variant> токсикоманияға қарсы
- <variant> самогон қайнатуға қарсы

45. <question> КСРО ИМ арнайы мақсаттағы милиция
отрядтарын (ОМОН) құру туралы
бұйрық шығарды.

- <variant> 1988 жылғы 3 қазанда
- <variant> 1987 жылғы 3 маусымда
- <variant> 1989 жылғы 3 шілдеде
- <variant> 1990 жылғы 3 тамызда
- <variant> 1991 жылғы 3 қарашада

46. <question> Жоғарғы Кеңестің «Қазақстан
Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан
Республикасының Заңын қабылдаған күні

- <variant> 1992 ж. 23 маусым
- <variant> 1992 ж. 13 мамыр
- <variant> 1992 ж. 23 мамыр
- <variant> 1992 ж. 3 маусым
- <variant> 1992ж. 13 маусым

47. <question> Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығымен 1995 жылдың соңында
құрылды.

- <variant> ҚР-ның Мемлекеттік тергеу комитеті (МКТ)
- <variant> ҚР ИМ-нің Төтенше жағдайлар комитеті
(ТЖК)
- <variant> ҚР ИМ-нің Тергеу департаменті (ТД)
- <variant> ҚР ИМ-нің Криминалдық полиция департа-
менті (КПД)
- <variant> ҚР ИМ-нің Бас басқармасы (ББ)

48. <question> 2011 жылғы 12 қарашада полиция капитаны Ғазиз Байтасов ерлік жасап қаза тапқаннан кейін оған _____ берілді.

<variant> «Халық қаһарманы» атағы және «Алтын жұлдыз» белгісі

<variant> «Халық қаһарманы» атағы

<variant> «Алтын жұлдыз» белгісі

<variant> «Отан» ордені

<variant> «Мінсіз қызметі үшін» медалі

49. 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар кезінде қаза тапқан ішкі істер органдарының қызметкерлері _____ марапатталды.

<variant> Ел Президенті Қ-Ж.Тоқаевтың мемлекеттік наградасымен

<variant> ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М. Әшімбаевтың наградасымен

<variant> ҚР Премьер-министрі К.К. Мәсімовтың Үкіметтік наградасымен

<variant> ҚР ІІМ министрі генерал Е.З. Тұрғымбаевтың ведомстволық наградасымен

<variant> Алматы қаласының әкімі Б.Ә. Сағынтаевтың сый-сияпатымен

50. <question> Қазақстан Республикасы ІІМ министрі генерал Е. Саденов 2025 жылды қандай жыл деп жариялады?

<variant> «Профилактика жылы: полиция заң мен тәртіпті күзетуде»

<variant> «Кадрлық әлеуетті арттыру жылы»

<variant> «Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау жылы»

<variant> «Халықаралық ынтымақтастықты күшейту жылы»

<variant> «Заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылды үйлестіру жылы»

БИБЛИОГРАФИЯ

Қолданылған нормативтік актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995ж 30 тамызда қабылданған. – Алматы, 2022.
2. 1990ж. 25 қазанда қабылданған «Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация»».
3. «1991ж. 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы».
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң күші бар Жарлығы.
5. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.

Әдебиеттер тізімі

6. Абишева С. Суд биев – духовное наследие страны. <https://avestnik.kz>
7. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Ун-т «Туран», 1998. – 360 б.
8. Алдабергенов А.Т. История органов внутренних дел Республики Казахстан: Курс лекций. – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД Республики Казахстан, 2010. – 153 б.
9. Алекторов А.Е. Нужен ли для киргиза суд биев. – В газете: Киргизская степная газета. – 1890. – №2; см. также: Алекторов А.Е. Суд биев – суд народный. – В книге: Древний мир права казахов. Том 1. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 113 б.
10. Арипбаева А.К. Ақпан төңкерісіне дейінгі Қазақстан ішкі істер органдары және оның даму тарихы: Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін ізденуге арналған диссертация. – Қарағанды, 2023. – 91 б.
11. Атишев А. Создание и деятельность советской ми-

лиции в Казахстане. – Караганда, 1974. – 79 б.

12. Алматинский уголовный розыск: люди, события, факты / авт.-сост. О. Медведева / под ред. Е.З. Тургумбаева. – Алматы, 2008. – 267 б.

13. Бекмагамбетов Р.К. История органов внутренних дел. Курс лекций. – Алматы : ADAL KITAP, 2024. – 157 б.

14. Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж. История правоохранительных органов. – Костанай, – 2001. – 113 б.

15. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1994. – 416 б.

16. Биекенов Н.А. Правовой статус сотрудников полиции МВД Республики Казахстан и вопросы прохождения ими службы // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер = Актуальные проблемы современности. – 2008. – №4. – 116-119 б.

17. Биекенов Н.А. Развитие правовой регламентации организации и деятельности полиции Республики «История государства и права», – 2007, N 14. – 33-35 б.

18. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Товарищество «Клышников-Комаров и Ко», 1993. – 504 б.

19. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-50-е годы XX века): дисс. ...докт. истор. наук, – Алматы, 2002. – 344 б.

20. Еліне адал азамат: Ғұмырнамалық естелік./ А. Тұмарбеков жайлы/. – Алматы, Альманахъ, 2023. – 344 б.

21. Жалмухамед Т. Шракбек Кабылбаев: министр со светлой душой. <http://mediaovd.kz/>

22. Зиманов С.З. Мир права казахов «Жарғы» – уникальная система права. Журнал Юрист. 2005, №11. – 3-8 б.

23. Ибраева А.С., Алимбекова М. Актуальные проблемы совершенствования судебной власти Республики Казахстан. <http://nbilib.library.kz/elib/library.kz/journal/Ibraeva>

24. Исаев Г.И. Становление и деятельность милиции Казахстана в 1917-1934 гг.: автореф. канд. истор. наук: 07.00.02. – Караганда, 2009. – 27 б.

25. Ишмухамбетов Р.В. Туленгуты в Букеевской орде казахов нач. XIX – нач. XX в. // Вестник Калмыцкого университета. 2017. №34. – 40-48 б.

26. Казахстанская полиция: история и современность. Служение народу – честь и почет / Смаилов О.Х. и др./ Алматы, 2020. – 424 б. илл.

27. Кайназаров Е. Алматинская милиция. (Исторический очерк об Алматинской городской милиции – УВД – ГУВД) (1960-2001). – Алматы, 2002. – 153 б.

28. Кенжеғалиев М., Әліпқали Т. Төлеңгіттер тарихынан «Тәбәрік». – Орал, 2004. – 75 б.

29. Козырев Т.А. Золотая орда, история Казахстана. <https://www.zakon.kz/>

30. Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Логос, 2001. – 152-153 б.

31. Кузембайұлы А., Аби́ль Е. История Казахстана: Учебник для вузов <https://tarikh.kz/vo-vlasti-chingizidov/ulug-ulus/>

32. Култаев Т.С. Общественно-политическая жизнь рабочих Казахстана (1956-1965 гг.): монография. – Алматы: ООНИИРИП Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. Макана Есбулатова, 2019. – 161 б.

33. Култаев Т.С. Основные этапы становления и развития казахстанской полиции./ Актуальные вопросы истории ОВД: проблемы, решения и перспективы: Мат-лы международной научно-практической конференции. — Караганда: Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, 2022. – 57-67 б.

34. Култаев Т.С. Органы внутренних дел Казахстана в годы Великой Отечественной войны. / Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Военная история Западного региона Казахстана: особенности, некоторые аспекты, проблемы» (Алматы, 10 апреля 2025г.). – Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2025. – 181-185 б.

35. Култаев Т.С. Темиртауские события 1959 года./Материалы «Круглых столов» и семинаров Казахстанского историко-просветительского общества «Адилет». – Алматы, 1995. – 120-127 б.

36. Курылев В.П. К вопросу об институте тюленгутов у казахов// Этнографические аспекты традиционной военной организации народов Кавказа и Средней Азии. Вып. 2. – Москва: Академия наук СССР, 1990. – 3-31 б.

37. Құлтаев, Т.С. Соғыс жылдарындағы Ішкі істер органдарының қызметі. // Saqshy, 2025, 14 мамыр, 3 б.

38. Құлтаев Т.С. 1967 жылғы Шымкент оқиғасы жөнінде./Құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттырудағы ғылымның ролі: Халықар. Ғыл.-тәж. Конф. Мат-ры – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2011. –316-323 б.

39. Ленин В.И. Полн. собр. соч. – Т. 31. – 42-44 б.

40. Очерки истории милиции Казахстана: учебное пособие / под ред. Кулыбекова М.К. – Караганда, 1994. – 117 б.

41. Өтепов А.Ө., Ауланберген Р.Ә., Д.Т. Тилеуканова. Ішкі істер органдарының қызметі: оқу құралы – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2011. – 170 б.

42. Перегудова З.И. Политический сыск России (1888-1917 гг.). – М., 2000. –432 б.

43. Полиция Казахстана: Основные этапы становления и развития / под общей редакцией Б.А. Мухамеджанова. Ответ. ред. И.А. Омаров. – Караганда; Арко, 2005. – 300 б.

44. Сапарғалиев, Ғ. Қазақстан мемлекеті мен хұқығының негіздері [Мәтін]: оқулық / Ғ. Сапарғалиев. – Алматы: Атамұра, 1998. – 168 б.

45. Сапарғалиев, Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917 гг.) [Текст] / Г. Сапарғалиев. – Алма-Ата : Наука, 1966. – 376 б.

46. Сборник указов и постановлений Временного правительства. Вып. 1: 27 февраля – 5 мая 1917 г. – Пг., 1917. – 93 б.

47. Семенов А.И. Создание советской милиции. История правопорядка. Юридическое наследие России №3 (14) /2017. – 91-96 б.

48. Советская милиция: история и современность (1917-1987) / под редакцией А.В. Власова. – М., 1987. – 336 б. илл.

49. Судоплатов П.А. Спецоперации. Лубянка и Кремль 1930-1950 годы. – М., 1998. – 722 б.

50. Табулденов А.Н. История уголовно-исполнительной системы Казахстана (вторая половина XX века) // Заңгер. – 2011. – №5. – 87-88 б.

51. Торвальд Ю. Век криминалистики. – А., 1991. – 324 б.

52. Тюрьмы и наказания: инквизиция, тюрьмы, телесные наказания, казни. / Энциклопедия преступлений и катастроф. – Минск, 1996. – 576 б.

53. Фортунатов В.В. История: Учебное пособие. Стандарт третьего поколения. Для бакалавров. – СПб: – Питер; 2015. – 96 б.

54. Халменов К.Д. Воспоминания генерала милиции / Халменов, Кулахмет Дуйсембаевич. – 4-е изд., доп. – Алматы: – Алматы-Болашак, 2012. – 331 б.

55. Шамгонов А. Төлеңгіттер... олар туралы не білеміз?// Қазақстан тарихы. 2014, 23 маусым. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8602>

56. Шашаев Ә.К. Түркістан өлкесіндегі империялық-полицейлік қадағалаудың тарихы (1867-1917жж). – Тараз: Жүсіп Баласағұн атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығы, «BIG NEO SERVICE» баспасы, 2015. – 204 б.

57. Царская колонизация в Казахстане. (По материалам русской периодической печати XIX века): Рауан, 1995. – 368 б.

58. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Том I. Письма казахских правителей 1675-1780 гг. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 б.

Дереккөздер

59. ҚР ІІМ Арнайы архиві. 16 қ., 1 тізбе, 157 іс, 18-20, 21-24, 34-35 пп.

33. Ресей мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві (РМҚСТА). 17 қ., 89 тізбе, 229 іс, 54, 58 п.; 228 іс, 6, 17, 20, 28 п.; 337 іс, 11, 17, 26, 35, 40, 48, 49, 51, 52, 57, 69 п.

60. ҚР Орталық мемлекеттік архиві. 41 қ., 1 тізбе, 13, 42, 226, 256, 87 істер; 2 тізбе 1 іс; 473 қ., 1 тізбе, 1-17 істер; 357 қ., 1 тізбе, 1-8/ істер; 726 қ., 1-12 істер; 704 қ., 1 тізбе, 1-6 істер; 703 қ., 1 тізбе, 1-11 істер; И-639 қ., 1-20 істер; И 44 қ., 1 тізбе, 1089 іс, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 18 пп.;

61. ҚР Президентінің архиві. 141 қ., 1929 іс; 2433 іс; 4713 іс; 1043 іс;

Электрондық тасығыштар мен ресурстар

62. <http://www.mvd.gov.kz> – ҚР ІІМ-нің сайты.

63. <http://history.voxpopuli.kz/post/2039-politsiya-vernogo-do-i-posle-revoljutsii> – полиция тарихы – Алматы.

64. http://military-kz.ucoz.org/publ/sovremennyj_kazakhstan/specpodrazdelenija_kazakhstana/specpodrazdelenija_rk_2007_god/14-1-0-80 – спецназ Қазақстанның арнайы бөлімшелері.

65. <http://articlekz.com/article/5256> – Биекенов Н.А. Происхождение и эволюция института полиции в современном мире.

66. <http://www.nomad.su/?a=13-200206240048> – Қазақстанның ұйымдасқан қылмысы.

МАЗМҰНЫ

6 ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРДА

- 6.1 Милиция органдары құрамындағы сапалы өзгерістер
және олардың негізгі өз міндеттерін орындауы 3
- 6.2 ПО қызметкерлерінің саяси кампанияларға,
балалардың қаңғыбастығымен күресуге
және қоғамдық бірлестіктер жұмысына қатысуы..... 10
- 6.3 Интеллигенцияға қарсы репрессиялар.
КСРО МҚМ қарауындағы милиция жұмысы 18

7 ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ «ХРУЩЕВ ЖЫЛЫМЫҒЫ» ЖЫЛДАРЫНДА

- 7.1 1953-1959 жж. ПО жүйесінің оңтайландырылуы.
«Тың эпопеясы» 26
- 7.2 1959 ж. Теміртау оқиғалары 35
- 7.3 Одақтық ІІМ-нің таратылуы.
ҚТСМ құрамына ауысу 45

8 ТАҚЫРЫП «БРЕЖНЕВ ТОҚЫРАУЫ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ

- 8.1 XX ғ. 60-шы жж. ІІ-ші жартысындағы
ПО жүйесінің нығаюы 52
- 8.2 1967 ж. Шымкент оқиғалары 59
- 8.3 Қоғамдық тәртіптің ұйымдастырылуы
мен тәсілін жетілдіру 66

9 ТАҚЫРЫП XX-ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНЫҢ БАСЫ МЕН ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МИЛИЦИЯСЫ

9.1 XX-ғасырдың 80-жылдарының бас кезіндегі Қазақстан ПО-ның тарихы	77
9.2 Қайта құру кезеңіндегі Республика і шкі істер органдары	89
10 ТАҚЫРЫП ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПО-НЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	
10.1 XX ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанның ішкі істер органдары.....	101
10.2 Республика полициясының ХХІ ғасырдың басында дамуы	113
Қорытынды.....	130
Жаттығу тесттері.....	132
Библиография	146

Беттеу:
Қалпақ Ж.М.

Қазақстан Республикасы ПМ М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы ғылыми зерттеу
және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі
050060, Алматы қ, Өтепов көшесі., 29

Басуға 30 маусым 2025ж. жіберілді.
Пішімі 60x84 1/16 №1 баспаханалық қағаз.
Ризографтық басылыс. Есептік баспа табағы 6,3.
Таралымы 100.